

#КүшімізБірлікте

Бірлескен күш-жігермен қысқа мерзімде біз қаланы қалпына келтіреміз, оны одан да жақсы, көркем, ажарлы және әдемі етеміз. Біздің күшіміз – бірлікте!

Бақытжан САҒЫНТАЕВ.

ӘКІМ



СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚҰЖАТ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Тұжырымдамасының жобасы талқыланды

2

ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ



«ҚАҢТАР ҚАСІРЕТІ»

14

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 26 қаңтардағы мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен
1 067 233

II компонентпен
1 030 813

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 26 қаңтардағы мәлімет бойынша Қазақстанда

I компонентпен – **9 146 412** адам,
II компонентпен **8 714 897** адам
вакцина салдырды.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

27.01.2022

Түнде:



-3-5 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



0,+2 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің
жылдамдығы:
0-5 м/с

28.01.2022

Түнде:



-3-5 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+1+3 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №7-8 (6143) 27 қаңтар, бейсенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

НАҒЫЗ ЕРЛІК ПЕН ШЫНАЙЫ ПАТРИОТИЗМ

үлгісін көрсеткен дәрігерлер кәсіби борыштарын адал атқарды



Шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев жұмыс сапары кезінде жедел жәрдем қызметінің жұмысымен танысты.

Жедел жәрдем бригадаларына шақыруларды қабылдау және беру жүзеге асырылатын ақпараттық-диспетчерлік бөлімге барды. Қызмет ұжымымен кездесуде Б.Сағынтаев даму перспективаларын, қызметкерлер мен жалпы ұйымның өзекті мәселелерін шешуді талқылады, сондай-ақ қаңтар айындағы оқиғалар кезінде зардап шеккендерге көмек көрсеткендері үшін алғысын білдірді.

4

БИЛІК ЖӘНЕ БИЗНЕС

ӘР ЖАҒДАЙ ЖЕКЕ ҚАРАСТЫРЫЛАДЫ

Қаңтар оқиғаларынан зардап шеккен кәсіпкерлерге залалды өтеу қалай жүргізілмек?



Бұл туралы Алматы қаласы әкімінің орынбасары Мақсат Қиқымовтың төрағалығымен Республика сарайында өткен кеңесте айтылды.

4

ҚЫСҚА...

- Биыл Ақтөбе, Арыс, Қарағанды, Лисаков және Өскемен қалалары цифрландырылады. Қазақстан қалаларын толық цифрландыру 2024 жылға қарай аяқталмақ.
- Денсаулық сақтау министрлігі медициналық көмектің сапасын жақсарту мақсатында қазақстандықтардан 100 күн бойы ұсыныстар қабылдайды.
- Елімізде кәсіпкерлерге арналған жаңа цифрлық жүйе іске қосылмақ. Жүйеге бір мезетте 1,5 млн. кәсіпкер қосыла алады.
- Футзалдан ЕВРО-2022 топтық кезеңінің екінші туры ойындарында Қазақстан құрамасы Финляндия құрамасын 6:2 есебімен ұтып, В тобында көш бастады.
- Алатау және Наурызбай аудандарында жаңа екі Оқушылар сарайы салынуда.
- Қаладағы «Орбита», «Таусамалы», «Тастақ», «Арыстан» базарларында әлеуметтік ет дүкендері жұмыс істеп тұр.

www.almaty-akshamy.kz



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
261-59-11, 259-88-99 (ішкі 0318) телефондары бойынша хабарласыңыз!



ЖОБА

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚҰЖАТ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Тұжырымдамасының жобасы талқыланды



Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев бизнес өкілдерімен 2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Тұжырымдамасының жобасын талқылауға арналған кездесу өткізді.

ПІКІРТАЛАС АЛАҢДАРЫНДА –
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Іс-шараға қала кәсіпкерлері, оның ішінде түрлі қызмет салалары бойынша ірі, орта және шағын бизнес өкілдері, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен Алматы кәсіпкерлер палатасының басшылары қатысты.

Кездесуді ашқан шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев бизнес-сала өкілдерінің стратегиялық құжатты талқылауға қатысуының маңыздылығын атап өтіп, қаланың бизнес ахуалын жақсарту мақса-

тында одан әрі табысты ынтымақтастыққа үміт білдірді.

– Биылғы жылдың 21 қаңтарында Мемлекет басшысы бизнес-қауымдастықпен кездесіп, кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын айқындады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ШОБ-ты қолдау және дамыту жөніндегі тапсырмаларына сәйкес біз кәсіпкерлік қоғамдастықтың өзекті мәселелерін талқылау үшін пікірталас алаңдарын құрып жатырмыз, – деді Б.Сағынтаев.

АДАЛ БИЗНЕСТІ ДАМУ –
МАҢЫЗДЫ БАСЫМДЫҚ

Іс-шара барысында Алматы қаласының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің басшысы Мұрат Ахметов 2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Тұжырымдамасының жобасын таныстырды. «Тұжырымдаманың маңызды басымдықтарының бірі – адал бизнесті дамыту болып табылады. Тұжырымдама жобасында бизнесті сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды енгізуге ынталандыру көзделді. Корпоративтік сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға ерекше назар аудару қажет», – деп атап өтті Мұрат Ахметов.

БИЗНЕС-ҚОҒАМДАСТЫҚ:
БАРЛЫҚ ИДЕЯ МЕН
ҰСЫНЫСТАР ЕСКЕРІЛЕДІ

Кездесу соңында жиынға қатысушылар пікірлерімен бөлісіп, парасатты бизнесті ынталандыру бойынша ұсынылған нұсқаларды талқылады, Тұжырымдама жобасына ұсыныстар енгізді. Бизнес-қоғамдастықтың барлық идеялары мен ұсыныстары ескерілетін болады.

Кездесуді қорытындылай келе, Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев Тұжырымдама жобасын қалалық газеттерде жариялауды және «Almaty» телеарнасының алаңында пікірталас алаңын құруды тапсырды. Мемлекеттік органдардың, азаматтық сектордың және бизнес-қоғамдастықтың өкілдері әзірленіп жатқан құжатты кеңінен талқылауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу мақсатында оның қағидаларын кейін іске асыруға тартылатын болады.

P.S.: Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған Тұжырымдамасы газетіміздің бүгінгі санында (20-25-беттер) жарияланып отыр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

САЯСИ КЕҢЕС

БАСТЫ БАҒДАР

қала тұрғындарын толғандыратын өзекті мәселелерді тиімді шешуге бағытталуы керек



Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен Nur Otan партиясының Алматы қалалық филиалы саяси кеңесінің отырысы өтті. Алқалы жиында нұротандықтардың жұмысын қала тұрғындарын толғандыратын өзекті мәселелерді тиімді шешуге қайта бағдарлау міндеті қойылды. Сондай-ақ, партияның кезектен тыс съезінің делегаттары сайланды.

Nur Otan партиясының Алматы қалалық филиалы саяси кеңесінің жұмысына филиалдың активі, депутаттар мен аудандық филиалдардың өкілдері қатысты.

Партияның Алматы қалалық филиалының саяси кеңесі Мемлекет басшысы

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алматыда конституциялық тәртіпті орнату және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қабылдаған шараларын бірауыздан қолдады. Ел Президентінің батыл әрекеттерінің арқасында қаланың

тыныс-тіршілігі қысқа мерзімде тұрақталды.

Б.Сағынтаев Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында Алматыда ШОБ шығындарын өтеу, сондай-ақ қаланың зардап шеккен ғимараттары мен құрылыстарын қалпына келтіру бойынша жұмыстар белсенді жүргізіліп жатқанын еске салды.

Бағаның өсуін тежеу жөніндегі шараларды іске асыру аясында үй жанындағы дүкендерде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің құны төмендеді, ет өнімдерін өткізу бойынша қосымша әлеуметтік дүкендер ашылуда.

Nur Otan партиясы Алматы қалалық филиалының төрағасы, шаһар басшысы Б.Сағынтаев нұротандықтардың жұмысты қала тұрғындарын толғандыратын өзекті мәселелерді тиімді шешуге бағыттауы керектігін атап өтті. Халықтың жұмысқа орналасуға, білімге қол жеткізуге, әлеуметтік қолдауға, инфрақұрылымды дамытуға қатысты сауалдарын шешуге ерекше назар аудару қажет.

Партияның кезектен тыс съезіне 28 делегат қатысады. Олардың қатарында Nur Otan партиясының саяси кеңесі мен бақылау-тексеру комиссиясының мүшелері, сондай-ақ партияның аудандық филиалдары мен Jas Otan жастар қанатының өкілдері бар. Жарғы құжаттарына сүйене отырып, партияның Алматы қалалық филиалының төрағасы Бақытжан Сағынтаев Nur Otan партиясы Саяси кеңесінің мүшесі ретінде съезд делегаттарының қатарына кірді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Биыл Алматының
индустриялық аймағында

9 жоба

іске қосылады деп
жоспарлануда.



Әлеуметтік дүкендерде
күніне шамамен

3 тонна

ет сатылады.



Ағымдағы жылы

1066 көше мен

486 аулада

сыртқы жарықтандыру
жұмыстары аяқталады.



Биыл Алматының шеткі
аудандарында

100 шақырым
жаңа жол салынады.



Алматы тұрғындарының

99,2%-ы

орталықтандырылған газ
жүйесімен қамтылған.



РЕСМИ ДЕРЕК



ЖАҢА МӘЛІМЕТТЕР ЖАРИЯЛАНДЫ



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Орталық коммуникациялар қызметінде ҚР ІІМ Тергеу департаментінің басшысы Санжар Әділов қаңтар оқиғасына қатысты тың деректерді мәлімдеді.

Алматы, Талдықорған, Тараз, Шымкент, Қызылорда, Өскемен, Ақтөбе, Атырау және Семей сияқты қалаларда 1466 түрлі ғимараттар мен құрылыстарға, оның ішінде 71 мемлекеттік мекемеге, оның ішінде 12 әкімдік ғимаратына және 27 полиция нысанына шабуыл жасалғаны атап өтілді.

«Кәсіпкерлік нысандар ең көп зардап шекті, олар залалмен қатар толық талан-таражға түсті, олардың саны 1395-ке жетті», – деді Санжар Әділов Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

Оның айтуынша, жеті аңшылық дүкені тоналған, оның ішінде 1564 азаматтық қару ұрланған. 700-ден астам көлік қирады, оның 500-ден астамы полицияның, қорғаныс министрлігінің, төтенше жағдайлар министрлігінің, жедел жәрдем көліктерінің және басқа да мемлекеттік органдардың қызметтік көліктері, сондай-ақ 116 азаматтық көлік зақымданды.

Қазіргі уақытта өндірістегі қылмыстық істер бойынша арызданған залалдың алдын ала жалпы сомасы 87 млрд. теңгеден асты.

МӘСЛИХАТ

ДЕПУТАТТАР СЫРТ ҚАЛҒАН ЖОҚ



Әсел
ДАҒЖАН

Алматы қалалық мәслихат депутаттары қалаға жасалған террорлық шабуыл салдарымен күресіп жатқан азаматтарға барынша қолдау көрсетті. 10 емдеу мекемесіне (№4 қалалық клиникалық аурухана, жедел санитарлық-медициналық көмек, кардиологиялық орталық, Алматы көпсалалы ауруханасы, фтизиопульмонология орталығы, №1 және №2 қалалық балалар ауруханасы, балалар жұқпалы аурулар ауруханасы) және халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарына жалпы сомасы 78 млн. теңгеге 50 тоннадан астам азық-түлік жеткізуді ұйымдастырды. Оның ішінде, 7–10 қаңтар күндері қаланың медициналық мекемелеріне жалпы көлемі 21 тоннадан асатын азық-түлік өнімдері көмек ретінде жеткізілді.

200-ге жуық әскери әрекет ету тәжірибесі бар азаматтармен бірлесіп №1 және №2 балалар ауруханасы, №4 қалалық клиникалық ауруханасы және жедел медициналық жәрдем станциясы қорғауға алынды.

«Қауіпті сәтте қорғау жұмыстарын ұйымдастырған Мұрат Әбдішүкіровке, Марк Бейдали мен барлық әскери саланың ардагерлеріне Мәслихат үлкен алғыс білдіреді. Біздің серіктесіміз Гаджи Гаджиев, құқық қорғау органдары, төтенше жағдайлар қызметі және ауруханалар үшін 10 мың адамға ыстық түскі ас дайындап, жеткізіп берді. Сондай-ақ, демеушілер мен еріктілер де ауруханаларға және мұқтаж азаматтарға азық-түлік жеткізгені үшін ерекше

ҚР ІІМ Тергеу департаменті басшысының айтуынша, зардап шеккендердің арыздануы барысында бұл сома өсіп отырады.

ҚАРУ ҰРЛАҒАН 98 АДАМ ҰСТАЛДЫ
Терроризмге қарсы операцияны жүргізу барысында ұрланған қарудың 515-і табылды. «Ұрланған қарудың 515-і табылып, тәркіленді. Оның ішінде 75 автомат, 133 пистолет, 2 пулемет, 47 ойық әрі 103 тегіс ұнғылы қару, 100-ден астам граната, 9 мыңнан астам оқ-дәрі. Қаруды ұрлағаны үшін 98 адам ұсталып, уақытша ұстау абақтысына қамалды және оларды заңсыз сақтағаны үшін 61 адам ұсталды», – деді С.Әділов.

Осы орайда, ол ұрланған қару халықтың өмірі мен қауіпсіздігіне қауіп төндіретінін, өйткені ол енді кез келген заңсыз әрекеттерге қолданылуы мүмкін екенін атап өтті.

«Барлық адамдардың қаруды ұрлауға қатысы болмауы мүмкін екенін ескере отырып, тауып алған азаматтарды ерікті түрде тапсыруға тағы да шақырамыз. Бүгінгі таңда 31 қару ерікті түрде тапсырылғанын атап өткім келеді. Арнайы жедел-тергеу топтары құрылды және жұмыстарын атқарып жатыр, кәсіби көмек көрсету үшін ІІМ Орталық аппаратынан тәжірибелі қызметкерлер жіберілді. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, азаматтарды тағы да тыныштыққа және толық, жан-жақты әрі объективті тергеп-тексеруге бағытталған тергеу рәсімдеріне түсіністікпен қарауға шақырамын», – деді Санжар Әділов.

алғыс айтқымыз келеді», – деді қалалық мәслихатының хатшысы Станислав Канкуров.

Сонымен қатар, депутаттар мен ҰЕҰ-ның қаржылық қолдауымен 572 отбасына, оның ішінде «Қазақ зағиптар қоғамының» өтініші бойынша 300 отбасына, сондай-ақ зейнеткерлік жастағылар мен жалғызбасты азаматтар, мүмкіндіктері шектеулі жандар және өмірлік қиын жағдайға тап болғандар, дағдарыс орталықтары мен «Аналар үйінде» тұрып жатқан адамдар үшін азық-түлік сатып алынды.

«Депутаттар қала тұрғындарын материалдық тұрғыда ғана қолдап қоймай, зардап шеккендерді қолдауға қан тапсырып, донор болды. Донорлық қанға деген қажеттілік әрдайым туындайтыны белгілі. Ал еліміздегі террористік шабуыл күндері донорлық қанға деген сұраныс бірнеше есе артқаны түсінікті. Өйткені, шұғыл қан құюды қажет ететін жараланғандарға қолдау қажет еді. Осыны басымылыққа алған депутаттар зардап шеккендерге жанашыр бола отырып, дәрігерлердің рұқсатымен қан қорын толықтыруға көмектесті», – деп түсіндірді мәслихат хатшысы.

Жақын арада депутаттар қала бюджетін қайта қарап, қаражаттың бір бөлігін залалды қалпына келтіруге және т.б. бағыттауға тиіс. Бизнеске келтірілген залалды өтеу тәртібі әзірленді. Мәслихат депутаттары шығын мен залалды өтеу жөніндегі өңірлік комиссия құрамына еніп, мән-жайды тікелей бақылайды. Сондай-ақ, 25 депутат террористік іс-қимыл нәтижесінде орын алған шығын көлемін анықтауға бағытталған аудандық жұмыс топтарына енгізілді.

ӘЛЕУМЕТТІК ДҮКЕН

СҰРАНЫС БАР

Алматыда әлеуметтік ет дүкендерінің саны артады

Қалалық кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы Алматыда әлеуметтік ет дүкендерінің саны артатынын хабарлады. Бұған дейін қоғамда маңызы бар азық-түлікке, оның ішінде сиыр етіне бағаны тұрақтандыру бойынша жедел шара қабылдау тапсырылған болатын. Осыған орай, аталған әлеуметтік орындар ет келісін орташа нарықтық көрсеткіштен 15%-ға төмен, яғни 2050 теңгеден сатып отыр.

Мұндай дүкендер қазір қала бойынша «Орбита», «Таусамалы» мен «Тастак», «Арыстан» және көтерме сауда базарларында бар. Кәсіпкерлердің айтуынша, бір күнде шамамен бір тоннадай сатылады. Тұтынушылардың басым бөлігі – зейнеткерлер екен.

Кәсіпкерлік және инвестиция басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Омаровтың айтуынша, әлеуметтік ет сатушыларға бірқатар жеңілдіктер бар. Мәселен, олар үшін сауда орындары тегін, яғни ешқандай төлем төлемейді. Сондай-ақ, кредит, займдар пайызсыз ұсынылады.

Қала тұрғындары мұндай жеңілдіктерге өз ризашылықтарын білдіре отырып, алдағы уақытта жобаны дамытса деп отыр. Ал басқарма мамандары әлеуметтік нысандардың қатары әлі де көбейеді дейді. Мысалы, соңғы 2 айда, 5 дүкен ашылып үлгерген.



Әлеуметтік орындарда баға арзан болған соң ет өнімдері түске дейін-ақ өтіп кететін көрінеді. Мамандардың айтуынша, күніне шамамен 3 тонна ет сатылады. Яғни сұраныс бар.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЭНЕРГИЯ

ЖАРЫҚПЕН ҚАМТУ

қалпына келтірілді



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Электр қуаты дамудың қозғаушы күші екені сөзсіз. Себебі, онсыз ешбір мекеме жұмыс істей алмайды. Мәселен, кеше Алматының бірнеше ауданында түскі сағат 12-лер шамасында жарық сөніп қалды. Көптеген тұрғындар энергия қуатының жоқтығынан шағын дүкендерден төлем карталарымен сауда жасай алмай, біраз әбгерге түскен. Осылайша біршама шағын және орта бизнес нысаны уақытша жұмысын тоқтатуға мәжбүр болған. Ал көшелерде бағдаршамдар істен шығып, кептеліс те орын алған-ды.

«KEGOC» АҚ Жүйелік қызметтері мен ұлттық электр желілерін дамыту жөніндегі басқарушы директоры Бекжан Мұқатовтың айтуынша, жарықтың сөнуіне Орталық Азиядағы электр жүйелерінен «Солтүстік-Оңтүстік» жүйесіне шектен тыс күш түсуі себеп болған.

«Алатау Жарық компаниясының» мәлімдеуінше, бүгінгі таңда Алматыны жарықпен

қамту толық қалпына келтірілді. Энергия көзінсіз қалған барлық 28 қосалқы бекет қалыпты жұмыс кестесіне көшті. Әйтсе де, компания кейбір аулалар мен тұрғын үйлерде кенет жарық сөнуі мүмкін екенін ескерттеді. Жалпы, қалада 92 мыңнан астам тұтынушы электр жарығынсыз қалған. Тұрғындар жарықтан қиындық туындағанын түс кезінде хабарлай бастаған болатын. Жоғары вольттық желілер қалпына келтірілгеннен кейін халықаралық әуежай, теміржол вокзалдары мен ауруханалар штаттық режимде жұмыс істеп жатыр.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Егер электр энергиясына қатысты сұрақтарыңыз болса, «Алматыэнергосбыт» мекемесінің Колл-орталығына, яғни 356-99-99 нөміріне хабарласыңыз. «Алатау Жарық компаниясының» апаттық бригадалары жарықты екі сағат ішінде қосып береді.

ЖОЛ

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ДАМИДЫ

халықтың өмір сүру сапасы жақсарады



Құралай
ЖҰМАДІЛОВА

Биыл Алматының шеткі аудандарында жол мен ауызсу мәселесі шешімін таппақ. Қосалқы станциялар құрылысы аяқталса, 400 мың тұрғын сапалы электр желісімен қамтылады. Сонымен қатар, Бұқтырма тас жолы бойындағы Құлжа жолайрығының құрылысы аяқталады. Сейфуллин – Жансүгіров көшелері қиылысындағы қозғалыс та қолданысқа берілетін.



Бұл туралы қала әкімі Бақытжан Сағынтаев онлайн-режимде өткен қала активінің отырысында айтты. Шаһар басшысының сөзінше, биыл коммуналдық қызметтерді жандандыру мен елдің әлеуметтік мәселесін шешу де басты назарда тұр.

Халықтың өмір сүру сапасын жақсартудағы ең басты қажеттілік – көгілдір отын мен электр желілері, ауызсу мен кәріз жүйесі. Әлеуметтік маңызы бар бұл мәселелер қаланың шеткі аудандары саналатын аймақтарда шешімін табуы тиіс. Шаһар басшысы актив отырысында бұл салаларға ерекше тоқталды. Мәселен, биыл шағынаудандарда жаңа жол салу жұмысы жалғасады. «Алғабас», «Әлмерек», «Қайрат» секілді аймақтарда ұзындығы 100 шақырым болатын жаңа тасжол төселмек. Сонымен қатар, қаладағы тозығы жеткен көшелерге күрделі жөндеу жүргізіледі. Жалпы, жол жөндеу, жарықтандыру, электр желілерін тарту, газға қосылу секілді жұмыстар қалада биыл да белсенді жүргізіледі. Атап айтқанда, Бостандық ауданы мен Түркісіб аудандарындағы екі қосалқы станцияның құрылысы аяқталады. Бұл станциялар 400 мың тұрғынды сапалы әрі үздіксіз электр желісімен қамтиды. Одан бөлек, 1066 көше мен 486 аулаға жаңадан жарық шам орнатылады.

Бүгінде қала халқының 99 пайызы газбен қамтылған. Көгілдір отын игілігін көре алмай отырған 1497 үйдің мәселесі биылдан қалмай шешіледі. Шеткі аймақтағы тұрғындарды ауызсумен қамту да басты мәселе. Қазіргі таңда «Қарғалы» су қоймасында құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Бүгінде нысан 70% дайын. Егер аталмыш су қоймасы пайдалануға берілсе, Наурызбай ауданының 50 мың тұрғыны тұрақты ауызсумен қамтылатын болады.



ӘКІМ

НАҒЫЗ ЕРЛІК ПЕН ШЫНАЙЫ ПАТРИОТИЗМ

үлгісін көрсеткен дәрігерлер кәсіби борыштарын адал атқарды

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

(Басы 1-бетте)

Жедел жәрдем қызметкерлері өздерінің кәсіби міндеттерін орындауда батылдық танытты. Террористік актілер барысында 5 қызметкер зардап шекті, олардың төртеуінің денсаулығына жеңіл дәрежеде зиян келсе, біреуінің денсаулығы орташа ауырлықта жапа шекті. Сол күндері барлығы 2160 жедел жәрдем қызметкерлері жұмыс істеді.

Тәртіпсіздік барысында зардап шеккендерге барған кезде 32 арнайы автокөлік зақымданды. Бүгінде меценаттар жедел жәрдем қызметіне 16 жедел жәрдем көлігін тапсырды.

Б.Сағынтаев қайғылы оқиға күндері жұмыс істеген барлық қызметкер материалдық көмек алатынына сендірді. Сондай-ақ, қала жедел жәрдем қызметін қажетті техникамен және жабдықтармен қамтамасыз етеді.

Қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасына жағдайды зерделеп, жаңа қосалқы станцияларды ашу бойынша ұсыныстар енгізу, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, жедел жәрдем қызметкерлерін қолдау мәселелерін шешуді тұрақты бақылауда ұстау тапсырылды.

Қазіргі уақытта жедел жәрдем қызметінде қаланың барлық ауданында 11 қосалқы станция бар. Бұл шақыру орнына бригадалардың тез келуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ұйымға автожөндеу шеберхана-

налары, акпараттық-жедел диспетчерлік қызмет кіреді.

Шұғыл медициналық көмекті тұрақты негізде 200 бригада көрсетеді: реанимациялық, қарқынды терапия бригадалары, педиатриялық, дәрігерлік, фельдшерлік және практикалық жұмыс тәжірибесі бар, заманауи медициналық технологиялар мен сынақтан өткен әдістерді пайдаланатын жоғары білікті мамандардың үлкен штаты. Олар ауруханаға дейінгі кезеңде науқастар мен зардап шеккендерге уақытылы диагноз қою және көмек көрсету үшін барлық қажеттіліктермен жабдықталған. Сонымен қатар, 25 бригада резервте тұр.

Қала әкімдігінің қолдауымен соңғы екі жылда қызметтің негізгі мәселелері шешілді. Ынталандыру компоненттерін тө-

леуге жергілікті бюджеттен 256 миллион теңге бөлінді. Автопарк 70% жаңартылды, 140 жедел жәрдем автокөлігі сатып алынды.

Жұмыс сапары кезінде Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасының ұжымымен де кездесіп, ЖШҚК ауруханасын дамытудың перспективалық мәселелерін талқылады.

4–10 қаңтар аралығында аурухананың қабылдау бөліміне түрлі жарақаттармен барлығы 305 адам жүгінген. Аурухананың

барлық 9 операциялық бөлімі тәулік бойы және үздіксіз жұмыс істеді, 259 операция жасалды.

– Өте қауіпті жағдайға қарамастан, аурухана қызметкерлері нағыз ерлік пен шынайы патриотизмнің үлгісін көрсетті, дәрігерлер өздерінің кәсіби борыштарын батылдықпен орындады, – деп атап өткен шаһар басшысы ТЖ кезінде жұмыс істеген 430 қызметкердің барлығы материалдық тұрғыда ынталандырылғанын хабарлады.

Аурухананың материалдық-техникалық базасын одан әрі дамыту мақсатында қала әкімі Б.Сағынтаев Қоғамдық денсаулық басқармасына қажетті медициналық жабдықтар мен жедел жәрдем көліктерін сатып алуға өтінім дайындауды тапсырды. Денсаулық сақтау мекемелерін модернизациялаудың үш жылдық бағдарламасы аясында лифтілерді арнайы медициналық лифтілерге ауыстыруды қарастыру қажет.

Бүгінде аурухананың қызметі Алматы қаласының және бүкіл Қазақстанның тұрғындарына жоғары білікті шұғыл және жоспарлы медициналық көмек көрсетуге бағытталған. Стационар 320 орынға есептелген. Ауруханада жетекші медициналық жоғары оқу орындарының кафедралары орналасқан. 2021 жылы клиника ауыр және өте ауыр дәрежелі COVID-19 пациенттерін қабылдай отырып, I эшелондағы жұқпалы аурулар ауруханасы ретінде 5 ай жұмыс істеді. Барлығы КВИ жұқтырған 3789 пациент емделді.

Алматы әкімдігінің қолдауымен аурухана орталықтандырылған оттегі станциясымен қамтамасыз етілген. Мұнда «Б» және «В» класындағы медициналық қалдықтарды залалсыздандыру бойынша тез құрылатын модульдік кешендер салынды. Бүгінде аурухана 100% медициналық газдармен қамтамасыз етілген және әр палатада оттегі консольдері орнатылған. Аурухана ішкілік инфекциялардың таралуының алдын алу үшін ҚЖШҚ-КА-ның әр қабатында жеке сору-сыртқа тарату желдеткіші жұмыс істейді.

БИЛІК ЖӘНЕ БИЗНЕС

ӘР ЖАҒДАЙ ЖЕКЕ ҚАРАСТЫРЫЛАДЫ

Қаңтар оқиғаларынан зардап шеккен кәсіпкерлерге залалды өтеу қалай жүргізілмек?

Динара
МҰРАТ

(Басы 1-бетте)

Кездесуге қалалық кәсіпкерлік пен инвестициялар басқармасының басшысы Еркебұлан Оразалин бастаған арнайы құрылған комиссия өкілдері қатысты. Оған полиция және Мемлекеттік кірістер департаменттерінің қызметкерлері, кәсіпкерлер палатасының, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, аудиторлар, кәсіби тәуелсіз бағалаушылар кірді.

– Алматыдағы тәртіпсіздіктер салдарынан шағын және орта бизнестің 1600 нысаны зардап шекті. Біз қысқа мерзімде залалды өтеу тәртібін бекіттік. Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша барлық кәсіпкерге түсіндірме беру үшін, бар сұрақтарға жауап беріп, жұмысты тезірек бастау үшін сіздерді бүгін жинап отырмыз. Мәселелер жеткілікті, біз әрбір жағдайды жеке-жеке қарас-

тырамыз, – дейді әкім орынбасары Мақсат Қиқымов.

Спикер өтемақы жылжымалы және жылжымайтын мүлік, сондай-ақ жоғалған тауарлар үшін төленетінін жеткізді. Қосымша кәсіпкерлер коммуналдық төлемдерден үш ай мерзімге босатылады. Қазірдің өзінде екі кәсіпкер құжаттарды толығымен жинап үлгерді және жақын арада өтемақы алады. «Мәскеу Метрополитен» СОО зардап шеккен жалға алушылары үш айға жалгерлік төлемнен толық босатты. «Промнад» сауда орталығы да осындай көмек ұсынады. Silk Way City СОО-да үш нысан зардап шекті. Олардың ішінде бір нысан бір жылға жалдау ақысынан толығымен босатылды, ал қалған екеуіне жабдықтарын қалпына келтіреді. «Пассаж» СОО зардап шеккен 162 жалға алушыны бір айға өтемақыдан босатты. Қазіргі уақытта тағы бір айға босату мәселесі қосымша қарастырылуда. Asia Park СОО сауда нысандары іске қосқаннан кейін барлық жалға алушыларға үш айға 50% жеңілдік ұсынады. City Center

СОО екі жолды ұсынып отыр: екі айға жалға алуға 50 пайыздық жеңілдік немесе бір айға 100 пайыздық жеңілдік беру. «Арена» СҮ зардап шеккен жалға алушыларды қаңтар айындағы төлемнен толығымен босатты.

Сонымен қатар, Halyk Bank микро-бизнес секторынан зардап шеккен қарыз алушыларға миллион теңге көлемінде өтеусіз грант бөлу туралы шешім қабылдады. Ақша бизнесті қалпына келтіруге жұмсалады, шығын мөлшерін растау қажет емес. Клиенттердің сол санаты үшін банк алты айға дейінгі мерзімге несие төлемдері бойынша несиелік демалыстарды ұсынады.

Зардап шеккен кәсіпкерлерге көмекті жеделдету үшін оларды аудандарға бөлу туралы шешім қабылданды. Сауалдарға жауап беру үшін әрқайсысында ватсапта топтар мен телеграмм-арналар құрылған.

– Өтінімді портал арқылы беруге болады. Онда қажетті құжаттар мен сіз жұмыс істей алатын бағалаушылардың тізімі бар. Төлем сомасымен келіспеген жағ-

дайда кәсіпкерлер Info Kazakhstan сайтында тізімі орналасқан бағалау компанияларына жүгіне алады. Ал егер бизнесмендерді аудиттің бағасы қанағаттандырмаса, полицияға арыз жазып, сот сараптамасын тағайындап, сотқа арыз беру керек, – деп түсіндірді «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының Алматы қаласы бойынша директоры Айтуар Қошмамбетов.

Бүлінген жылжымайтын мүлік бойынша оны қалпына келтіруге немесе жөндеуге арналған шығындар есептелетін болады. Залал сомасы сәулет және қала құрылысы қызметі саласындағы заңнамаға сәйкес жөндеу шығындарының сметасымен немесе калькуляциясымен расталуы тиіс.

Бүлінген немесе жойылған жылжымалы мүлік және (немесе) тауарлық-материалдық құндылықтар бойынша өтелетін сома бағалау және аудиторлық компанияларды бағалау туралы есепті (актіні) негізге ала отырып есептеледі. Олардың тізілімін әкімдік немесе қор жасап, сайттарында жариялайды.

Мысалы, қалпына келтіруге жатпайтын көлік бойынша кәсіпкер мына құжаттарды ұсынуға міндетті: автокөліктің бар екендігін растау және автомобильдердің есебін тіркеу бойынша мемлекеттік органның құқық белгілейтін құжаттар; бағалау актісі; ЖК және заңды тұлғалардың көлік құралын толық сақтандыру шартының (КАСКО) жоқтығы туралы мәліметтер.

Жоғалған (ұрланған) тауар-материалдық құндылықтар мен жабдықтар бойынша: соманы есептеу Мемлекеттік кіріс органдары ұсынған, коэффициентке көбейтілген кәсіпкерлік субъектісінің 2021 жылғы орташа айлық айналымы негізінде жүргізіледі.

Жоғалған немесе ұрланған тауар-материалдық өтеу сомасын есептеу Мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері бойынша мынадай формула бойынша жүргізіледі: коэффициент 1,2 – сауда субъектілері және өзге де санаттар үшін, 0,5 – қоғамдық тамақтану субъектілері үшін, олар өткен жылғы кәсіпкерлік субъектісінің айналым сомасына көбейтіледі, содан кейін 12-ге бөлінеді және өтеу сомасы шығарылады.

Кездесу соңында сарапшылар кәсіпкерлердің өзге де сұрақтарына жауап берді.



«Зауытты қала сыртына көшіруді талап етеміз!»

Алматылықтар цемент шығаратын өндірістің жұмысына наразы

Алматыда Павлодар көшесі бойында тұратын тұрғындар үйлерінің қасындағы цемент шығаратын зауыттың жұмысына наразылықтарын білдіруде. Тұрғындардың айтуынша, үйлерінің алдынан үнемі ауыр жүк көліктері (миксер-машина) үлкен жылдамдықпен жүріп, сигнал беріп өтеді екен. Тұрғын үй аумағындағы зауыт санитарлық нормаларға қайшы келетінін барлық инстанциялар дәлелдегенімен, аталмыш кәсіпорын жұмыс істеуін тоқтатар емес дейді олар.



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Құзырлы органдар айыппұл салды

Тұрғындар Алматы қаласының Қоршаған ортаны қорғау және экология бөліміне жүгінгенде, «Нұртау Темір» ЖШС бетон шығаратын зауыт объектісіне Қоршаған ортаны қорғау және экология бөлімі мен Табиғатты қорғау полициясының қызметкерлері барған екен.

– Тексеру жұмыстарын іргелес аумақтан бастадық: онда барлығы таза, ағаштар отырғызылған, шашылып жатқан коқыс та жоқ, қоршаулары боялған, қасбетінде мін жоқ. Тіпті, цемент түсіруге арналған вагон кіретін бөлменің ішіндегі барлық жабдықтарды жуып қойған. Арнайы шатырмен жабдықталған жерден көшеге шаң ұшпайды. Жұмысшылармен сөйлескеннен кейін біз олардың зауыт ішіндегі және сыртындағы тазалықты қадағалайтынын түсіндік. Басшыларының айтуынша, бізге дейін тексерумен көптеген бақылаушы ұйымдар келген. Құжаттарының барлығы дұрыс. Ұлттық сараптама орталығының лицензияланған зертханасының қорытындылары да бар. Біз аңғарған тек бір ғана кемшілік болды. Ол – екі бетон араластырғыштың доңғалақтарының лас болғаны. Осыған байланысты аталған ЖШС-не ҚР ӘҚБтК-нің 505-бабына сәйкес әкімшілік хаттама толтырылып, 40 АЕК мөлшерінде айыппұл салынды, – дейді қаланың Қоршаған ортаны қорғау және экология бөлімінің басшысы Ғалия Төлегенова.

Тұрғындар мазасын алды

Мәселені зерттеуді жалғастыра отырып, экологтар сол кезде шанның құрылыс қоспалары өндірілетін көрші кәсіпорындардан шыққанын анықтады.

«Вечерний Almaty» газетінің фейсбуктегі «Дежурный по городу» әлеуметтік желідегі парақшасына тұрғындар зауыттың айналасындағы ауаның ластану картасын жариялаған. Желі қолданушылардың айтуынша, оны «Қазгидромет» сертификаттаған «өлшеуге арналған аппараттың» көмегімен жүзеге асырған-мыс. Ал алматылық Ирина Лезина мен Гүлнар Малғаздаровалар заңды нормаларға сілтеме жасай отырып, цемент зауытының тұрғын алаптан кемінде 500 метр санитарлық-қорғау аймағы болуы тиіс дейді. Бірақ бұл талап орындалмаған. Зауытты тексеру жөніндегі постқа әлеуметтік желіде көптеген пікірлер айтылды. Дейтұрғанмен, белсенділер бұл өндірісті мүлдем жабуды талап етпейтіндерін айтады.

– Біз зауытты жауып таста деп отырған жоқпыз. Тек қала сыртына көшіруді талап етіп отырмыз! – деді тұрғындар.

Шағыммен келіспейді

Бұл ретте зауыт басшылығы да толық түсініктеме берді. Біз оны қаз-қалпында жариялауды жөн санадық.

– «Нұртау Темір» ЖШС орналасқан аумақ 1936 жылдан бері өнеркәсіптік аймақ ретінде пайдаланылып келеді. Кеңес заманында мұнда кірпіш зауыты, көмір қоймасы, бетон, қабырға панельдері және темірбетон бұйымдары өндірісі болды. Мұнда тауарларды түсіру үшін көптеген теміржол желілері салынған. Бұл аймақта тұрғын үйлер 1960 жылдардан кейін, кірпіш зауыты салынғаннан соң бой көтере бастаған. Яғни зауыт тұрғын үй секторына салынған өндіріс орны емес, керісінше, сол үйлер өнеркәсіптік аймаққа салынған болып есептеледі. Кеңес заманында мұнда күндіз-түні тауарлық вагондар жүрді, көмір, цемент және т.б. түсірілді. 2013 жылы «Нұртау Темір» ЖШС бұрынғы кірпіш зауытынан жер учаскесінің шағын бөлігін сатып алды. Тарихи тұрғыдан алғанда, бұл жер учаскесі өндірістік базаға арналған. Қазіргі уақытта шағымданушылар «Нұртау Темір» ЖШС өз өндірісін тұрғын үйлердің ортасында заңсыз салғаны туралы ақпарат беріп отыр. Алайда, бұл мәлімдеме шындыққа жанаспайды. «Нұртау Темір» ЖШС-нің қасында және тұрғын үйлердің бойында Павлодар көшесі орналасқан. Бұл күндіз де, түнде де жеңіл, жүк көліктері, қалалық автобустар жүретін жалпыға ортақ пайдаланылатын жол. «Нұртау Темір» ЖШС аумағынан шығатын машиналар Павлодар көшесі бойымен жүретін барлық автокөліктердің аз пайызын құрайды. Сонымен қатар, бұл көшемен өндірістік алаңдарға темір жол өтеді. Олар күндіз-түні әртүрлі бағытта көптеген теміржол пойыздарына ауысады, соның салдарынан шу мен түрлі сигналдар шығады.

Тұрғындар шағымынан кейін мұнда тексерулер тым көбейіп кетті. 2018 жылдан бастап 2022 жылға дейін Экология және санэпидбақылау департаменттері біздің кәсіпорымымыздың шаң мен шуылға 20-дан астам зерттеулер мен тексерулер жүргізді. Барлық өлшемдер нормаға сай екенін көрсетті. Алайда, шағымданушылар «барлық өлшеулер дұрыс емес, жұмыс істемейтін зауытта жасалды» деп үнемі айыптап отырды. Сондықтан Алматы қаласының әкімдігі 2021 жылы құрамында 10-нан астам адамы бар жұмыс тобын құрған болатын. Олардың арасында қалалық әкімдік бөлімшелерінің басшылары, экология департаментінің және басқа да мемлекеттік мекемелердің өкілі, сондай-ақ жақын маңда тұратын бес адам бар. «Ұлттық сараптама орталығы» барлық жұмыс тобының қатысуымен шу мен шаңға тексеру жасады. Оның барлығы қалыпты режимде жұмыс істеп тұрған зауытта жүргізілді. Мұны жұмыс тобының мүшелері қатаң қадағалады. Олардың ешқайсысы өлшеу нәтижелері нормадан асып кеткенін анықтаған жоқ.

Алайда, шағымданушылар негізсіз, мамандардан қандай да бір құжаттарды ұсынбай, мемлекеттік қызметкерлер мен қоғамды адастыратын барлық мемлекеттік органдарға кәсіпорынға жала жабу шағымдарын жазуды ұйымдастыруды және бастауды қояр емес. Жала жабу және агрессивті шабуылдардың салдарынан ұзаққа созылған сот процестері басталды, олар әлі аяқталған жоқ. «Нұртау Темір» ЖШС көршілермен тату қарым-қатынастарды жолға қою бойынша барлық мүмкін шараларды қарастырған. Алайда, өкінішке орай, агрессивті шабуылдардың тоқтайтын түрі жоқ. Бұл кәсіпорынға ғана теріс әсер етіп қоймай, мемлекеттік мекемелердің назарын осы жағдайға аударып отыр.

Ауа қалай ластануда?



Аталмыш кәсіпорын басшылығы егер түнде тыныштық бұзылса, полицияға «102» телефонына хабарласуға кеңес берді. Бірақ тұрғындар полиция бір нәрсе шешеді дегенге сенбей отыр. Олар бүгін әкімшілік хаттама толтырып, айыппұл салғанымен, келесі түні бәрібір жұмысын қайта бастайды дегенді айтуда.

Енді экологтардың жауабына оралайық. Олар ауаның ластануы зауыттың қасында жұмыс істейтін кәсіпорынның аумағынан шығады деп сенімді түрде хабарлады.



– Біз бетон зауытының сыртында түрлі құрылыс қоспаларын жасап шығаратын заң бұзушылықтың негізгі ошағын таптық. Бұл жеке тұлғаға тиесілі бұрынғы кірпіш зауытының үлкен аумағы. Барлық нысандар қорқынышты жағдайда, жалға беріледі. Мұнда құрылыс қоспалары жасалады, ауыр жүк тиеледі, ішкі және сыртқы жағынан санитарлық жағдайы нашар. Біздің келгенімізде жұмысшылар шаңды көп мөлшерде шығаратын машинаны тоқтатты. Бұл зауыт емес, әйнектері мен зауыттық жабдықтары жоқ қараусыз қалған ғимарат. Мұнда құрылыс қоспаларын дайындайтын машиналар қарабайыр деп айтуға болады, жердегі цемент жиырма сантиметр қабатта жатыр, жүру мүмкін емес. Міне, экологиялық апат! Бірнеше гектар жер толығымен құрылыс және тұрмыстық коқыстарға толы. Нағыз көпжылдық коқыс полигоны. Жергілікті тұрғындар ластанудың қайдан келетінін біле ме? Жетісу ауданының әкімдігі шара қолданыңыздар! Жер қатынастары басқармасы, бұл жер кімге тиесілі? Неліктен бұл аумақ осындай күйге түсті? – дейді Алматының бас экологы Ғалия Төлегенова.

Өкінішке қарай, жергілікті атқарушы органдар бұл мәселеге қатысты түсініктеме берген жоқ. Аталған ведомстволардың шенеуніктері халықпен неге ашық диалогқа шықпайды? Бұл аудан тұрғындарының өмірін кім жақсартады?

АНЫҚ-ҚАНЫҒЫН БІЛГІҢІЗ КЕЛСЕ...

СҰРАҢЫЗ, ЖАУАП БЕРЕМІЗ

Қаладағы көпқабатты үйлердің тұрғындарынан жылу бағасына байланысты бірқатар сауалдар туындаған. Мәселен, «Ақсай-4» шағынауданының тұрғыны Марал Көлбекова қаңтар айындағы түбіртектен жылу бағасының өзгергенін байқаған.

Тұрғынның айтуынша, ыстық су – 44,27 теңгеге, жылу және суық су – 1 теңгеге көтерілген. «Бізде жылу мен ыстық су ауа райына байланысты өзгеріп тұра ма, әлде тариф бағасы қымбаттады ма?», – дейді ол. Дәл осы сауалды алматылық Қуаныш Үмбетов те қойып отыр. Ол да жылу бағасының айтарлықтай көтерілгенін айтады. «АлТС, баға неге бұлай «секіріп» тұр: 32,93 теңге – 152,05 теңге – 206,76 теңге. Баға 65%-ға дейін өскен!», – деп жазды ол әлеуметтік желідегі парақшаға.

Тұрғындардың сауалдарына «АлТС» мекемесі мынадай түсініктеме берді: «2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап халыққа арналған жылумен жабдықтау қызметтеріне тариф жоғарылаған жоқ. Тариф бұрынғыдай. Көпқабатты үйлерге ортақ жылу есептегіш құралымен жабдықталған үйлерде төлем нақты көрсеткіштерді (үйдің жылу энергиясын қанша тұтынғаны) ескере отырып қойылады. Ал арнайы есептегіш құралдармен жабдықталмаған үйлерде тұратын тұтынушылар үшін жылуға төлем ғимараттар үшін монополияға қарсы ведомство бекіткен бағаға сүйене отырып, ай сайын есептеледі: мәселен, қазан айына – 32,93 тг/м², қарашаға – 152,05 тг/м², желтоқсан айына – 206,76 тг/м² дегендей.



Төлем жылдың уақытына байланысты жүргізіледі. Әдетте, қаңтар – ең суық ай, сол себепті төлем бір айдан кейін белгіленеді. Және бұл үнемі осылай болған. Бұл ретте жылыту маусымы аяқталғаннан кейін әрдайым жылыту кезеңінде болған сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, қайта есептеу (жылу есептегіш құралдары жоқ үйлерде) жүргізіледі.

Егер алматылықтарды «жылу» және «ыстық су» қызметтері үшін төлемдер мазалайтын болса, тұтынушыларға қызмет көрсету орталықтарына немесе мекенжайы мен байланыс телефонын көрсете отырып дәйекті жазуына болады.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Уақытша суық су болмайды

Алматы қаласының «Ақсай-4» шағынауданындағы бірқатар жеке үйлер жарты күнге суық судан ажыратылады. Бұл туралы «Алматы Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны мәлім етті.

28 қаңтар күні сағат 8.00-ден 14.00-ге дейін Әуезов ауданына қарасты «Ақсай-4» шағынауданы аумағында орналасқан тұрғын үйлерге суық су беру болмайды.

«Шектеулер жаңа су құбырын сумен жабдықтау жүйесіне қосу үшін енгізіледі. Уақытша қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауды сұраймыз», – деп атап өтті «Алматы Су» МКК.

Ақпаратты мына телефон арқылы білуге болады: 274-66-66.

Әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



САУАЛ – СІЗДЕН, ЖАУАП – БІЗДЕН

ХҚКО КЕҢЕС БЕРЕДІ

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Алматы қаласы филиалы баспасөз қызметінің басшысы Жаңыл Амантайқызы Әпетова халықтан жиі түсетін сауалдарға жауап береді.



1. ҮЙІҢІЗГЕ КІМ ТІРКЕЛГЕНІН БІЛІП ОТЫРАСЫЗ

Өткен жылы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы тұрғын үй иелеріне тіркелген азаматтар мен тіркеуден шығарылған тұрғындар туралы SMS-хабарламалар жолдайтын жаңа сервисті енгізген болатын.

Енді азаматтар ХҚКО арқылы тіркелген кезде тұрғын үй иесі өз телефонына тіркелген адамның деректері көрсетілген хабарлама алады. Егер баспана иесі үйінде тұратын адамды тіркеуден шығарғысы келсе, екінші тарапқа да тіркеуден шығарылғаны туралы хабарлама барады.

Аталған жаңа сервис ақылы түрде тіркеуді ұсынатын делдалдарға қарсы күресте көмектеседі.

Азаматтарды тұрғылықты жері бойынша eGov порталы арқылы да онлайн тіркеуге немесе тіркеуден шығаруға болады. Ол үшін тұрғын үй иесі мен тіркелген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы (ЭЦҚ) болуы керек.

2. КӨЛІКТІ ҮЙДЕН ШЫҚПАЙ-АҚ РӘСІМДЕ

Сатып алған көлігіңізді өз атыңызға рәсімдегіңіз келсе, оны автоХҚКО-ға барып іске асыруға болады. Алайда, өз уақытыңызды үнемдеудің таптырмас әдісі бар. Сіз оны Kaspi.kz қосымшасы арқылы қайта рәсімдей аласыз. Ол үшін сізге және көлікті сатушы

тарапқа қосымшада бірнеше батырманы ғана басу қажет.

САТУШЫ: Kaspi.kz қосымшасына кіріп, «Мемлекеттік қызметтер» бөлімінен «Автокөлікті қайта рәсімдеу» қызметін таңдауы қажет. Әрі қарай көлікті тіркеуден шығару батырмасын басып, сатып алушының деректері мен көлік құнын көрсету қажет. Егер сатушы өзінің мемлекеттік тіркеу нөмірін өз атына қалдырғысы келсе, тиісті жерге белгі қою тиіс. Бұдан кейін өтінімге Kaspi электрондық қолтаңбасы қойылады. Содан кейін «Көлікті тіркеуден шығарылды» деген SMS-хабарлама келіп түседі.

САТЫП АЛУШЫ: «Автокөлікті тіркеуге қою» қызметін таңдап, сатып алу сомасын енгізе отырып, көлік туралы мәліметтерін растауға тиіс. Мемлекеттік нөмір мен техпаспортты алып кететін мамандандырылған ХҚКО-ның мекенжайын көрсетеді. Рәсімдеу процесі өтінімге қол қою мен қажетті баж алымдарын төлеумен аяқталады. Көліктің тіркелгендігі жайлы хабар Kaspi қосымшасына 3 сағат ішінде келеді. Рәсімдеуді бастамас бұрын Kaspi электрондық қолтаңбасын алдын ала алғаныңыз жөн.

3. БАРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ БІР НӨМІРДЕ ҚОЛЖЕТІМДІ

Зейнетақы мен жәрдемақыны, атаулы әлеуметтік көмекті рәсімдеу, әлеуметтік қызметтер порталының жұмысы, еңбек қатынастары мен халықты жұмыспен қамту туралы сұрақтарды 1414 Бірыңғай байланыс орталы-

ғына қоңырау шалып, қосымша 5 нөмірін басу арқылы алуға болады.

Әлеуметтік сұрақтар бойынша 1414 халыққа дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін (жексенбі-демалыс) көмектесе алады, қоңырау – тегін.

Ең танымал Мемлекеттік қызметтерді @kenes1414bot телеграмм-бот арқылы да алуға болады.

4. ЖАҢА КӘСІПТІ ҚАЛАЙ МЕНГЕРЕМІЗ?

Кәсіп ашу үшін батылдылық пен шыдамдылық қажет екені сөзсіз. Бар бизнес-жоспарыңызды іске асыруға дайын болсаңыз, ең басты талап – кәсіпті заңды түрде рәсімдеуді ұмытпаңыз.

Бұрын кәсіпкер болу үшін құжаттарды жинап, салық органына бару керек еді. Енді мұны бірнеше минут ішінде онлайн түрде жүзеге асыруға болады.

Төменде қысқаша нұсқаулық көрсетілген:

- «Е-лицензиялау» elicense.kz порталына кіріп, ЭЦҚ көмегімен тіркеліңіз.
- Тіркелгеннен кейін басты беттегі «Қызмет көрсету» батырмасын таңдаңыз.
- Қосымша «Хабарлама жасау тәртібі» бетін таңдаймыз, «Дара кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарлама» сілтемесін басамыз.
- «Қызметке онлайн тапсырыс беру» батырмасын таңдайсыз.
- Жеке кәсіпкерлік туралы деректерді толтырасыз (қызмет түрі, салық салу тәртібі және т.б.). Мұнда сіз сондай-ақ, мемлекеттік органға сұрау сала аласыз. Егер салықтан берешегіңіз болса, сізге Жеке кәсіпкерлікті тіркеуге рұқсат берілмейді.
- ЭЦҚ көмегімен барлық деректерді толтырғаннан кейін сіз салық органына хабарлама жібересіз.
- elicense.kz жеке кабинетінде «Менің рұқсат беру құжаттарым» бөлімінде «Хабарлама» бетін таңдаңыз. Берілген өтініш мәртебесінде лупа белгісін басып (қарау), ашылған терезеден Жеке кәсіпкерлік туралы хабарлама мен талонды жүктеп алып, басып шығара аласыз.

Салық органына жеке кәсіпкерлікті бастағаныңыз туралы хабарлағаннан кейін сіз кәсіпкер болып саналасыз. Кәсібіңізге сәттілік тілейміз.

Дайындаған Динара МҰРАТ.

ҚОҒАМДЫҚ КОМИССИЯ

Қаңтар қасіреті зерттеледі

Алматыда қаңтар оқиғасын зерттейтін қоғамдық комиссия құрылды. Оны белгілі құқық қорғаушы, заңгер Айман Омарова басқаратын болды.



Әсел
ДАҒЖАН

Айман Омарованың айтуынша, комиссия құрамына белгілі құқық қорғаушылар, қылмыстық іс жүргізу құқығы бойынша маманданған заңгерлер кірген.

«Біз тәуелсіз қоғамдық комиссиямыз. 2000-нан астам қылмыстық іс бар. Комиссия тек жәбірленушілерді, полицияны, соққыға жығылғандарды ғана тексеріп, зерттемейді. Қазақстанда неге осындай қанды оқиға болды? Осыған баса назар аударамыз. Түгел зерттейміз. Комиссия құрамында қорғаушылар болады, олардың барлығы – тәжірибелі, қылмыстық істі қарайтын қорғаушылар. Комиссия мүшелерінің тізімі бар. Бірақ олардың кім екенін қауіпсіздік үшін жарияламаймыз», – деді ол.

КҮНТІЗБЕНІҢ БІР КҮНІ

Тәттінің де сиқыры бар

27 қаңтар – әлемде жыл сайын Шоколадты төрт күні (Chocolate cake day) болып аталып өтеді. Бұл күні сөзсіз шамадан көп торттар пісіріледі және шамадан тыс көп тәттілер желінеді.



Бұл тәттіні жақсы көрмейтін адам жоқ шығар, сірә! Әсіресе, балалардың торт десе аузының суы құритыны анық.

Бисквит немесе жаңақты дейсіз бе, әлде вафельді немесе құмшекерлі торт дейсіз бе, кулинарлар түр-түрін пісіреді қазір. Олардың бетіне жағылатын кремнің де түр-түрі бар, бәрі табылады.

Аузыңа салсаң болғаны, еріп сала беретін шоколадты тортты тамақтан соң тоқты басатын десерт қана емес, көңіл күйді көтеретін, жақсы істерге құлшындыратын тәтті десек те қателеспейміз. Иә, оның кез келген мерекенің, той-думанның әрін кіргізетін сиқыры бар. Қуаныш, бақыт сыйлайтын құдіреті де бар. Сондықтан болар, тортқа да күнтізбенің бір күні бұйырыпты. Несі бар, тамаша!


Айтпақшы, бұл кондитерлік өнімдердің хас шебері болып бірінші орында француздар тұр. Дегенмен, ең алғаш болып пісірілген торт итальяндықтарға тиесілі.

Қазір Алматыда үйден торт пісіріп сататын көпбалалы аналар қатары да көбейді. Олар шаһардағы «Бақытты отбасы» орталықтарынан тегін курстан өтіп, енді өз беттерінше күн көруге талпынуда.

Нұр ЖАМАЛ.

ШАРТАРАП

МИ СЕНСОРЫ



Америкалық ғалымдар кеңейтілген сенсор туралы баяндама жасады. Электрокортикография (ECOG) сенсоры ғалымдарға дәлірек ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Сенсор арқылы катерлі ісік және эпилепсия сияқты қиын ауруларды қауіпсіз түрде емдеуге көмектеседі. Жұмыс авторлары электрокортикографиялық сенсорлардың миға имплантацияланатынын және олардың күйі, жасушалары және жалпы оның жұмысы туралы ақпараттың үлкен көлемін жазып алатынын түсіндірді. Ғалымдардың айтуынша, әзірленген жоғары кеңейтілген сенсор нейрохирургтардың жұмысын бірнеше рет жеңілдетеді. Жаңа сенсордың тағы бір қолданбасы – оның құрылымының күрделілігіне байланысты әлі толық зерттелмеген мидың жұмысын зерттеу.

Имплантацияланатын сенсорлар мидың жұмысын бұзбайды, сонымен қатар адамның олармен өмір сүруіне кедергі жасамайды.

Ұшатын көлік

Дереккөздерден алынған ақпаратқа сәйкес, циклолет ұшудың үнсіздігімен, сондай-ақ тегіс емес беттерге тік қону мүмкіндігімен ерекшеленеді.

Қазіргі таңда ғалымдар массасы екі тоннадан асатын толық масштабты басқарылатын циклолетті әзірлеуге кірісті. Сондай-ақ, әзірлеушілер пайдалы жүктемені 600 килограмға дейін тасымалдау мүмкіндігі туралы айтты.

Жылу физикасы институты директорының айтуынша, жұмыс прототипі келесі төрт жылда көрсетіледі.

Пермь зерттеушілері пирозлектрлік эффект әсерінен талшықты-оптикалық гироскоптардың бөліктерін қорғауға негізделген дрондардың қауіпсіз навигация жүйесін жасады.



Қауіпсіз навигация жүйесі

Ғалымдар бұл температураның тез өзгеруі кезінде навигацияның істен шығуына мүмкіндік бермейді дейді. Сонымен қатар, ұсынылған әдісті кванттық желілерді қорғау үшін қолдануға болады.

Жұмыстың авторлары аталған пирозлектрлік әсер дрондардың навигациялық құрылғыларындағы температураның тез өзгеруімен пайда болатынын айтты. Нәтижесінде жарық сигналының жоғалуына байланысты барлық жүйелер жұмысын тоқтатады.

Ғылыми жұмыс барысында ғалымдар FIS-тің алты моделін салқындатып, қыздырды және шығындарды тіркеді. Сигналдың жоғалуы кристалдардың шетін есептемегенде толқынның бүкіл ұзындығы бойымен жүретіні белгілі болды. Нәтижесінде ғалымдар кристалдардың шеттерін арнайы пастамен жауып тастады, бұл келесі тәжірибелерде пирозлектрлік әсерден аулақ болуға көмектеседі. Жаңа әдіс болашақта тиімді жүйелерді құруға көмектесетін сигнал жоғалту нүктелерін тиімді анықтауға мүмкіндік береді.

Суперкомпьютер

Неміс ғалымдары 5000 кубиттен асатын кванттық суперкомпьютерді іске қосты. Кванттық есептеу машинасы Солтүстік Америкадан тыс жерде кванттық тазарту принципі бойынша жұмыс істейтін алғашқы жүйе ретінде орналастырылған.

Юлиха университетінің баспасөз қызметі хабарлағандай, суперкомпьютерді әзірлеуге өнеркәсіптік және зияткерлік жүйелер мен қосымшаларды құрумен айналысатын канадалық D-Wave компаниясы жауапты. Жал-



пы жобаға қырықтан астам адам қатысты.

Қазіргі уақытта кванттық суперкомпьютер жоспарлы тестілеуден өтеді, содан кейін Еуропа ғалымдары есептеу қуатын пайдалана алады. Оның алгоритмдері неміс зерттеушілері жұмыс істеп жатқан кванттық физикадан бастап әртүрлі зерттеулерге көмектеседі.

Дайындаған
Айжан БҮРКІТБАЕВА.



Новосібірдің ғалымдары басқарылатын циклолетті ұшатын машина жасап шығаруда. Жұмыс прототипі біркелкі емес беттерге ұшып, қонуға қабілетті көлік болады деп хабарланған.



ТЕСТ

ҰБТ басталды

Қазір елімізде қаңтар айында өтуге тиіс Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағы басталды. Бұл сынаққа қатысу үшін түлектер тарапынан 104 мыңға жуық өтініш келіп түскен.

Ұлттық бірыңғай тестілеу уақыты елдегі төтенше жағдайға байланысты 22 ақпанға дейін жалғасатын болды. Биыл министрлік талапкерлерге қолайлы жағдай жасау үшін, сондай-ақ транспаренттілігін күшейту үшін біраз өзгеріс енгізіп отыр. Мысалы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар түлектерге биыл қосымша уақыт беріліп отыр. Көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған талапкерлерге тестілеу тапсырмаларын орындау үшін негізгі 240 минуттан бөлек қосымша тағы 40 минут беріледі. Яғни олар ҰБТ-ны 4 сағат 40 минут ішінде, басқаларға қарағанда ұзағырақ тапсыруына болады. Сонымен қатар, ерекше қажеттіліктері бар талапкерлерге арналған тапсырмалардың мазмұнына да өзгерістер енгізілді. Оларға арнайы суретсіз, сызбаларсыз және диаграммаларсыз тест нұсқалары жасалды. Бұл өзгерістер ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ҰБТ тапсыруын айтарлықтай жеңілдетеді. Ұлттық бірыңғай тестілеу биылғы жылы да «1 компьютер – 2 камера – 1 тестіленуші» қағидаты бойынша жүргізіледі. Емтихан тапсыратын пәндер еш өзгеріссіз, екі бейінді, үш міндетті пән калпында қалып отыр. Тест тапсыр-



маларының саны – 120. Оның ішінде Қазақстан тарихы бойынша – 15, математикалық сауаттылық бойынша – 15, оқу сауаттылығы – 20 және екі бейінді пәннен 35 тапсырмадан беріледі. Тестілеуді өткізу уақыты – 4 сағат (240 минут). ҰБТ нәтижесі бойынша талапкерлер ең жоғары 140 балл жинай алады.

Тестілеу кезінде мобильді және радиоэлектрондық байланыс сигналдарын басатын құрылғылар пайдаланылады. Ол аудитория ішіндегі бейнебақылау камераларының ауданына байланысты жұмыс істейді. ҰБТ аяқталғаннан кейін жылдың соңына дейін бейнежазбаларға талдау жасалады. Тыйым салынған заттарды пайдалану және ережелерді бұзу фактілері анықталған жағдайда, ҰБТ нәтижелері толығымен жойылады.

Қаңтар айындағы ҰБТ қорытындысы бойынша тек ақылы негізде оқуға болады. Түлектер жазғы тестілеу негізінде ғана грантка үміткер бола алады.

СТИПЕНДИЯ

Шәкіртақы тағы өседі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша биылғы жылдың 1 қыркүйегінен бастап қазақстандық жоғары оқу орындары студенттерінің стипендиясы тағы да 20 пайызға, сондай-ақ, магистранттар мен докторанттардың стипендиясы да 15 пайызға өсетін болды.

Бытырғы жылдың қыркүйек айынан бастап бакалавр студенттердің шәкіртақысы – 31 423 теңгені, магистранттардікі – 76 950 теңгені құраса, докторанттардікі 172 500 теңгеге жеткен еді. Сәтін салса, алдағы күзден бастап бұл қаржы тағы да қомақылана түсетін сынайлы. Мәселен, педагогика мамандарын даярлау бағыты бойынша оқитын студенттер 58 мың теңгеден, басқа бағыттар бойынша білім алатындар 37 мың теңгеден шәкіртақы ала бастайды. Ал магистранттардың шәкіртақысы 86 987 теңгеге дейін, докторанттардың шәкіртақысы 195 000 теңгеге дейін артатын болады.



Білім және ғылым министрлігі жағымды жаңалықпен бөлісті. Бұдан былай мектеп оқушыларының каникул уақыты ұзаратын болды.

Оқушылардың демалыс уақытының ұзақтығы мемлекеттік және жекеменшік мектептердің барлығына ортақ тәртіппен белгіленді. Мәселен, жаңа оқу жылы 1 қыркүйек күні басталады. Күзгі каникулда оқушылар 7 күн, яғни 1–7 қарашада демалады. Ал қысқы каникулда 18 күн бойы, дәлірек айтқанда, 30 желтоқсан мен 16 қаңтар аралығында, сонымен қатар, көктемгі каникул кезеңінде 19–30 наурыз аралығында, яғни 12 күн демалады. Жазғы каникул уақыты – 3 ай. Сонымен қатар, 1-сынып оқушылары 7–13 ақпан аралығында қосымша бір апта демалады.

ЖОБА

«Жас маман» жандануда

Еңбек нарығының ұдайы өзгеріп отыратыны белгілі. Мұның пайдалы тұстары да жоқ емес. Өйткені, қоғамда белгілі бір мамандыққа деген сұраныс пен ұсыныс қатарласып, жаңа бағыттарға жол ашты. Осы ретте еліміздегі «Жас маман» жобасының кеңінен қолға алынып, тапшы мамандар даярланып жатқанын айтып өткен жөн.

Аталған бастамаға орай, еліміздегі кәсіптік-техникалық білім ордалары жобаға қатысу үшін іріктеуден өтті. Еліміз бойынша өткен іріктеу нәтижесінде біздің қаланың атынан қатысқан Алматы мемлекеттік политехникалық колледжі өзінің материалдық базасын соңғы үлгідегі озық техникамен жабдықтауға мүмкіндік алған еді. Аталмыш жобаның арқасында үлкен перспективаларға жол ашылып, халықаралық стандарттарға сай маман даярлауға ерекше серпін берілді.

Оқу ордасы Алматы қаласындағы еңбек нарығының жай-күйі туралы күнделікті ақпарат негізінде аса қажетті мамандықтарға деген сұранысты анықтады. Сосын жұмыс берушілермен бірлесіп, талдаулар жасап отыруды қолға қойды. Талдаудың нәтижесінде қала көлемінде IT мамандар, бағдарламашылар, ақпаратты қорғау технигі мен мультимедиялық және сандық технология техникатері сияқты мамандықтарға сұраныстың жоғары екені байқалды. «Жас маман» жобасының жүзеге асып жатқаны жөнінде Алматы мемлекеттік политехникалық колледжінің жоғары санатты арнайы пән оқытушысы Әсем Дүйсенбаева былай дейді:

– Біздің колледж базасындағы «Жас маман» жобасы аясында (НЗС орталығы, CAD инженерлік графикасы, веб-дизайн және әзірлеу, желілік және жүйелік



әкімшілендіру, Графикалық дизайн, бизнеске арналған бағдарламалық шешімдер, мехатроника, прототиптеу, интернет ойындар, видеопродакшн) IT-бағыттары бойынша құзыреттер орталығы құрылды. Бүгінде WorldSkills халықаралық стандарттары бойынша цифрлық технологиялар жөніндегі жаттығу лагерінің алаңы, кәсіптік бағдарлау және қызметтік жылжу орталығына айналып отыр.

Сонымен қатар, біздің оқу орнының videoproduction орталығы кәсіби серіктес болып табылатын «Қазақстан» Ұлттық телерадиокорпорациясы, «Хабар» арнасы, «Қазақфильм» киностудияларының білікті мамандарымен кенесе отырып, жоба аясында бейне монтаждау үшін Adobe premier pro, After Effects, Adobe Photoshop сынды бағдарламамен жабдықталған Apple IMACтар, сапалы түсірілімге арналған 4к камералар, әуеде қалықтап ұшып түсіретін дрондар, пейзаждық, портреттік, макро-микро түсірілімге арналған объективтармен жабдықталған фотоаппараттар алды. Қазіргі кезде оқу ордасында телевизиядағы тікелей эфирді жүргізуді үйрету үшін 8 каналды жылжымалы телестудия, 16 метрлік операторлық кран іске қосылған. Дыбыс пен бейнені жылжымалы телестудияға кедергісіз беру үшін видео, аудио камкордерлар, дубляж жасауға петличка микрофондармен жабдықталды.

Өрине, заманауи техниканың мұндай мүмкіндіктерін студенттер офлайн оқу форматында кеңінен пайдаланады. Қазірдің өзінде білімгерлер онлайн форматта жаңа құрылғылармен шеберлік сыныптарына қатысып жатыр.

Әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.

БАҒДАРЛАМА

«Болашақта» өзгеріс бар



Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз мәлімдемесінде «Болашақ» бағдарламасына өзгерістер енгізу туралы қадап айтқаны белгілі.

Осыған орай, ҚР Білім және ғылым министрлігі Президенттің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы мен 2022 жылғы 11 қаңтардағы Парламентте айтқан тапсырмасы бойынша «Болашақ» халықаралық стипендиясы шеңберінде индустрияландыру кезеңінде ел экономикасына қажет болатын инженерлік-техникалық бағыттағы отандық кадрларды даярлаудағы тиісті өзгерістер қаралғанын жеткізді.

«Инженерлік-техникалық мамандықтар тартымдылығын арттыру, ел экономикасына қажет мамандарды даярлау мақсатында 2021–2023 жылдарға арналған ЖОО тізіміне Ресейдің жетекші техникалық университеттерін қосу бөлігінде өзгерістер енгізілу қолға алын-

ды. Дәл қазір министрлікте Ресейдің техникалық университеттерін «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша оқуға ұсынылған жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының тізіміне енгізу жұмыстары басталды. Сонымен қатар, 2022–2026 жылдарға арналған бағдарламаны дамыту стратегиясын қайта қарау жоспарлануда.

Сонымен қатар, министрліктің мәліметінше 2022 жылы «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқуға 1055 шәкіртақы бөлініп отыр. Оның 555 шәкіртақысы магистратура, резидентура, докторантура және тағылымдама бағдарламалары бойынша. Ал «Ғалымдар» тағылымдамаларының жаңа санаты бойынша тағы 500 шәкіртақы бөлінді.

ҚОР

Бар жақсылық – балаларға!



Әсел
ДАҒЖАН

Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы балаларға көмек көрсетудің халықаралық төтенше қоры (ЮНИСЕФ) еліміздегі Адам құқықтары жөніндегі уәкілдікпен бірлесіп, алматылық балаларға азық-түлік пен оқу құралдарының 500 жиынтығын береді.

Жиынтықтар тұрмысы төмен отбасылардың мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларға, яғни оқушыларға беріледі. Оқу жиынтықтарында баланы дамытуға арналған кітаптар, сурет салу құралдары сияқты аса қажетті заттар бар.

«Қаңтар айында Қазақстанда болған көтеріліс балалардың тыныштығына, көңіл күйіне әсер еткені өкінішті. Бірінші тұрмысы төмен отбасыларды қолдау керек, сондай-ақ балалардың білім алуы мен дамуына ешнәрсе кедергі болмауы тиіс. ЮНИСЕФ Қазақстанда барлық балаға қажетті көмекті беру үшін тиісті мемлекеттік құрылымдармен біріге отырып, жұмыс істейді», – деді ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы өкілі Артур ван Дизен.

Сатып алу мен бөлуді ұйымдастыру Алматы қаласының әкімдігіне тиесілі. Сондай-ақ, «Қызыл Жарты Ай» қоғамы мен «Родник» ҰЕҰ-мен бірлесіп жүзеге асырады.

Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы балаларға көмек көрсетудің халықаралық төтенше қоры 1946 жылы Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін құрылды. Қор әлемдегі әрбір баланын ештеңеге аяқталмай, лайықты өмір сүріп, сапалы білім алуы үшін жұмыс істейді.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Сұранысқа ие мамандықтар

Алматы – Қазақстанның ең ірі қаласы әрі экономикалық-мәдени астанасы. Мегаполисте 2 миллионнан астам тұрғын өмір сүреді. Мұндай тіршілік қазаны қайнап жатқан алып шаһарда білікті мамандарға сұраныстың жоғары болатыны сөзсіз.

Соңғы 2 апта мерзіміндегі деректер бойынша, еліміздің электрондық еңбек биржасында Алматы қаласындағы 10 238 жұмыс орны бойынша 4583 хабарландыру жарияланған. Жаңа мамандарды қажет ететін қала аудандары (Бостандық ауданына – 270 орын, Алмалы ауданына – 228 орын, Медеу ауданына – 180 орын және Әуезов ауданына – 162 орын) білім беру, әлеуметтік қызмет көрсету, қаржы және бухгалтерлік есеп, медицина және фармацевтика, құрылыс, логистика, IT салалары қала бойынша жоғары сұранысқа ие. Ал ауыл шаруашылығы, туризм, энергетика салалары, керісінше, сұранысы төмен кәсіби мамандықтардың қатарына еніпті. Арнайы білімі жоқ адамдар үшін – 1472 орын, ал ешқандай тәжірибесі жоқ мамандар үшін – 3763 жұмыс орны бос тұр.

Айта кеткен жөн, 2021 жылы бакалавр мамандықтарына 56 мыңнан астам грант бөлінді. Оның 17028-і – инженерлік, өңдеу және құрылыс, 9573-і – педагогикалық ғылым, 7487-і ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, 4088-і жаратылыстану ғылымдары, 1895-і ауыл шаруашылығы ғылымдары, 2700-і денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар, 1615-і өнер және гуманитарлық ғылымдар, 1223-і бизнес, басқару және құқық, 960-ы әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат мамандықтарына берілді.

Досбол АТАЖАН.





COVID-19: ФЕЙК & ФАКТ

Тәжтажалдың бірнеше толқынын ел болып ауыздықтап, қалыпты өмірге оралудың алғышарттары енді жасала бастаған тұста, биыл жыл басында елімізде орын алған «Қаңтар қасіреті» бұл жағдайды қайта ушықтырып жібергені рас. Лаңкестер мен содырлардың бұлдігін басып, енді ес жия бастаған еліміз қайта шапқан коронавирустың «омикрон» штамының құрсауында қалғаны өмір шындығы. Қазір киелі Түркістаннан басқа ел өңірлері қайта «қызыл» аймақта тұр. Сондықтан адамзат үшін бұл қатерлі індетпен күрес – жаһандық күн тәртібіндегі басты мәселе болып қала бермек. Өйткені, жалған өмірде адамды ақиқат заңдылығынан адастырар фейктер де жетерлік.

Бұған дейін хабарлағанымыздай, әлемде COVID-2019 пандемиясы пайда болғалы және КВИ-ге қарсы вакциналар шығарыла бастағалы бері қоғамда түрлі алыпқашпа әңгімелер көбейіп, ғаламторды, әлеуметтік желілерді жалған ақпараттар «кезіп» кеткені белгілі. Қоғамда вакциналау төңірегінде әрқилы әңгімелер тарап жүргені жасырын емес. Қазақстанда да індеттің алғашқы дерегі тіркелгеннен бастап, күні бүгінге дейін адамдарды ақиқаттан адастыратын, «ұзын-құлақтан» тараған небір аңыздар өріп жүр. Мұндайда мамандар қандай да бір ақпаратқа сенбес бұрын, білікті ғалымдардың тұжырымдамасын зерделеп алу қажеттігін айтады. Өкінішке орай, індетке қарсы вакциналар жайлы айтылып жүрген небір ақылға сыйымсыз «мифтердің» еш негізсіз екенін сала мамандары медициналық, ғылыми тұрғыда дәлелдеп, түсіндіріп бергенімен, ел іші әлі де сол фейкшілдердің жетегінде жүргендей. Адамдар маман дәрігерлердің тұжырымына ден қойғанмен, жадыларына сіңіп қалған, сенімге селкеу түсіретін аңыз «желсөздерден» әлі де арыла алмай келеді.

Жалпы, жалған ақпараттар қайдан шығады? Кейбір әлеуметтік желі қолданушылары өз парақшаларына «лайк» жинау үшін немесе танымалдылығын арттыру мақсатында адамдарды елең еткізер тақырыптарда түрлі фейктер шығарып, таратуға құмар. «АҚШАМ-АҚПАРАТ» қоғамда індетпен күреске қатысты жиі талқыланып, айтылып жүрген фейк және факт ақпараттарға тағы бір шолу жасап көрді. Сонымен...


ЖАЛҒАН АҚПАРАТҚА
АЛДАНБАҢЫЗ

• **ФЕЙК:** «Медициналық бетперделерді ұзақ уақыт тағу көмірқышқыл газымен улануға және оттегі жетіспеушілігіне әкеп соқтырады».

ФАКТ: Медициналық бетперделерді ұзақ уақыт тағу көмірқышқыл газымен улануға және оттегі жетіспеушілігіне әкеп соқтырмайды. Бетперде өлшеміннің сай келуін және бетке мықтап жанасып, қалыпты тыныс алуға мүмкіндік беретінін қадағалау қажет. Бірбеттік бетперделерді қайтадан қолданбаған жөн және олар дымқылданған кезде бірден ауыстыру қажет.

• **ФЕЙК:** «Вакцина адам денсаулығына кері әсер етеді».

ФАКТ: Литвалық вирусолог Саулиус Каплинкас адамдардың басым көпшілігі жұқпалы ауруға қарсы ұжымдық иммунитетке ие болса, аурудың таралуы тоқтайды деп отыр. Имундық жүйе ағзаның генетикалық құрамының тұрақтылығы үшін күреседі. Ал ұжымдық иммунитетті қалыптастырудың негізгі жолы вакцина екендігін айтады.

АҢЫЗ және
АҚИҚАТ

Қоғамда әркімнің әлеуметтік жауапкершілігі маңызды!

Қазір мемлекет тарапынан зардап шеккен, қиналған тұрғындарға, кәсіпкерлерге, бизнеске түрлі материалдық, қаржылай көмектер көрсетілуде. Ендігі міндет – коронавирус инфекциясын ауыздықтап, қалыпты өмірге тезірек оралу үшін жаппай ұжымдық иммунитет қалыптастыру. Оның бір ғана жолы бар – жаппай вакцина алу, ревакциналау шараларын күшейту! Яғни әркімнің қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілігі қажет!



Әлем елдерін шарпыған коронавирус пандемиясының құрсауынан шығу үшін мемлекетіміз тарапынан талай іс тындырылып жатыр. Шындығын айту керек, іштегі де, сырттағы да қазақстандықтар Отан қамқорлығынан әсте тыс қалған жоқ. Әлемде өз вакцинасын шұғыл түрде әзірлей алған санаулы елдердің арасында Қазақ Елі де бар!

«Коронавирускқа қарсы иммунитеттің пайда болу принципі басқа вирустармен бірдей. Сондықтан ағзаға егілген вакцинаның жалғыз ғана атқаратын жұмысы бар. Ол – сырттан төнген жұқпалы дертке төтеп беру. Вакцина құрамы аденовирус және коронавирустың ақуызынан тұрады. Оның адам денсаулығына кері әсер етуі мүмкін емес», – дейді вирусолог Саулиус Каплинкас.

• **ФЕЙК:** «Хлорлы әктің немесе басқа дезинфектанттардың буларын деммен ішке тарту немесе оларды ағзаға енгізу COVID-19-дан қорғайды».

ФАКТ: Хлорлы әктің немесе басқа дезинфектанттардың буларын деммен ішке тарту немесе оларды ағзаға енгізу COVID-19-дан қорғайды және қауіпті болуы мүмкін. Ешбір жағдайда хлорлы әктің немесе басқа дезинфекциялау құралдарының буларын деммен ішке тартуға да, оларды ағзаға өзге жолмен енгізуге де болмайды. Бұл заттар ішке қабылдау кезінде уландыруы мүмкін. Сондай-ақ, тері мен көздерді тітіркендіріп, зақымдайды. Дезинфекциялаушы құралдарды беттерді дезинфекциялау үшін ғана сақтықпен қолдану қажет.

• **ФЕЙК:** «Вакцинация бедеулікке алып келеді».

ФАКТ: Қазақстандағы репродуктологияның негізін қалаушы Салтанат Байқошқарованың тұжырымдауынша, бұл да жалған ақпарат. Вакциналау ер адамның да, әйел адамның да бедеулігіне алып келмейді. Керісінше, жүктіліктің алдында қабылданған вакциналау оның қиындықсыз өтуіне септігін тигізеді.

• **ФЕЙК:** «Көжеге немесе басқа тағамдарға бұрыш қосу коронавирустан қорғайды».

ФАКТ: Көжеге немесе басқа тағамдарға бұрыш қосу коронавирустан қорғайды және емдемейді. Тағамдағы кішігірім бұрыштың артықшылықтары өте көп екені сөзсіз, бірақ ол COVID-19-дан қорғайды, алдын алмайды және одан емдемейді.

• **ФЕЙК:** «Ағзаға күннің немесе 25 градустан жоғары температураның әсер етуі коронавирустың алдын алады».

ФАКТ: COVID-19 вирусын ауа райының қаншалықты күншақты немесе ыстық екеніне қарамастан жұқтырып алуға болады. Ыстық климатты елдерде де коронавирус жұқтыру жағдайлары хабарлануда.

• **ФЕЙК:** «Коронавирус 5G мобильді желілері арқылы таралады».

ФАКТ: 5G мобильді желілері COVID-19-

Мемлекет қатерлі індетпен күресте өзіне қатысты міндеттемелерін толық орындап отыр. Алматы қаласының әкімдігі індетпен күрес үшін дәрі-дәрмектің, құрал-жабдықтың, медициналық көмек пен төсек-орынның, вакциналардың қажетті көлемін қамтамасыз етіп, қосымша қорын да жасақтады. Индетпен күрес жолында атқарылған жұмыстар, «қызыл» деңгейден «жасыл» аймаққа өту, қалыпты өмірге оралу үшін ұйымдастырылған қыруар шаралар өз алдына бір төбе...

дың таралуына себепкер болмайды. Вирустар радиосигналдармен немесе мобильді байланыс толқындарымен таралмайды. COVID-19 індеті 5G желілері қолданылмайтын көптеген елдерде де таралған. COVID-19 ауа-тамшы жолымен таралады, яғни сау адамның тыныс алу жолдарына науқастың, мәселен, жөтелуі, түшкіруі немесе сөйлесуі кезінде оның тыныс алу жолдарынан бөлінетін тамшылар түскен кезде беріледі. Сондай-ақ, оны вирус жұқтырылған бетке жанасу, содан кейін көздеріңізді, аузыңызды немесе мұрныңызды ұстау арқылы да жұқтырып алуыңыз мүмкін.

5G желілері мен COVID-19 байланысы ДДСҰ сайтында да жоққа шығарылған болатын. «Вирустар радиосигналдармен немесе ұялы байланыс толқындарымен таралмайды. COVID-19 індеті 5G желілері тартылмаған көптеген елдерде таралуда», – делінген ұйымның ресми интернет-порталында.

• **ФЕЙК:** «Алкоголь COVID-19 вирусынан қорғайды».

ФАКТ: Алкоголь ішу COVID-19 вирусынан қорғайды және қайта қауіпті болуы мүмкін. Алкогольді жиі және шамадан тыс тұтыну денсаулыққа байланысты проблеманың туындау қаупін арттырады.

• **ФЕЙК:** «Темекі шегуші адамдардың коронавирусты жұқтыру ықтималдығы төмен».

ФАКТ: Темекі шегу – көптеген респираторлық инфекциялардың белгілі қауіп факторы және респираторлық аурулардың ауырлық деңгейін арттырады. Қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы сарапшылар жүргізген зерттеулерге шолу жасау кезінде темекі шегушілердің коронавируспен ауыру мүмкіндігі темекі шекпейтіндерге қарағанда жоғарырақ екендігі анықталды.

• **ФЕЙК:** «Ыстық ванна қабылдау COVID-19 вирусына қарсы көмектеседі».

ФАКТ: Ыстық ванна қабылдау COVID-19 вирусына қарсы көмектеспейді. Қалыпты дене температурасы ваннадағы немесе душтағы су температурасына қарамастан 36,5 градустан 37 градусқа дейінгі аралықта болады. Керісінше, тым ыстық ванна қабылдау зиянды болуы және ағзаны күйдіруі мүмкін.

Бүгінде жергілікті полиция департаменттерінде жалған ақпараттарды жариялаған тұлғаларды анықтайтын арнайы жұмыс топтары бар екенін еске саламыз. Жалған ақпараттарды таратқандарға қарсы іс қозғалып, кінәлі адамдар жауапқа тартылып, заңға сәйкес жазаланады. Ал қаламыздың, еліміздің қалыпты өмірге қаншалықты тез оралуы – өзімізге байланысты. Ең бастысы, әркім қоғам алдындағы, өзінің отбасы, туған-туыстары, әріптестері алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін сезінуі тиіс. Сонда ғана ұжымдық иммунитет қалыптасып, қалыпты тірлікке көшуімізге мүмкіндік аламыз.

БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ:

COVID-19 ауруының атауы аббревиатура болып табылады. CO – корона (corona – ағылш.), VI – вирус (virus – ағылш.) D – ауру, ауруға шалдығу (disease – ағылш.) дегенді білдіреді. 19 саны 2019 жылдың белгісі – алғаш рет ауру нақ осы кезде тіркелген.

Әзірлеген Т.ДЕРЫСАЛИН.



БРИФИНГ

ҰЖЫМДЫҚ ИММУНИТЕТ қалыптастыру керек

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте қаланың бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Қарлығаш ӘБДІЖАББАРОВА КВИ бойынша эпидемиологиялық ахуал нашарлай түскенін атап өтті.



АҚТОЛҚЫН ТҮРЛЫҒАЗЫ



Сондай-ақ, еліміз бойынша эпидемиологиялық бағалау матрицасында шаһар «қызыл» аймақтың ортасында орналасқанын ескертті. «Дерттің тәуліктік өсімі артты. Қаңтар айында КВИ жұқтыру көрсеткіші: 1-аптада – 1025 жағдай, 2-аптада – 6050, 3-аптада – 13 133, 12,8 есе өсті», – деді қаланың бас санитарлық дәрігері. Оның айтуынша, «дельта» штаммын «омикронның» ығыстырып, індет жұқтыру көрсеткіші күрт өскен. Айдың аяғында дерттің тәуліктік тіркелу көрсеткіші үш мыңға дейін күтілуде.

«Өткен жылдың наурыз айында вакциналау басталғаннан бастап бүгінгі күнге дейін вакциналанғандардың тек 2,1%-ы коронавирустық инфекция жұқтырған. Бұл факт қала тұрғындарына вакциналау мен ревакциналау қарқынын күшейтуді талап етеді. Қалада иммундық жүйе 62,4%-ды құрайды», – деді Қарлығаш Әбдіжаббарова.

Ковид жұқтырғандардың көбісі 20–39 жас аралығындағы науқастар – 40%, 40–59 жастағылар – 26,7%, 60 жастан асқан адамдар – 19,3%. Ауру жұқтыру зейнеткерлер арасында – 1,5%-ға, мектеп жасына дейінгі балалар арасында – 0,8%-ға, банк саласының қызметкерлері арасында – 0,2%-ға,

ұйымдар, ЖШС, ЖК арасында 0,1%-ға өскені байқалады. «Инфекцияның ықтимал орындары бойынша инфекцияның өсуі метрода – 5,5%-ға, СОСО-да және СҮ-де – 1,3%-ға және кварталдар ішіндегі азық-түліктік емес дүкендерде 0,7%-ға байқалады. Инфекция автобустарда, троллейбустарда – 8,5%-ға, Ashyq-қа қатысушы объектілерде – 4,5%-ға, кварталдар ішіндегі азық-түлік дүкендерінде 2,7%-ға төмендеген. Өткен аптада негізгі жұқтыру орындары сауда объектілері – 37,9%, қоғамдық көлік – 24,8%, отбасылардағы байланыстар – 18,4% және базарлар – 9,6% болып табылады», – деп хабарлады спикер.

Қарлығаш Әбдіжаббарова Ashyq жобасы аясында 6–16 қаңтар аралығында қалада «қызыл» мәртебесі бар 270, ал «сары» мәртебесі бар төрт тұлға анықталғанын атап өтті. «2021 жылдың 9 сәуірінен бастап қазіргі уақытқа дейін 11 369 тұрғынның «қызыл», 1360 тұрғынның «сары» мәртебесі расталды», – деп хабарлады Алматы қаласының бас санитарлық дәрігері. Ол ағымдағы жылдың 22 қаңтарында Алматы қаласы бойынша Республиканың Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің №2 қаулысына қол қойылғанын, онда келесі өзгерістер енгізілгенін еске

салды: концерт залдарының, театрлардың, цирктердің, филармониялардың қызметіне, конференциялар, семинарлар, көрмелер, форумдар, түнгі клубтар, караоке, ұжымдық діни жоралғыларды өткізуге тыйым салынды, сондай-ақ қоғамдық тамақтану орындарына келушілер санын 4 адамға дейін қысқарту және кинотеатрлардың толымдылығын 30%-ға дейін қысқарту туралы талап алынып тасталды. «Бұл нысандардың барлығы Ashyq аясында «қызыл» аймақтың қолданыстағы критерийлері бойынша жұмыс істейтін болады. Мысалы, концерттер, театрлар, кинотеатрлар, қоғамдық тамақтану, түнгі клубтар, караоке – 50%-ға дейін 50 адамнан артық емес, көрмелер – 70%-ға дейін 200 адамнан артық емес», – деп түсіндірді Қарлығаш Әбдіжаббарова.

Спикер 24 қаңтардан бастап балабақшалардың ата-аналардың өтініші бойынша штаттық форматта, жалпы білім беретін мектептерге – 600 балаға дейінгі контингенті бар 1-ден 4-сыныпқа дейін штаттық форматта, ал 600-ден астам оқушысы бар мектептерге – қуаттың 50%-ға штаттық форматта жұмыс істеуге рұқсат етілгенін хабарлады. «Сондай-ақ, мектептен тыс және білім беру орталықтарының штаттық форматтағы, ЖОО мен колледждердің аралас форматтағы жұмысына рұқсат етілді. Вакцинацияланған оқушыларға мектеп әкімшілігінің қадауы бойынша офлайн-режимде рұқсат етіледі», – деп нақтылады спикер.

Брифингте сөз алған қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасы басшысының орынбасары Светлана Сұлтанғазиеваның айтуынша, бүгінде үйде МСАК мобилді бригадаларының және Телемедицина орталығының бақылауында 11 191 пациент бар: симптомды – 10 576 адам, жеңіл, орташа дәрежелі және симптомсыз – 615 адам.

«Омикрон» өте жұқпалы және қысқа инкубациялық кезеңмен ерекшеленеді. Егер бұрын біз инкубациялық кезең 21 күн деп айтатын болсақ, қазір кейбір жағдайларда бұл 2-3 күн. Аурудың негізгі көріністері: интоксикация белгілері, бас ауруы, қышу, тамақ ауруы, құрғақ жөтел. «Дельта» нұсқасында жиі кездесетін белгілер – дәм мен иіс, иіс жоғалуы қазір өте сирек кездеседі», – деді ҚДБ басшысының орынбасары.

Алматы қаласында 2 сәуірден бастап халықты жаппай вакцинациялау басталғаны белгілі. Вакциналау үшін медициналық ұйымдарда, мектептерде, мәдениет, спорт объектілерінде, базарларда және қаланың СОСО-да 250 егу пунктін іске қосу жоспарлануда. Қазіргі уақытта 119 пункт бар, толық режимде 520 адамнан тұратын 140 егу бригадасы жұмыс істейді.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

«Омикрон» соңғы штамм емес

● **ҚЫТАЙ** Орталық Азия елдеріне гуманитарлық көмек ретінде коронавирусқа қарсы 50 млн. доза вакцина бөліп отыр. Сондай-ақ, қажет болса, бұл елдерде Қытайдың дәстүрлі медициналық орталықтарын ашуға ниетті. Оған қоса, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру үшін алдағы үш жылда Орталық Азия елдеріне 500 млрд. АҚШ долларын қайтарымсыз көмек ретінде бермек.

● **ПЕРУ** билігі 5–11 жастағы балаларды вакциналау науқанын бастады. Өйткені, оқушылар онлайн оқудан кейін мектепке қайта оралды. Олар Pfizer компаниясының препаратын қабылдайды. Ең алдымен, вакцинаны сирек кездесетін, сондай-ақ созылмалы аурулары бар және қатерлі ісікке шалдыққан балалар алады. Білік алдағы уақытта 4 млн.-нан аса бала екпе салдыруы тиіс деп жоспарлап отыр.

● **ГЕРМАНИЯ** елінде ковид жұқтыру дерегі артып барады. Өткен аптада бір тәулікте тіркелген науқас саны 100 мыңнан асып кеткен.

Берлинде екпені толық салдырғандар немесе ауырып жазылғандар тест тапсыруы керек. Содан кейін ғана мейрамхана, мұражай мен кинотеатрларға кіре алады. Ал бустерлік доза алғандар үшін анықтама қажет емес. Айтпақшы, 10 адамнан артық



жиналатын іс-шараларда вирусқа қарсы тест тапсыру міндетті.

● **АҚШ** мамандары «омикрон» жұқтырушылар қарасы азая түсті деп қуануда. Жалпы, жаңа штамды жұқтыру 12%-ға төмендеген. Сарапшылар мұны «омикронның» таралуының шарықтау шегі өтті деп түсіндірді. Дегенмен, қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауға кеңес береді.

● **ГРЕКИЯ** билігі вакцина егу орталықтарын уақытша жапты. Себебі, елді қар басты. Әсіресе, ел астанасы Афина мен бірнеше курорттық аймақтағы ахуал мәз емес. Мұнда көлік қозғалысы қиындап, жол апаттары көбейген. Бірнеше елдімекенге қатынау мүмкін

болмай қалған. Күннің қолайсыздығына байланысты 46 мыңнан аса білім беру мекемесі онлайн оқуға көшкен. Өуе рейстері кейінге шегерілді. Жергілікті билік тұрғындарын мүмкіндігінше тысқа шықпауға шақырып отыр.

● **ПӘКІСТАН** жерінде бір күнде ковид жұқтырған 7600 адам тіркелген. 23 науқас коронавирустан көз жұмған. Бұл елде мұндай көрсеткіш пандемия басталғалы тіркелмеген екен. Аурудың таралуын тоқтату үшін білік санитарлық шектеу шараларын қатандата бастады. Сонымен қатар, жасы 30-дан асқан тұрғындар ревакциналаудан өту керек деген шешім шығарды. Ал 12 жастан асқан жасөспірімдер мектепте оқу үшін міндетті түрде егілуі тиіс. Айта кетейік, Пәкістанда 70 млн. адам вакцина салдырған. Бұл ел тұрғындарының 32%-ы ғана.

● **ДІСҮ** бас хатшысы Тедрос Гебрейесус «омикрон» соңғы штамм емес, әлемде одан басқа да жаңа мутациялар пайда болуы мүмкін» деген мәлімдеме жасады. Оның сөзінше, коронавирус індеті аяқталып келеді деп жар салу дұрыс емес. Індетті толық еңсеру үшін тәсілеу және вакциналау науқанын тиісті деңгейде атқару қажет дейді ұйым басшысы.

Әзірлеген
Нұр ЖАМАЛ

#ЕКПЕАЛ

Алматы қаласында бір тәулікте 2917 адам коронавирусқа қарсы вакцина салдырды. Бұл туралы қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасы хабарлады.

Ревакциналау қарқын алды



«25 қаңтар күні 2917 алматылық вакцина салдырды. Вакцина салдырғандар саны бойынша Алматы қаласы еліміз бойынша алдыңғы орында. Өткен жылдың 1 ақпаны мен биылғы 25 қаңтар аралығында қалада 1 067 233 тұрғын вакцинаның бірінші компонентін, 1 030 813 адам екінші компонентін салдырған. Оның ішінде 123 997 адамның жасы 60-тан асқан», – деп хабарлады басқармадан.

Бүгінгі таңда Pfizer (Comirnaty) компаниясының екпесін 39 254 адам салдырды. Оның ішінде 2094-і – жүкті әйел, 8 515-і – бала емізетін ана, ал 28 645-і – жасөспірім. Ревакциналаудан 131 620 алматылық өтті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

100 КҮН – 100 СҰРАҚ

Министрлікке ұсыныс жолдай аласыз

Денсаулық сақтау министрлігі медициналық көмектің сапасын жақсарту мақсатында қазақстандықтардан 100 күн бойы ұсыныстар қабылдайды. Бұл туралы ведомство басшысы Ажар ҒИНИЯТ мәлім етті.

«Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» негізгі қағидаттарын іске асырудың маңыздылығын назарға ала отырып, Денсаулық сақтау министрлігі азаматтардың сауалдарына уақытылы және тез көңіл бөліп, ел азаматтарының өмірі мен денсаулығын сақтау жөніндегі әлеуметтік саясаттың басым міндеттерін іске асыру бойынша бүкіл күші-жігерін жұмсайды. Созан байланысты жұмыста ашықтық пен жариялылықты ұстанып, біздің азаматтарымыздың мүдделеріне басымдық бере отырып, бюрократиясыз, қарапайым азаматтардың, қоғам мүшелерінің қатысуымен сіздермен ашық диалог құру үшін қолдау көрсетуге шақырамыз және денсаулық сақтау жүйесін жақсарту үшін «100 күн – 100 сұрақ» бірлескен жобасының басталғаны туралы хабарлаймыз. Төменде көрсетілген әлеуметтік желілердегі аккаунттар мен электрондық поштаға медициналық көмектің сапасын жақсарту мен денсаулық сақтаудың басқа да аспектілері туралы өз ұсыныстарыңызды енгізуді сұраймын», – деп жазды министр Facebook парақшасында.

Денсаулық сақтау министрлігіне келесі байланыс тетіктері арқылы арыз-ұсыныс жолдауға болады: электронды пошта – 100dnei100voprosov@mail.kz; ресми сайт – <https://www.gov.kz/memleket/entities/dsm/?lang=ru>; әлеуметтік желілердегі ресми парақшалар – https://instagram.com/healthcare.gov.kz?utm_medium=copy_link; <https://www.facebook.com/MinzdravRK>

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЕМ-ДОМ

Дауасы бар

«Омикронды» емдеуде дәрігерлер коронавирустың басқа штамдарында қолданған 8 препараттың өз тиімділігін көрсеткенін мәлімдеді.

Бұл Кент университеті мен Гете атындағы Франкфурт университеті ғалымдары жүргізген зерттеулер нәтижесінде анықталған.

Жаңа штамға қарсы тұруға қауқарлы препараттар: EIDD-1931 (молнупиравирдің белсенді метаболиті), рибавирин, ремдесивир, фавиправир, PF-07321332 (нирматрелвир, паксловидтің белсенді ингредиенті), нафамостат, камостат және апротинин.

Сондай-ақ, ғалымдар «омикрон» жұқтырған науқастардың дерттің ауыр түрлерімен азырақ ауыратын себебін де атады. Бұл штам дененің барлық жасушасында болатын интерферон деп аталатын реакцияның басылуына ерекше сезімтал болатындығына байланысты көрінеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ДҮЙСЕНБІ
31 ҚАҢТАР

Almaty™ АЛМАТЫ

- 7.00 Әсем әуен
8.00 Таңғы студия
10.00 Мультфильм
12.00 Үздік әзілдер
13.00 Телехикая. Саған сенемін 5 серия
14.00 Телехикая. Гюмюш 5 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Ваш ДГД
15.40 Телесериал. Безопасность 7, 8 серия
17.40 Алматинские истории
18.05 Әсем әуен
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Басты назарда (тікелей эфир)
20.35 Телехикая. Гюмюш 6 серия
21.35 Телехикая. Саған сенемін 6 серия
22.35 Телесериал. Безопасность 3 серия
23.35 Телехикая. Жігіттің сабаздары 17 серия
0.35 Қорытынды жаңалықтар/ Итоговые новости
1.35 Сәуле-ғұмыр
2.35 Өмір иірімі
3.20 Дала сазы
3.50 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 Әнұран

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Әнұран
6.05 «Қазба қазыналары». Деректі фильм.
6.25 «Mäsele». Әлеуметтік-сараптамалық бағдарлама.
7.00 «Әке». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2015 ж.) (с субтитрами)
8.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Дениз». Телехикая. (Түркия, 2016–2018 ж.ж.)
12.00 «Үміт». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2021 ж.)
13.00 AQPAPAT
13.10 «Қызық екен...».
14.00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир
15.00 AQPAPAT
15.15 «Арта». Сараптамалық бағдарлама.
16.10 «Ақжауын». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2021 ж.)
17.00 AQPAPAT
17.15 «Қызық екен...».
18.00 «ДЕНИЗ». Телехикая. (Түркия, 2016–2018 ж.ж.)
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21.30 «ҮМІТ». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2021 ж.)
22.30 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ». Телехикая. (Түркия, 2020 ж.) (с субтитрами)
23.30 «Ақжауын». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2021 ж.)
0.20 AQPAPAT
0.55 «Ashyq alaŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу.
1.40 «Қазба қазыналары». Деректі фильм.
2.00 Әнұран

ХАБАР

- 5.00 ҚР Әнұраны
5.00 Кино. «Турист»
7.00 Тікелей эфирде «Таңғы хабар»
10.00 Мегахит. «Саботаж»
12.00 «За что я люблю Казахстан и казахстанцев»
13.00 Телехикая. «Шайқалған шаңырақ»
15.00 «Бүгін». Тікелей эфир
16.00 Телесериал. «Заговоренный»
18.00 Мегахит. «Безумный куш»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Отдел журналистских расследований»
21.00 Итоги дня
21.30 Телехикая. «Келінжан»
22.30 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «Түнгі хабар»
0.00 Әсем әуен
0.30 «Біреудің есебінен» деректі драмасы
1.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия (қазақша)
07.00 What's up? (қазақша)
07.30 Сериал «Базарбаевтар» (қазақша)
08.30 31 Әзіл
09.30 «Акимат қайда қарап отыр?» телехикаясы (қайталау)
10.00 Мультсериал «Маша и Медведь»
11.30 Үнді сериалы «Ханшайым» (қайталау)
13.00 Түрік сериалы «Ұшқан ұя» (қайталау)
14.00 Мультсериал «Тимон и Пумба»
15.00 Ералаш
15.55 КИНО. Холли Берри в триллере «Тревожный вызов» (повтор)
18.00 Т/сериал «Кухня» (повтор)
19.00 Т/сериал «Кухня»
20.00 Информбюро (рус/қазақша)
21.00 Түрік сериалы «Ұшқан ұя»
21.55 Үнді сериалы «Ханшайым»
23.10 «Акимат қайда қарап отыр?» телехикаясы
23.50 КИНО. Жан-Клод Ван Дамм в боевике «Колония»
01.40 31 Әзіл
02.30 Кел, татуласайық! (қазақша)
04.30 What's up? (қазақша)
05.00 Ризамын (қазақша)

ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
7.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
8.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
9.00 «ПОЛЕ ЧУДЕС»
10.20 «ЛЕТНИЙ СНЕГ». Многосерийный фильм
14.00 «112». Прямой эфир
14.15 «112». Тікелей эфир
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 Никита Салопин, Кирилл Жандаров, Мария Валешная,

- Ольга Олексий в многосерийном фильме «ПРИГОВОР ИДЕАЛЬНЬИ ПАРЫ»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Премьера. Максим Щёголев, Иван Кокорин, Глеб ГERVASSIЕВ в многосерийном фильме «ТРИ КАПИТАНА»
0.20 Анна Банщикова в многосерийном фильме «ИЩЕЙКА». Новый сезон
1.20 Ночной кинотеатр. «ОТЕЛЬ «ТОЛЕДО»
2.10 «112». Криминальные новости
2.25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
2.50 «112». Тікелей эфир
3.05 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...» бағдарламасы
До 04.30



7-КАНАЛ

- 06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Ерке мұң»
08.00 «ОЯН, QAZAQSTAN» таңғы бағдарламасы
10.00 Т/с «Гадалка»
11.00 Т/с «Дурная кровь»
13.00 Скетчком «Q-елі»
13.30 Т/х «Бастық боламын»
14.30 Т/х «Ерке мұң»
15.30 Т/с «Домик на счастье»
16.30 Т/с «Гадалка»
17.30 Премьера! Т/с «Көзайым»
19.00 Вечерняя программа «Студия 7»
19.30 Т/с «Спецы»
21.21 Сериал «Сержан братан»
22.40 Т/х «Бастық боламын»
23.35 Т/с «Көзайым»
01.10 Т/с «Домик на счастье»
02.10 Т/с «Побег из аула»
02.30 Т/п «Тамаша 7 км»
03.20 Т/х «Япырай»
04.00 Т/п «Айна-online»
05.00 Т/п «Қуырдақ»



КТК

- 07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
07.30 «КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ», түрік телехикаясы. С субтитрами на русском
11.30 «ДОМ КУЛЬТУРЫ И СМЕХА» (повтор)
12.20 «ПЕС-4», остросюжетный детектив. В ролях: Никита Панфилов, Андрей Саминин
16.10 «НУЛЕВОЙ ЦИКЛ», мелодрама (повтор)
18.00 «ЖАЛА МЕН ЖАУЫЗДЫҚ». Өзбек телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ. ТАНЫССЫЗ ТАНЫЛҒАНДАР», ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 Премьера! «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ-2», мелодрама. В ролях: Дмитрий Ратомский, Дана Абызова, Сергей Калантай.
23.20 «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ», остросюжетный детектив. В ролях: Олег Штефанко, Анна Большова, Алексей Булдаков
01.10 «ПЕС-4», остросюжетный детектив (повтор)

- 03.00 «КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ», түрік телехикаясы (қайталау)
04.00-04.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

- 7.00 Әнұран
7.05 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Қайрат» – «Тұран»
8.50 «ЗВЕЗДНАЯ РАЗМИНКА». Виктория Ан, Елизавета Еропкина
9.00 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасы. «Интер» (Италия) – «Шахтер Донецк» (Украина)
10.50 «Моя Олимпиада». Елена Хрусталева
11.20 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. «Қарағанды» – «Алтай-2». (Әйелдер). 2 тур
13.30 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа мен Конференция Лигасының журналы
14.20 ФУТЗАЛ. Еуропа Чемпионаты. Қазақстан – Италия
16.10 «Темірқазық». Деректі фильм
16.35 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. «Буревестник» – «Павлодар». (Ерлер). 2 тур
18.45 «Моя Олимпиада». Владимир Смирнов
19.20 ФУТЗАЛ. Еуропа Чемпионаты. 1/4 финал. Тікелей эфир
21.10 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
22.00 Специальный проект. (Юлия Галышева)
22.20 ФУТЗАЛ. Еуропа Чемпионаты. 1/4 финал. Тікелей эфир
0.10 «Мәнерлеп сырғанаудың хас шебері». Денис Тен. Арнайы репортаж
Әнұран
0.25

balapan BALAPAN

- 7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
7.30 «Топбасшы Юху» Мультхикая.
8.10 «Супер Зак» Мультхикая.
8.40 Анимация. Отандық / «Сәби»
9.00 Анимация. Отандық / «Сақалар»
9.40 «Сиқырлы ас үй» Мультхикая.
10.00 Анимация. Отандық / «Қызғалдақтар мекені»
10.10 «Клео мен Кукин» Мультхикая.
10.40 Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
11.20 «Мисс Кәусар» танымдық жобасы
11.30 Анимация. Отандық / «Еркелер»
11.40 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
12.05 «Табиғат сақшылары» ситкомы
12.30 Анимация. Отандық / «Алпамыс»
12.50 «Горм сақшылары» Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық / «Балапан және оның достары»
13.25 «Хайди» Мультхикая.
13.50 «Винкстер клубы» Мультхикая.

- 14.20 Анимация. Отандық / «Бұзығым»
14.40 Анимация. Отандық / «Еркетай»
15.00 «Тайоның бастан кешкендері» Мультхикая.
15.25 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
15.40 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
16.05 Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
16.35 «Сау болайық!» танымдық бағдарламасы
16.45 Анимация. Отандық / «Сақалар»
17.15 «Сырлы әлемге саяхат» Мультхикая.
17.35 DISNEY ұсынады. «Шебер Мэнни» Мультхикая.
18.00 Анимация. Отандық / «Сәби»
18.10 «Ауыл жұлдыздары» телехикаясы
18.50 «Мисс Кәусар» танымдық жобасы
19.00 «Сиқырлы ас үй» Мультхикая.
19.20 Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
20.00 Анимация. Отандық / «Еркелер»
20.10 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
20.20 «Табиғат сақшылары» ситкомы
20.40 Анимация. Отандық / «Алпамыс»
21.00 «Табиғат таңғажайыптары» танымдық жобасы
21.10 «Қазына іздеушілер» Мультхикая.
21.30 «Клео мен Кукин» Мультхикая.
22.00 Анимация. Отандық / «Балапан және оның достары»
22.10 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.25 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
22.50 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
23.05 «Хайди» Мультхикая.
23.30 Анимация. Отандық / «Бұзығым»
23.40 Анимация. Отандық / «Еркетай»
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

TALIMTV TALIMTV

- 07.05 Сүбелі сөз (Қазақша) – сұхбат
07.40 Syrym story
08.10 Тәтті time
09.00 «Сырласайық» – Қайталау
10.00 Ем болсын
10.10 Қалақай
10.30 Dara til
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе» – Қайталау
12.00 Ем болсын
12.10 Фибратты ғұмырлар
13.10 Ем болсын
13.20 Абайдың жолы
14.10 Talim speakers
14.50 Ем болсын
15.00 «Сырласайық» – Тікелей эфир
16.00 «Үлкен үй 2» – телехикая
17.00 Ем болсын
17.10 «Summary 100 кітап»
17.50 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.00 Қазақ спорты
19.10 Өнер қырандары
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Маңызды мәселе» – Тікелей эфир
21.00 «Үлкен үй 2» – телехикая
22.00 Руханият
22.30 ТамашаLike
23.00 Рухани байлық
23.30 По душам



СЕЙСЕНБІ 1 АҚПАН

Almaty™ АЛМАТЫ

7.00 Әсем әуен
8.00 Таңғы студия
10.00 Мультфильм
12.00 Үздік әзілдер
13.00 Телехикая. Саған сенемін 6 серия
14.00 Телехикая. Гюмюш 6 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Телесериал. Долгий путь домой 1, 2 серия
17.30 Алматинские истории
17.55 Әсем әуен
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Akimat live (тікелей эфир)
20.35 Телехикая. Гюмюш 7 серия
21.35 Телехикая. Саған сенемін 7 серия
22.35 Телесериал. Безопасность 4 серия
23.35 Телехикая. Жігіттің сабаздары 18 серия
0.35 Қорытынды жаңалықтар/ Итоговые новости
1.35 Сәуле-ғұмыр
2.35 Өмір иірімі
3.20 Дала сазы
3.50 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 Өнұран

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Өнұран
6.05 «Қазба қазыналары». Деректі фильм.
6.25 AQPAPAT
7.00 «Әке». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2015 ж.) (с субтитрами)
8.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Дениз». Телехикая. (Түркия, 2016–2018 ж.ж.)
12.00 «Үміт». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2021 ж.)
13.00 AQPAPAT
13.10 «Қызық екен...»
14.00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир
15.00 AQPAPAT
15.15 «Másele». Әлеуметтік-сараптамалық бағдарлама.
15.50 «Киелі Qazaqstan». Деректі фильм. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2021 ж.)
16.10 «Ақжауын». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2021 ж.)
17.00 AQPAPAT
17.15 «Қызық екен...».
18.00 «ДЕНИЗ». Телехикая. (Түркия, 2016–2018 ж.ж.)
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAN». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21.30 «ҮМІТ». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2021 ж.)
22.30 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ». Телехикая. (Түркия, 2020 ж.) (с субтитрами)
23.30 «Ақжауын». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2021 ж.)
0.20 AQPAPAT
0.55 «Ashyq alań». Қоғамдық-саяси ток-шоу.
1.40 «Теледәрігер»
2.30 Өнұран

ХАБАР

5.00 ҚР Өнұраны
5.00 Телесериал. «Заговоренный»
7.00 Тікелей эфирде «Таңғы хабар»
10.00 Мегахит. «Безумный куш»
12.00 «За что я люблю Казахстан и казахстанцев»
13.00 Телехикая. «Шайқалған шаңырақ»
15.00 «Большая неделя». Прямой эфир
16.00 Телесериал. «Заговоренный»
18.00 Мегахит. «Убить Билла»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Біздің назарда»
21.00 Итоги дня
21.30 Телехикая. «Келінжан»
22.30 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «Түнгі хабар»
0.00 Әсем әуен
0.30 «Біреудің есебінен» деректі драмасы
1.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия (қазақша)
06.30 Информбюро (қайталау)
07.30 Сериал «Базарбаевтар» (қазақша)
08.30 31 Әзіл
09.30 «Акимат қайда қарап отыр?» телехикаясы (қайталау)
10.00 Мультсериал «Маша и Медведь»
11.30 Үнді сериалы «Ханшайым» (қайталау)
13.00 Түрік сериалы «Ұшқан ұя» (қайталау)
14.00 Мультсериал «Тимон и Пумба»
15.00 Ералаш
15.50 КИНО. Милла Йовович «Обитель зла» (повтор)
18.00 Т/сериал «Кухня» (повтор)
19.00 Т/сериал «Кухня»
20.00 Информбюро (рус/қазақша)
21.00 Түрік сериалы «Ұшқан ұя»
21.55 Үнді сериалы «Ханшайым»
23.10 «Акимат қайда қарап отыр?» телехикаясы
23.50 КИНО. Николас Холт в боевике «Автобан»
01.40 31 Әзіл
02.30 Кел, татуласайық! (қазақша)
04.30 What's up? (қазақша)
05.00 Ризамын (қазақша)

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
7.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
8.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
9.00 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
10.00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
11.10 «ИЩЕЙКА 6». Многосерийный фильм
12.10 Премьера. Многосерийная мелодрама «ВЕСНА МОЕГО СЕРДЦА»
14.00 «112». Прямой эфир
14.15 «112». Тікелей эфир
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир

18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 Никита Салопин, Кирилл Жандаров, Мария Валешная, Ольга Олексий в многосерийном фильме «ПРИГОВОР ИДЕАЛЬНІ ПАРЫ»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Премьера. Максим Щёголев, Иван Кокорин, Глеб Гervассиев в многосерийном фильме «ТРИ КАПИТАНА»
0.20 Анна Банщикова в многосерийном фильме «ИЩЕЙКА». Новый сезон
1.20 Ночной кинотеатр. «ОТЕЛЬ «ТОЛЕДО»
2.10 «112». Криминальные новости
2.25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
2.50 «112». Тікелей эфир
3.05 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...» бағдарламасы
04.30 До

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Ерке мұң»
08.00 «ОЯН, QAZAQSTAN» таңғы бағдарламасы
10.00 Т/с «Гадалка»
11.00 Т/с «Спецы»
13.00 Скetchком «Q-елі»
13.30 Т/х «Бастық боламын»
14.30 Т/х «Ерке мұң»
15.30 Т/с «Домик на счастье»
16.30 Т/с «Гадалка»
17.30 Премьера! Т/с «Көзайым»
18.30 Премьера! «Aibat»
19.00 Вечерняя программа «Студия 7»
19.30 Т/с «Спецы»
21.21 Сериал «Сержан братан»
22.35 Т/х «Бастық боламын»
23.25 Т/с «Көзайым»
00.15 Т/с «Домик на счастье»
01.15 Т/с «Побег из аула»
02.00 Скetchком «Q-елі»
02.30 Т/п «Тамаша 7 км»
03.20 Т/х «Япырай»
04.00 Т/п «Айна-online»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

KTK

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ», түрік телехикаясы. С субтитрами на русском
11.20 НОВОСТИ (повтор вечернего выпуска)
12.00 «ПЕС-4», остросюжетный детектив. В ролях: Никита Панфилов, Андрей Саминин
14.10 «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ», остросюжетный детектив (повтор)
16.00 «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ-2», мелодрама (повтор)
18.00 «ЖАЛА МЕН ЖАУЫЗДЫҚ». Өзбек телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ. ТАНЫССЫЗ ТАНЫЛҒАНДАР», ток-шоу
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ-2», мелодрама. В ролях: Дмитрий Ратомский, Дана Абызова, Сергей Калантай. Премьера!
23.20 «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ», остросюжетный

детектив. В ролях: Олег Штефанко, Анна Большова, Алексей Булдаков
01.10 «ПЕС-4», остросюжетный детектив (повтор)
03.00 «КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ», түрік телехикаясы (қайталау)
04.00-04.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

7.00 Өнұран
7.05 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Астана» – «Атырау»
8.55 «ЖҰЛДЫЗБЕН ЖАТТЫҒУ». Дархан Баяхметов, Әсет Әділов
9.05 ФУТЗАЛ. Еуропа Чемпионаты. 1/4 финал
10.50 «Моя Олимпиада». Людмила Прокашева
11.10 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
11.35 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. «Қуаныш» – «Ару-Астана». (Әйелдер). 2 тур
13.05 «КЕСКЕКТИ ЕРДІҢ СОЙЫ». Арнайы жоба
13.35 ФУТЗАЛ. Еуропа Чемпионаты. 1/4 финал
15.20 «Моя Олимпиада». Елена Хрусталева
15.50 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. «Тараз» – «Ұшқын-Көкшетау». (Ерлер). 2 тур
18.35 «ШЕКТЕУЛІ МҮМКІНДІКПЕН ШЕКСІЗ ЖЕТІСТІККЕ». Деректі фильм
19.05 «Мәнерлеп сырғанаудың хас шебері». Денис Тен. Арнайы репортаж
19.20 ФУТЗАЛ. Еуропа Чемпионаты. 1/4 финал. Тікелей эфир
21.10 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
22.00 Специальный проект. (Юлия Галышева)
22.20 ФУТЗАЛ. Еуропа Чемпионаты. 1/4 финал. Тікелей эфир
0.10 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
1.00 Өнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
7.30 «Топбасшы Юху» Мультхикая.
8.10 «Супер Зак» Мультхикая.
8.40 Анимация. Отандық / «Сәби»
9.00 Анимация. Отандық / «Сақалар»
9.40 «Сиқырлы ас үй» Мультхикая.
10.00 Анимация. Отандық / «Қызғалдақтар мекені»
10.10 «Турбозаврлар» Мультхикая.
10.40 Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
11.20 «Мисс Кәусар» танымдық жобасы
11.30 Анимация. Отандық / «Еркелер»
11.40 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
12.05 «Табиғат сақшылары» ситкомы
12.30 Анимация. Отандық / «Алпамыс»
12.50 «Горм сақшылары» Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық / «Балапан және оның достары»

13.25 «Хайди» Мультхикая.
13.50 «Винкстер клубы» Мультхикая.
14.20 Анимация. Отандық / «Бұзығым»
14.40 Анимация. Отандық / «Еркетай»
15.00 «Тайоның бастан кешкендері» Мультхикая.
15.25 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
15.40 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
16.05 Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей» танымдық бағдарламасы
16.45 Анимация. Отандық / «Сақалар»
17.15 «Сырлы әлемге саяхат» Мультхикая.
17.35 DISNEY ұсынады. «Шебер Мэнни» Мультхикая.
18.00 Анимация. Отандық / «Сәби»
18.10 «Ауыл жұлдыздары» телехикаясы
18.50 «Мисс Кәусар» танымдық жобасы
19.00 «Сиқырлы ас үй» Мультхикая.
19.20 Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
20.00 Анимация. Отандық / «Еркелер»
20.10 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
20.20 «Табиғат сақшылары» ситкомы
20.40 Анимация. Отандық / «Алпамыс»
21.00 «Табиғат таңғажайыптары» танымдық жобасы
21.10 «Қазына іздеушілер» Мультхикая.
21.30 «Турбозаврлар» Мультхикая.
22.00 Анимация. Отандық / «Балапан және оның достары»
22.10 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.25 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
22.50 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
23.05 «Хайди» Мультхикая.
23.30 Анимация. Отандық / «Бұзығым»
23.40 Анимация. «Еркетай»
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

TALIMTV TALIMTV

07.05 Рухани байлық
07.40 Балалық шаққа саяхат
08.10 Қышқыл мысқыл
09.00 «Сырласайық» – Қайталау
10.00 Ем болсын
10.10 «Ерте, ерте, ертеде...» – Балалар уақыты
10.30 Orkeni style
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе» – Қайталау
12.00 Ем болсын
12.20 Talim speakers
13.10 Ем болсын
13.20 «Идея»
14.30 Маржан-коуч
14.50 Ем болсын
15.00 «Сырласайық» – Тікелей эфир
16.00 «Үлкен үй 2» – телехикая
17.10 Проза параграфы
17.30 Ем болсын
17.50 «Балалар сөзі – өсиет» – Терме
18.00 Ой-талқы
19.00 Емен-жарқын
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Маңызды мәселе» – Тікелей эфир
21.00 «Үлкен үй 2» – телехикая
22.00 Руханият
22.30 Айтыс Алтынқор
23.00 Семейный доктор
23.30 Әжемнің өңгімесі

СӘРСЕНБІ
2 АҚПАН

Almaty™ АЛМАТЫ

- 7.00 Әсем әуен
8.00 Таңғы студио
10.00 Мультфильм
12.00 Үздік әзілдер
13.00 Телехикая. Саған сенемін 7 серия
14.00 Телехикая. Гюмюш 7 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Телесериал. Долгий путь домой 3, 4 серия
17.30 Алматинские истории
17.55 Әсем әуен
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Akimat live (тікелей эфир)
20.35 Телехикая. Гюмюш 8 серия
21.35 Телехикая. Саған сенемін 8 серия
22.35 Телесериал. Безопасность 5 серия
23.35 Телехикая. Жігіттің сабаздары 19 серия
0.35 Қорытынды жаңалықтар/ Итоговые новости
1.35 Сәуле-ғұмыр
2.35 Өмір иірімі
3.20 Дала сазы
3.50 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 Әнұран

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Әнұран
6.05 «Қазба қазыналары». Деректі фильм.
6.25 AQPAPAT
7.00 «Әке». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2015 ж.) (с субтитрами)
8.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Дениз». Телехикая. (Түркия, 2016–2018 ж.ж.)
12.00 «Үміт». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2021 ж.)
13.00 AQPAPAT
13.10 «Қызық екен...».
14.00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир
15.00 AQPAPAT
15.15 «Тұлға». Деректі фильм
15.40 «ҚАЗАҚТАР». Деректі фильм. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2021 ж.)
16.10 «Ақжауын». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2021 ж.)
17.00 AQPAPAT
17.15 «Қызық екен...»
18.00 «ДЕНИЗ». Телехикая. (Түркия, 2016–2018 ж.ж.)
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21.30 «ҮМІТ». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2021 ж.)
22.30 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ». Телехикая. (Түркия, 2020 ж.) (с субтитрами)
23.30 «Ақжауын». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2021 ж.)
0.20 AQPAPAT
0.55 «Ashyq alaŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу.
1.40 «Теледәрігер»
2.30 Әнұран

ХАБАР

- 5.00 ҚР Әнұраны
5.00 Телесериал. «Заговоренный»
7.00 Тікелей эфирде «Таңғы хабар»
10.00 Мегахит. «Убить Билла»
12.00 «За что я люблю Казахстан и казахстанцев»
13.00 Телехикая. «Шайқалған шаңырақ»
15.00 «Бүгін». Тікелей эфир
16.00 Телесериал. «Заговоренный»
18.00 Мегахит. «Убить Билла 2»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Народный контроль»
21.00 Итоги дня
21.30 Телехикая. «Келінжан»
22.30 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «Түнгі хабар»
0.00 Әсем әуен
0.30 «Біреудің есебінен» деректі драмасы
1.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио (қазақша)
06.30 Информбюро (қайталау)
07.30 Сериал «Базарбаевтар» (қазақша)
08.30 31 Әзіл
09.30 «Акима́т қайда қарап отыр?» телехикаясы (қайталау)
10.00 Мультсериал «Маша и Медведь»
11.30 Үнді сериалы «Ханшайым» (қайталау)
13.00 Түрік сериалы «Ұшқан ұя» (қайталау)
14.00 Мультсериал «Тимон и Пумба»
15.00 Ералаш
15.55 КИНО. Жан-Клод Ван Дамм в боевике «Колония» (повтор)
18.00 Т/сериал «Кухня» (повтор)
19.00 Т/сериал «Кухня»
20.00 Информбюро (рус/қазақша)
21.00 Түрік сериалы «Ұшқан ұя»
21.55 Үнді сериалы «Ханшайым»
23.10 «Акима́т қайда қарап отыр?» телехикаясы
23.40 КИНО. Орlando Блум в боевике «Секретный агент»
01.40 31 Әзіл
02.30 Кел, татуласайық! (қазақша)
04.30 What's up? (қазақша)
05.00 Ризамын (қазақша)

ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
7.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
8.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
9.00 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
10.00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
11.10 «ИЩЕЙКА 6».
12.10 Премьера. Многосерийная мелодрама «ВЕСНА МОЕГО СЕРДЦА»
14.00 «112». Прямой эфир
14.15 «112». Тікелей эфир
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир

- 18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 Никита Салопин, Кирилл Жандаров, Мария Валешная, Ольга Олексий в многосерийном фильме «ПРИГОВОР ИДЕАЛЬНИ ПАРЫ»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Премьера. Максим Щёголев, Иван Кокорин, Глеб Гervассиев в многосерийном фильме «ТРИ КАПИТАНА»
15.30 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы
18.50 «СОҒАДЫ ЖҮРЕК», Мұқағали Мақатаевты еске алу кеші
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с Артуром Платоновым
22.00 «ОВРАГ», криминальная мелодрама. В главной роли Юлия Кокрятская
23.40 «ДОМ КУЛЬТУРЫ И СМЕХА» (повтор)
01.20 «КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ», түрік телехикаясы (қайталау)
03.30-
04.30 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

7.00 Әнұран
7.05 «Мәнерлеп сырғанаудың хас шебері». Денис Тен. Арнайы репортаж
7.25 ЗИМНИЕ ОЛИМПИЙСКИЕ ИГРЫ ПЕКИН 2022. СНОУБОРД. СЛОУПСТАЙЛ. Финал. (Женщины) Прямой эфир
9.05 ЗИМНИЕ ОЛИМПИЙСКИЕ ИГРЫ ПЕКИН 2022. ФИГУРНОЕ КАТАНИЕ. (Женщины)
10.25 ЗИМНИЕ ОЛИМПИЙСКИЕ ИГРЫ ПЕКИН 2022. СНОУБОРД. СЛОУПСТАЙЛ. Квалификация. (Мужчины) Прямой эфир
12.40 ЗИМНИЕ ОЛИМПИЙСКИЕ ИГРЫ ПЕКИН 2022. БИАТЛОН. Финал
14.25 ЗИМНИЕ ОЛИМПИЙСКИЕ ИГРЫ ПЕКИН 2022. КОНЬКОБЕЖНЫЙ СПОРТ. Финал. 5000 м. (Мужчины)

16.35 ЗИМНИЕ ОЛИМПИЙСКИЕ ИГРЫ ПЕКИН 2022. ФИГУРНОЕ КАТАНИЕ. (Мужчины)
17.35 ЗИМНИЕ ОЛИМПИЙСКИЕ ИГРЫ ПЕКИН 2022. ПРЫЖКИ НА ЛЫЖАХ С ТРАМПЛИНА. Финал. (Мужчины)
18.30 ЗИМНИЕ ОЛИМПИЙСКИЕ ИГРЫ ПЕКИН 2022. ФРИСТАЙЛ. МОГУЛ. Квалификация. (Женщины)
19.10 «Мәнерлеп сырғанаудың хас шебері». Денис Тен. Арнайы репортаж
19.20 ФУТЗАЛ. Еуропа Чемпионаты. 3 орын үшін матч. Тікелей эфир
21.10 СТУДИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА. Тікелей эфир
21.45 «Моя Олимпиада». Елена Хрусталева
22.20 ФУТЗАЛ. Еуропа Чемпионаты. Финал. Тікелей эфир
0.20 ЗИМНИЕ ОЛИМПИЙСКИЕ ИГРЫ ПЕКИН 2022. ПРЫЖКИ НА ЛЫЖАХ С ТРАМПЛИНА. Финал. (Мужчины)
Әнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Ғажайып әлем»
7.25 Анимация. Отандық / «Тынымсыз шөжелер»
7.45 «Пороро» Мультхикая.
8.10 «Көртышқан мен панда» Мультхикая.
8.35 Анимация. Отандық / «Ұры мен қасқыр»
8.50 Анимация. Отандық / «Томпи»
9.15 «Алақай, балақай!» Таңертеңгілік жаттығу
9.30 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
10.10 Анимация. Отандық / «Балапан және оның достары»
10.40 «Күн сәулелі көжектер» Мультхикая.
11.10 Анимация. Отандық / «Әсем әуен»
11.30 «Байқа, балақай!» танымдық жобасы
11.40 «Смайктиктер» Мультхикая.
12.10 «Айдаһар Дигби» Мультхикая.
12.40 Анимация. Отандық / «Сәби»
13.10 «Супер әке» Мультхикая.
13.35 Анимация. Отандық / «Жібек»
13.50 Анимация. «Еркелер»
14.05 Анимация. Отандық / «Маржан тіс»
14.30 «Қайталайық!» жаттығу
14.45 DISNEY ұсынады. «Шебер Мэнни» Мультхикая.

15.10 Анимация. Отандық / «Айдар»
15.40 Анимация. Отандық / «Қызыл мен Күлгін»
16.05 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
16.20 «Жасөспірім Марко Полоның хикаялары» Мультхикая.
16.45 «Пороро» Мультхикая.
17.10 Анимация. Отандық / «Қадырдың бақыты»
18.00 Анимация. Отандық / «Тынымсыз шөжелер»
18.15 «Байқа, балақай!» танымдық жобасы
18.25 «Көртышқан мен панда» Мультхикая.
18.50 Анимация. Отандық / «Бұзығым»
19.05 «Смайктиктер» Мультхикая.
19.35 Анимация. Отандық / «Балапан және оның достары»
20.10 Анимация. Отандық / «Әсем әуен»
20.25 Анимация. Отандық / «Томпи»
20.55 «Қайталайық!» жаттығу
21.10 «Айдаһар Дигби» Мультхикая.
21.40 «Жасөспірім Марко Полоның хикаялары» Мультхикая.
22.10 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.25 Анимация. Отандық / «Жібек»
22.55 Анимация. Отандық / «Еркелер»
23.15 Анимация. Отандық / «Бұзығым»
23.35 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

TALIMTV TALIMTV

07.05 Балалық шаққа саяхат
07.40 Ғибратты ғұмырлар
08.10 Ой-талқы
09.00 Тәтті time – Аспаз уақыты
09.40 Айтыстар. Алтын қор
10.00 Ем болсын
10.10 «Баланы бала деменіз» – Балалар уақыты
10.30 Orken style
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ем болсын
12.20 Рухани байлық
13.10 Ем болсын
13.20 «Бір келіншек» – телехикая
14.50 Ем болсын
15.00 «Бір келіншек» – телехикая
17.30 Ем болсын
17.50 «Бір келіншек» – телехикая
19.30 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Бір дубль»
21.00 ОңLine
22.00 Talim Speakers
22.30 Руханият
23.00 Абайдың жолы
23.30 «Сырласайық» Психологиялық бағдарламасы

ДҮЙСЕНБІ
31 ҚАҢТАР

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)
6.15	«Поле чудес» (16+)
7.15	«Жить здорово!» (16+)
8.05	«Модный приговор» (6+)
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» (16+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай поженимся!» (16+)
13.15	«Мужское / Женское» (16+)
14.05	«Время покажет» с Артемом Шейниным (16+)
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«На самом деле» (16+)
16.50	«Пусть говорят» (16+)
18.00	«Время»
18.30	Премьера. Любовь Аксенова, Ирина Пегова, Виктор Сухоурков в многосерийном фильме «Цыпленок жареный» (16+)
20.10	«Вечерний Ургант» (18+)
20.55	«Познер» (16+)
21.50	«Время покажет» (16+)
0.00	Новости
0.05	«Время покажет» (16+)
1.05	«Мужское / Женское» (16+)



НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Олег Чернов, Дарья Юргенс, Иван Паршин, Анна Большакова в остросюжетном сериале «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. СЕВЕРНЫЕ РУБЕЖИ».
	«Радуга над Арктикой» (начало).
	«Сегодня».
10.00	Сериал. «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. СЕВЕРНЫЕ РУБЕЖИ».
10.25	«Радуга над Арктикой» (продолжение), «Дроны».
13.00	«Сегодня».
13.25	«Чрезвычайное происшествие».
14.00	«Место встречи».
16.00	«Сегодня».
16.45	«За гранью».
17.55	«ДНК».
19.00	«Сегодня».
20.00	Премьера. Денис Шведов, Сергей Маковецкий, Антон Васильев, Артур Смольянинов в детективном сериале «ВОЛК». 1-я и 2-я серии.
22.05	Алексей Гуськов, Юлия Ауг, Виталий Коваленко, Юрий Ицков в детективном сериале «ЛИЧНОСТЬ НЕ УСТАНОВЛЕНА».
	1-я и 2-я серии.
0.10	«Основано на реальных событиях».
	«Грибулина. Тайная жизнь».
	1-я серия.
1.00	«Сегодня».
1.15	Владимир Стеклов, Марина Волкова, Алексей Янин, Андрей Стоянов в остросюжетном сериале «СВЕТ И ТЕНЬ МАЯКА».
	52-я - 55-я серии.
5.00	«Квартирный вопрос».

СЕЙСЕНБІ
1 АҚПАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)
6.15	«Пусть говорят» (16+)
7.15	«Жить здорово!» (16+)
8.05	«Модный приговор» (6+)
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» (16+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай поженимся!» (16+)
13.15	«Мужское / Женское» (16+)
14.05	«Время покажет» с Артемом Шейниным (16+)
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«На самом деле» (16+)
16.50	«Пусть говорят» (16+)
18.00	«Время»
18.30	Премьера. «Цыпленок жареный». Многосерийный фильм (16+)
20.05	«Вечерний Ургант» (16+)
20.35	Премьера. К юбилею Льва Лещенко. «Все, что в жизни есть у меня» (12+)
	«Время покажет» (16+)
21.35	Новости
0.00	«Время покажет» (16+)
0.05	«Мужское / Женское» (16+)
0.50	«Мужское / Женское» (16+)



НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Олег Чернов, Дарья Юргенс, Иван Паршин, Анна Большакова в остросюжетном сериале «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. СЕВЕРНЫЕ РУБЕЖИ».
	«Сеть» (продолжение), «Изменчивые».
	«Сегодня».
10.00	«Чрезвычайное происшествие».
10.25	«Место встречи».
	«За гранью».
13.00	«ДНК».
13.25	«Сегодня».
	Премьера. Денис Шведов, Сергей Маковецкий, Антон Васильев, Артур Смольянинов в детективном сериале «ВОЛК». 3-я и 4-я серии.
22.00	Алексей Гуськов, Юлия Ауг, Виталий Коваленко, Юрий Ицков в детективном сериале «ЛИЧНОСТЬ НЕ УСТАНОВЛЕНА».
	3-я и 4-я серии.
0.10	«Основано на реальных событиях».
	«Грибулина. Тайная жизнь».
	2-я серия.
1.00	«Сегодня».
1.15	Владимир Стеклов, Марина Волкова, Алексей Янин, Андрей Стоянов в остросюжетном сериале «СВЕТ И ТЕНЬ МАЯКА».
	56-я - 59-я серии.
	«Дачный ответ».
5.00	

СӘРСЕНБІ
2 АҚПАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)
6.15	«Пусть говорят» (16+)
7.15	«Жить здорово!» (16+)
8.05	«Модный приговор» (6+)
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» (16+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай поженимся!» (16+)
13.15	«Мужское / Женское» (16+)
14.05	«Время покажет» с Артемом Шейниным (16+)
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«На самом деле» (16+)
16.50	«Пусть говорят» (16+)
18.00	«Время»
18.30	Премьера. «Цыпленок жареный». Многосерийный фильм (16+)
19.20	Премьера сезона. «Док-ток» (16+)
20.05	«Вечерний Ургант» (16+)
20.45	Премьера. «Лихая музыка атаки» (12+)
21.40	«Время покажет» (16+)
0.00	Новости
0.05	«Время покажет» (16+)
0.55	«Мужское / Женское» (16+)



НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Олег Чернов, Дарья Юргенс, Иван Паршин, Анна Большакова в остросюжетном сериале «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. СЕВЕРНЫЕ РУБЕЖИ».
	«Сверхсекретная миссия» (начало).
	«Сегодня».
10.00	Сериал. «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. СЕВЕРНЫЕ РУБЕЖИ».
10.25	«Сверхсекретная миссия» (продолжение), «Чужие среди своих».
	«Сегодня».
13.00	«Чрезвычайное происшествие».
13.25	«Место встречи».
14.00	«Сегодня».
16.00	«За гранью».
16.45	«ДНК».
17.55	«Сегодня».
19.00	Премьера. Денис Шведов, Сергей Маковецкий, Антон Васильев, Артур Смольянинов в детективном сериале «ВОЛК». 5-я и 6-я серии.
22.05	Алексей Гуськов, Юлия Ауг, Виталий Коваленко, Юрий Ицков в детективном сериале «ЛИЧНОСТЬ НЕ УСТАНОВЛЕНА». 5-я и 6-я серии.

0.15	«Основано на реальных событиях».
	«Грибулина. Тайная жизнь». 3-я серия.
1.05	«Сегодня».
1.15	«Поздняков».
1.35	Владимир Стеклов, Марина Волкова, Алексей Янин, Андрей Стоянов в остросюжетном сериале «СВЕТ И ТЕНЬ МАЯКА».
	60-я - 63-я серии.
	«Поедем, поедим!»

БЕЙСЕНБІ
3 АҚПАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)
6.15	«Пусть говорят» (16+)
7.15	«Жить здорово!» (16+)
8.05	«Модный приговор» (6+)
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» (16+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай поженимся!» (16+)
13.15	«Мужское / Женское» (16+)
14.05	«Время покажет» с Артемом Шейниным (16+)
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«На самом деле» (16+)
16.50	«Пусть говорят» (16+)
18.00	«Время»
18.30	Премьера. «Цыпленок жареный». Многосерийный фильм (16+)
19.20	«Большая игра» (16+)
20.05	«Вечерний Ургант» (16+)
20.45	Премьера. «Короли лыж. Кто получит золото Пекина?» (12+)
	«Время покажет» (16+)
21.40	Новости
0.00	«Время покажет» (16+)
0.05	«Мужское / Женское» (16+)
0.55	«Мужское / Женское» (16+)



НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Олег Чернов, Дарья Юргенс, Иван Паршин, Анна Большакова в остросюжетном сериале «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. СЕВЕРНЫЕ РУБЕЖИ».
	«Искупаемый» (начало).
	«Сегодня».
10.00	Сериал. «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. СЕВЕРНЫЕ РУБЕЖИ».
10.25	«Искупаемый» (продолжение), «Эвакуация» (заключительная серия).
	«Сегодня».
13.00	«Чрезвычайное происшествие».
13.25	«Место встречи».
14.00	«Сегодня».
16.00	«За гранью».
16.45	«ДНК».
17.55	«Сегодня».
19.00	Премьера. Денис Шведов, Сергей Маковецкий, Антон Васильев, Артур Смольянинов в детективном сериале «ВОЛК». 7-я и 8-я серии.
20.00	Алексей Гуськов, Юлия Ауг, Виталий Коваленко, Юрий Ицков в детективном сериале «ЛИЧНОСТЬ НЕ УСТАНОВЛЕНА».
	7-я и 8-я серии.
0.15	«Основано на реальных событиях».
	«Грибулина. Тайная жизнь». 4-я серия.
1.05	«Сегодня».
1.15	«ЧП. Расследование».
1.50	«Захар Прилепин. Уроки русского».
2.20	Владимир Стеклов, Марина Волкова, Алексей Янин, Андрей Стоянов в остросюжетном сериале «СВЕТ И ТЕНЬ МАЯКА».
	64-я - 67-я серии.

ЖҰМА
4 АҚПАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)
6.15	«Пусть говорят» (16+)
7.20	«Жить здорово!» (16+)
8.10	«Модный приговор» (6+)
9.00	Новости
9.05	«Время покажет» (16+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай поженимся!» (16+)
13.15	«Мужское / Женское» (16+)
14.05	«Время покажет» с Артемом Шейниным (16+)
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)

15.40	«Человек и закон» с Алексеем Пимановым (16+)
16.50	«Поле чудес» (16+)
18.00	«Время»
18.30	Шоу Максима Галкина «Лучше всех!». Новый сезон (6+)
19.50	«Вечерний Ургант» (16+)
20.35	Светлана Устинова, Анна Чиповская, Евгений Цыганов, Михаил Ефремов в фильме «Блокбастер» (16+)
22.00	Анатолий Руденко, Константин Крюков, Вениамин Смехов, Александр Яцко в фильме «Спираль» (16+)
23.40	Серго Орджоникидзе в фильме Тенгиза Абуладзе «Я, бабушка, Илико и Илларион» (12+)
	«Модный приговор» (6+)
1.10	«Давай поженимся!» (16+)
2.00	



НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Олег Чернов, Дарья Юргенс, Иван Паршин, Михаил Карпенко в остросюжетном сериале «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ-3».
	«Варяг», «Опасные игрушки» (начало).
	«Сегодня».
10.00	Сериал. «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ-3».
10.25	«Опасные игрушки» (продолжение), «Испытание на прочность», «Хабар».
	«Сегодня».
13.00	«Чрезвычайное происшествие».
13.25	«Место встречи».
14.00	«Сегодня».
16.45	«ДНК».
18.00	«Жди меня».
19.00	«Сегодня».
20.00	Премьера. Денис Шведов, Сергей Маковецкий, Антон Васильев, Артур Смольянинов в детективном сериале «ВОЛК». 9-я и 10-я серии.
22.00	Алексей Гуськов, Юлия Ауг, Виталий Коваленко, Юрий Ицков в детективном сериале «ЛИЧНОСТЬ НЕ УСТАНОВЛЕНА». 9-я серия.
	10-я серия (заключительная).
0.10	«Своя правда» с Романом Бабаевым.
2.05	«Мы и наука. Наука и мы».
3.05	Владимир Стеклов, Марина Волкова, Алексей Янин, Андрей Стоянов в остросюжетном сериале «СВЕТ И ТЕНЬ МАЯКА».
	68-я - 70-я серии.
	«И снова здравствуйте!».
5.50	

СЕНБІ
5 АҚПАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

3.00	Телеканал «Доброе утро. Суббота» (6+)
6.05	«Умницы и умники» (12+)
6.45	«Слово пастыря» (6+)
7.00	Новости
7.20	К юбилею Льва Лещенко. «Все, что в жизни есть у меня» (12+)
8.20	«Видели видео?» (6+)
9.00	Новости
9.05	«Видели видео?» (6+)
10.00	«Лихая музыка атаки» (12+)
10.50	Алексей Жарков, Александра Захарова, Игорь Нефёдов в фильме «Криминальный талант» (16+)
13.30	«Кто хочет стать миллионером?» с Дмитрием Дибровым (12+)
	«Сегодня вечером» (16+)
14.50	Премьера. Юбилейный концерт Льва Лещенко «Созвездие Льва» (12+)
16.35	«Время»
18.00	Премьера. «Созвездие Льва» (12+)
18.20	Виктория Толстоганова, Алексей Агранович, Таисия Вилкова в фильме «Выше неба» (18+)
21.05	Игорь Петренко, Александр Петров, Тимофей Трибунцев в фильме «Зима» (16+)
22.30	Алексей Сафонов, Михаил Ульянов, Владимир Михайлов, Владимир Заманский в фильме «День командира дивизии» (12+)
	«Наедине со всеми» (16+)
0.00	«Модный приговор» (6+)
0.45	«Давай поженимся!» (16+)
1.35	



НТВ-МИР

6.10	Владимир Фекленко, Светлана Брюханова, Алексей Моисеев, Александр Воеводин в детективном
------	--

	сериале «МУХТАР. НОВЫЙ СЛЕД». «Холодный блеск сапфира», «Подставное лицо».
8.00	«Сегодня».
8.20	«Смотр».
8.55	«Поедем, поедим!»
9.35	«Готовим с Алексеем Зиминим».
	«Сегодня».
10.00	Эдуард Флёров, Александра Комиссарова, Руслан Корнеков, Антон Филипенко в сериале «АГЕНТСТВО СКРЫТЫХ КАМЕР».
10.20	«Солидарность», «Секретная жизнь».
	«Главная дорога».
11.35	«Живая еда» с Сергеем Малозёмовым».
12.15	«Квартирный вопрос».
13.10	«Своя игра».
14.15	«Сегодня».
16.00	«Следствие вели...»
16.20	«Центральное телевидение» с Вадимом Такменёвым.
19.00	«Ты не поверишь!»
20.25	«Секрет на миллион».
21.20	«Международная пилорама» с Тиграном Кеосаяном
23.20	Таисия Вилкова, Сергей Шнырев, Юлия Маврина, Максим Сапрыкин в остросюжетном фильме «ВСЕМ ВСЕГО ХОРОШЕГО».
	1-я и 2-я серии.
2.20	«Квартирник НТВ у Маргулиса».
3.40	Владимир Стеклов, Марина Волкова, Алексей Янин, Андрей Стоянов в остросюжетном сериале «СВЕТ И ТЕНЬ МАЯКА».
	71-я и 72-я серии.
	«Их нравы».
5.30	

ЖЕКСЕНБІ
6 АҚПАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.50	Ирина Пегова, Анна Снаткина в многосерийном фильме «Галка и Гамаюн» (16+)
3.00	Новости
3.10	«Галка и Гамаюн» (16+)
4.45	«Играй, гармонь любимая!» (12+)
5.20	«Часовой» (12+)
5.50	«Здоровье» (16+)
6.45	«Непутёвые заметки» с Дм. Крыловым (12+)
7.00	Новости
7.10	Жанна Бадоева в проекте-путешествии «Жизнь других» (12+)
7.55	«Видели видео?» (6+)
9.00	Новости
9.10	«Видели видео?» (6+)
10.00	«Добрыня Никитич и Змей Горыныч». Анимационный фильм (6+)
11.05	Сами Насери, Марион Котийяр, Фредерик Дифенталь в фильме «Такси» (16+)
12.35	«Страна Советов. Забытые вожди» (16+)
15.15	Концерт Максима Галкина (12+)
16.25	Премьера. «Две звезды. Отцы и дети» (12+)
18.00	«Время»
19.00	Премьера. Вычисляя серийного убийцу в сериале «Хрустальный» (16+)
21.00	Наталья Медведева в комедии «30 свиданий» (16+)
22.35	Александр Яценко, Ирина Горбачёва, Александр Самойленко в фильме «Аритмия» (18+)
0.30	«Наедине со всеми» (16+)
1.15	«Давай поженимся!» (16+)



НТВ-МИР

6.05	«У нас выигрывают!»
	Лотерейное шоу.
8.00	«Сегодня».
8.20	Юлия Юрченко в сериале «ЭТАЖ». «Конец света», «Супчик дня» (заключительная серия).
	«Едим дома».
9.30	«Сегодня».
10.00	«Медицинские тайны».
10.20	«Первая передача».
10.35	«Чудо техники».
11.05	«Дачный ответ».
12.00	«НашПотребНадзор».
13.05	«Однажды...»
14.05	«Кремлёвские похороны».
15.00	«Яков Свердлов».
	«Сегодня».
16.00	«Следствие вели...»
16.20	«Новые русские сенсации».
18.05	«Итоги недели» с Ирадой Зейналовой.
19.00	«Звёзды сошлись».
20.10	Премьера. «Основано на



Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022–2026 жылдарға арналған ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

АҒЫМДАҒЫ АХУАЛДЫ ТАЛДАУ

1. Қол жеткізілген нәтижелер

Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты қоғамның сұраныстарына қарай, ұлттық практика мен озық шетелдік тәжірибені ескере отырып, ұдайы жетілдіріліп отырады.

Бұл бағытта жүйелі және кешенді тәсіл Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия) іске асыру арқылы қамтамасыз етілді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның қабылдануына орай алдын алу және қылмыстық-құқықтық құралдардың ақылға қонымды теңгерімі бар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі құрылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту және оның кез келген көрінісіне мүлдем төзбеушілік жағдайын қалыптастыру арқылы азаматтық қоғам сыбайлас жемқорлықпен күреске белсенді түрде тартылууда.

Қазақстан Республикасының Президентіне бағынатын және есеп беретін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі тәуелсіз уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) құрылды.

Агенттік мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының басты жүргізушісі бола отырып, өз қызметінде тиімді алдын алу, ауқымды ағарту, қоғаммен сындарлы әріптестік және қылмыстық-құқықтық шаралар элементтерін ұштастырады.

Жобалық басқару шеңберінде әрбір мемлекеттік орган үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша үлгілік базалық бағытты енгізу сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің үйлестіруші әлеуетін күшейтті.

Мемлекеттік қызметтегі алдын алу шаралары

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» жаңа Заңмен мемлекеттік қызметтің «мансаптық» моделіне көшу қамтамасыз етілді, ашық конкурстық іріктеу, құзыреттілік негізінде ілгерілету тетіктері арқылы меритократия қағидаттары енгізілді. Командалық ауысулар үшін жасалатын жағдайлар азайтылып, мемлекеттік қызметшілердің тиімділігін бағалау жүйесі түбегейлі қайта қаралды, жұмыс нәтижелеріне байланысты еңбекке ақы төлеудің жаңа жүйесін сынап көру жүргізілді.

Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі қолданылууда, жергілікті және орталық мемлекеттік органдарда әдеп жөніндегі уәкілдер институты құрылды. Әдеп жөніндегі кеңестер жұмыс істейді.

Мемлекеттік қызметшілер, Парламент депутаттары мен судьялар үшін шетелдік банктерде шоттарды иеленуге сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа шектеу енгізілді.

Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген, оларға теңестірілген адамдарға және олардың отбасы мүшелеріне қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты сыйлықтарды алуға және сыйға тартуға толық тыйым салу көзделген.

Аталған адамдардың жақын туыстарымен, жұбайларымен және жекжаттарымен бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу туралы нормалар күшейтілді. Мемлекеттік лауазымға кандидаттар мемлекеттік ұйымда жұмыс істейтін туыстары туралы хабардар етуге міндетті.

Қаржылық бақылау шаралары жетілдірілді. 2021 жылы мемлекеттік қызметшілер, оларға теңестірілген тұлғалар, сондай-ақ олардың жұбайлары жалпыға бірдей декларациялау шеңберінде өздерінің барлық активтерін тіркеп, «кіріс» декларацияларын ұсынды. 2022 жылдан бастап кірістер мен шығыстарды салыстыру жүзеге асырылатын болады.

Әкімдердің қызметін бағалау «сыбайлас жемқорлық деңгейі» нысаналы индикаторымен толықтырылды және сыбайлас жемқорлық индексінің өмірлік өлшеу әдістемесі бекітілді.

Соттар мен құқық қорғау органдарында сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын барынша азайту

Судьяларды іріктеу және бағалау жүйесі жақсартылды. Облыстық және оларға теңестірілген соттарда судьяның әдебі жөніндегі комиссиялар жұмыс істейді. Жоғарғы Соттың жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің ішкі қауіпсіздік және соттарда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бөлімі құрылды.

«Татуластырушы судья» лауазымы енгізілді, бұл соттарға жүктемені үш есе азайтты: істердің жартысына жуығы татуласумен аяқталуда, тараптар сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтып, дауды өздері шешуде.

Сот процестері онлайн-режимге ауыстырылды. Істерді автоматты бөлу алгоритмінде айла-шарғы жасау мүмкіндігі жойылды.

Зан үстемдігі қағидатын сөзсіз қолдану мақсатында, халықаралық бизнестің азаматтық және коммерциялық дауларын жедел шешу үшін ерекше құқықтық режим шеңберінде жұмыс істейтін «Астана» халықаралық қаржы орталығының Тәуелсіз соты құрылды.

Азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау кепілдіктерін күшейтуге, жазалаудың бұлтартпастығына және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған қылмыстық процестің үш буындағы моделі енгізілуде.

Пениденциарлық мекемелерде және полицияның қызметтік үй-жайларында, сондай-ақ құқық қорғау органдарының барлық жедел-тергеу бөлімшелерінде жаппай бейне-байқау енгізілуде.

Күнделікті практикада сотқа дейінгі тергеп-тексерудің,

әкімшілік іс жүргізудің, тексеру субъектілері мен объектілерін есепке алудың электрондық жүйелері, сондай-ақ «Qamqor» ақпараттық сервисі қолданылады.

Құқық бұзушылардың лауазымды адамдармен тікелей байланысын болдырмайтын «Сергек» жол жүрісін бейне-бақылау практикасын кеңейту құқық қорғау органдарының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету үшін цифрландыруды пайдаланудың жарқын мысалы болып табылады.

Құқық қорғау жүйесіне мемлекеттік қызметте қолданылатын рекрутинг стандарттарын енгізу іріктеудің айқындылығын және тиісінше, кадрлардың сапасы мен «тазалығын» қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілігін күшейтумен қатар, олардың жалақысын арттыру бойынша шаралар қабылданды, сондай-ақ жекелеген санаттарға тұрғын үйді жалға алу және сатып алу шығындарын өтеу көзделген.

Қоғамдық бақылауды кеңейту, мемлекеттік органдардың ашықтығын қамтамасыз ету

Қазақстанда үкіметтік емес ұйымдардың тұтас қатары әрекет ететін қоғамдық бақылау күшейтілді.

Ұлттық алдын алу тетігі, қоғамдық байқаушы комиссиялар белсенді жұмыс істеуде. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі құрылды.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы шеңберінде азаматтық қоғамды шешімдер қабылдау процестеріне тарту үшін тиімді институционалдық-құқықтық негіз қалыптастырылды.

«Қоғамдық кеңестер туралы» Заңға өзгерістер енгізу арқылы қоғамдық кеңестердің құқықтық мәртебесі кеңейтілді.

Қоғамдық бақылауды енгізу процесінде саяси партиялар маңызды рөл атқарады. Nur Otan партиясы 2025 жылға дейінгі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасын қабылдады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірқатар бастамалар «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарлама шеңберінде іске асырылууда.

Жұртшылық өкілдерінен құрылған арнаулы мониторингтік топ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның іске асырылуын бағалауды қамтамасыз етті.

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңда қоғам алдында есеп беретін және транспарентті мемлекетті қалыптастыру үшін негіздер қаланды.

«Ашық үкімет» электрондық платформасында ашық деректердің бес порталы құрылды: «Ашық бюджеттер», «Ашық НҚА», «Ашық деректер», «Мемлекеттік органдардың тиімділігін бағалау», «Ашық диалог».

Бұл ресурстар азаматтардың бюджеттік бағдарламаларды, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылауға қатысуына, статистикалық ақпарат алуына және мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшыларына проблемалық мәселелермен жүгінуіне мүмкіндік береді.

«Е-Өтініш» арнаулы сервисін енгізу арқылы азаматтардың жолдандырымен жұмысты қайта іске қосу жүзеге асырылды, ол шағымдарды ыңғайлы және жылдам беруге, олардың қаралуын онлайн-режимде қадағалауға мүмкіндік береді.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылдануына орай жария-құқықтық дауларды қарау кезінде жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктері енгізілді, сондай-ақ билік органдарының шешімдер қабылдау процесіне азаматтардың қатысу кепілдіктері күшейтілді.

Жұртшылық қатарынан 150 тәуелсіз сарапшыны тарта отырып, 11,2 мың нормативтік құқықтық актінің жобасына сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізілді, бұл 30 мыңнан астам сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға мүмкіндік берді.

Өңірлік мәні бар маңызды мәселелерді шешуге азаматтардың қатысуына негізделген жергілікті өзін-өзі басқарудың тиімді моделі дамытылууда.

Астананың, республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың тұрғындарына аумақтарды абаттандыру, көгалдандыру және санитариялық тазарту жөніндегі жобаларға бастамашылық етуге мүмкіндік беретін «халық қатысатын бюджет» енгізілді.

Бюджеттің төртінші деңгейін қалыптастыру арқылы ауыл халқының бюджет қаражатының не үшін жұмсалатынын дербес анықтау мүмкіндігі бар.

Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық округтердің, кенттер мен ауылдардың әкімдерін сайлау енгізілді.

«Адалдық алаңы» жобасының ауқымы ел бойынша кеңейтілді, ол сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелерінде мемлекеттік органдардың азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл арналарын құруға мүмкіндік берді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру, парасаттылық идеологиясын және сыбайлас жемқорлыққа «мүлдем төзбеушілікті» ілгерілету

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық қозғалысқа барлық мүдделі топтар: оқушылар, студенттер, оқытушылар, мемлекеттік қызметшілер, кәсіпкерлер, инвесторлар, тәуелсіз сарапшылар, еріктілер және басқалар тартылған.

Бакалавриаттың барлық мамандықтары бойынша білім беру бағдарламалары «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» элективті пәнімен толықтырылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары стандарттары бар қазақстандық бірқатар жоғары оқу орындары Академиялық адалдық лигасына бірікті.

Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлайтын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдемдесетін азаматтарды көтермелеудің сараланған жүйесі енгізілді. Енді сыйақылар бұрынғыдай белгіленген мөлшерде емес, параның немесе келтірілген залалдың мөлшеріне қарай

төленеді. Ең жоғары төлем төрт мың айлық есептік көрсеткішті құрауы мүмкін.

Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру бойынша кешенді шаралар қабылданды. «Транспаренсі Қазақстан» қоғамдық қорының «2020 жылы Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық жай-күйінің мониторингі» атты зерттеуінің деректері бойынша қазақстандықтардың 60%-ы сыбайлас жемқорлықпен күресте көмек көрсетуге дайын екендіктерін білдірді.

Бизнес-процестерді автоматтандыру

Жаңа технологияларды қолдану мемлекеттік органдардың клиентке бағдарлануының басым міндетін көрсете отырып, азаматтарға электрондық және мобильдік форматтарда қызметтер көрсетуге мүмкіндік береді.

2020 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан «электрондық үкіметтің» даму деңгейі бойынша рейтингте БҰҰ-ға мүше 193 елдің арасында – 29-орынды (2018 ж. – 39), ТМД елдері арасында – 1-орынды, Азия елдері арасында 6-орынды иеленді.

«Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберіндегі кешенді және дәйекті жұмыстың нәтижесінде Қазақстанның позициясы жақсарды.

Трансформациялық процестер көптеген әлеуметтік-сезімтал салаларда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға ықпал етті.

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру әкімшілік кедергілерді және сыбайлас жемқорлықтың басқа да алғышарттарын азайтуға мүмкіндік берді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары, регламенттері мен қағидалары бірыңғай құжатқа жинақталды. Халыққа және кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарында мемлекеттік қызметтер «бір терезе» қағидаты бойынша көрсетілуде, проактивті қызметтер дамытылууда.

2020 жылы электрондық көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің үлесі – 90%, көрсетілетін қызметті алушылардың олардың сапасы мен қолжетімділігіне қанағаттану деңгейі 75,1% болды (2018 ж. – 72,4%, 2019 ж. – 74,8%).

Квазимемлекеттік және жеке ие секторларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтерді құру заңнамалық тұрғыдан бекітілді.

«Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Заң қабылданды, ол «Самұрық-Қазына» ҰҰҚ» АҚ қорының, өзге де ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың, олардың еншілес ұйымдарының сатып алуын біріздендірді.

Камералдық бақылаумен сатып алудың электрондық тетігі, жосықсыз қатысушылар тізілімі енгізілді, конкурстан тыс рәсімдер үшін талаптар жоғарылатылды.

2021 жылдан бастап есеп беруді күшейту мақсатында квазимемлекеттік секторда қоғамдық кеңестер құрылууда.

Квазимемлекеттік секторда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың әлеуетті субъектілерінің ауқымы кеңейтілді. Оларға сатып алуды ұйымдастыру және өткізу жөнінде шешімдер қабылдауға уәкілетті не мемлекеттік бюджеттен және Ұлттық қордан қаржыландырылатын жобаларды іріктеу мен іске асыруға жауапты адамдар жатқызылды.

Бизнес-қоғамдастық Қазақстан кәсіпкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі хартиясын қабылдады, ол отандық бизнесті озық халықаралық тәжірибеге негізделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қосымша тетіктерін енгізуге шақырады.

Сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті күшейту және жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз ету

Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдар үшін мемлекеттік қызметке және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа орналасуға өмір бойына тыйым салу қолданылады.

Құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, судьяларға, пара берушілер мен паракорлықтағы делдалдарға сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін санкциялар қатандатылды.

Ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін сотталғандарға мерзімінен бұрын шартты түрде босату мүмкіндігі алып тасталды. Паракорлық үшін жазаны бірден қауіпсіздігі барынша төмен мекемеде өтеуге тыйым салынды.

Мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлығы үшін дербес жауапкершілігі институты енгізілді. Ол енгізілген сәттен бастап 8 саяси қызметшінің отставкасы қабылданып, 13 саяси қызметші, басшылық деңгейдегі 98 мемлекеттік әкімшілік қызметші, күштік блоктың 109 басшысы және квазимемлекеттік сектордың 21 топ-менеджері тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Жалпы, 2018–2020 жылдары сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін 3 мыңнан астам адам сотталды, олардың ішінде 1 министр, 3 вице-министр, 8 облыс әкімі және олардың орынбасарлары, 31 қала, аудан әкімі және олардың орынбасарлары, ұлттық компаниялардың 8 басшысы бар.

Халықаралық ынтымақтастық

Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа және кірістерді жылыс-татуға қарсы іс-қимыл саласындағы негізгі халықаралық конвенцияларға, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Ыстамбұл іс-қимыл жоспарына (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) желісі шеңберінде) қосылды және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобына (ГРЕКО) кірді.



Халықаралық ұйымдармен және шетелдік сыбайлас жемқорлыққа қарсы органдармен сындарлы өзара іс-қимыл жолға қойылды.

2019 жылы ЭЫДҰ-ның Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдеріне арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы желісінің пленарлық отырысында мониторингтік топ Ыстамбұл жоспарының 4-раунды ұсынымдарының орындалуы туралы Қазақстанның аралық есебіне оң баға берді (29 ұсынымның 20-сы бойынша ілгерілеушілік байқалды).

Қабылданған шаралар қоғамдағы сыбайлас жемқорлық көріністерін одан әрі жоюдың берік іргетасын қалады, бұл 2020 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның Transparency International Сыбайлас жемқорлықты түйсіну индексында алғаш рет 38 балл (екі жылда +7 балл) жинап, 180 елдің арасында 94-орынға (екі жылда +30 позиция) ауысуына мүмкіндік берді.

2. Орта мерзімді перспективада шешуді талап ететін түйінді проблемалар

«Тұрмыстық» сыбайлас жемқорлық

Азаматтар мен кәсіпкерлердің күнделікті өмірде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен өзара іс-қимыл жасауына байланысты «тұрмыстық» сыбайлас жемқорлық іс жүзінде көптеген салаларда сақталып отыр.

«Транспаренсия Қазақстан» қоғамдық қоры жүргізген «2020 жылғы сыбайлас жемқорлық жай-күйінің мониторингі» әлеуметтанушылық зерттеуінің нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тұрғысынан сезімтал органдар мен мекемелердің тізбесі жылдан-жылға іс жүзінде өзгермейді: мемлекеттік емханалар мен ауруханалар, полиция, жер қатынастары басқармалары, ҚКҚО-лар, мемлекеттік балабақшалар мен жоғары оқу орындары.

Соңғы үш жылда сыбайлас жемқорлық қылмыскерлік құрылымының едәуір бөлігін – 50%-дан астамын парақорлық фактілері алып отыр.

Негізгі себептер қатарында: сақталып отырған әкімшілік кедергілер, ескідай мағыналы және дискрециялық нормалар, мемлекеттік органдардың жеткіліксіз ашықтығы, баламалы (қағаз) негізде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер үлесінің жоғары болуы бар.

Нақты жағдайларға, өңірлік, салалық және өзге де ерекшеліктерге сүйене отырып, әртүрлі әлеуметтік топтарға олардың құқықтарын, міндеттері мен рәсімдерін қолжетімді және түсінікті етіп түсіндіру стандарттары болмай отыр.

Мұның өзі мемлекеттік басқарудың бизнес-процестерін автоматтандырудағы кемшіліктер мен олқылықтарға да байланысты.

Цифрлық шешімдердің бір бөлігінің сапасыз және жартылай іске асырылуына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындауда. Көбінесе лауазымды адамдар «жалған» цифрландыруды пайдалана отырып, сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттер жасауды жалғастыруда, ал азаматтар мен кәсіпкерлер «цифрландырылған» мемлекеттік функциялардағы техникалық іркілістер, артық процестер және ақпараттық жүйелердің жұмысындағы басқа да кемшіліктер себебінен, өз мәселелерін шешудің заңсыз жолдарын іздеуге мәжбүр болуда.

Сонымен қатар, дерекқорлардың әлсіз интеграциясы мемлекеттің проактивті сервистік моделін қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

Мемлекеттік және жекеменшік секторлардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган сыртқы талдау шеңберінде айқындайтын сыбайлас жемқорлық алғышарттарын жоюға мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордың мүдделілігі әлсіз екені байқалады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау институты әлі мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік ұйымдар үшін «өзін-өзі тазартудың» пәрменді құралына айналмады.

Сонымен қатар, мемлекеттік басқарудың салалық жүйесі ішінде анықталған тәуекелдерге «өңір – орталық» қағидаты бойынша ден қоюдың тиімді тетігі жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің пассивтілігі сыбайлас жемқорлық деңгейінің нақты төмендеуіне сенуге мүмкіндік бермейді.

Корпоративтік сектормен салыстырғанда мемлекеттік қызметшілер мен мемлекеттік ұйымдар жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу жеткілікті түрде бәсекеге қабілетті болмай отыр. Мемлекеттік функцияларды орындау кезінде мүдделер қақтығысының алдын алудың тиімді тетігі жоқ.

Қолданыстағы декларациялау жүйесі шығыстар мен алынатын кірістердің айтарлықтай алшақ болу фактілеріне ден қоюдың тиімді құралдарымен тиісті түрде бекітілмеген.

Жымқырылған активтерді іздегіру, оларды бюджетке қайтару мүлктің қылмыстық шығу тегін дәлелдеудің күрделілігіне байланысты екінші орында қалуда.

Алдын алу шаралары, негізінен, мемлекеттік қызметшілер арасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған. Бұл мұндай қызметшілер болып табылмайтын, бірақ азаматтардың сыбайлас жемқорлық деңгейін түйсінуіне үлкен әсер ететін адамдар тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу тиімділігін төмендетеді.

Осы тұрғыда мемлекеттік емес сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және адал бизнесті қолдау қажеттігі ерекше маңызға ие болады.

Бюджет қаражатын бөлу процесінің жоғары сыбайлас жемқорлықтық осалдығы

Бюджет қаражатын қалыптастыру және жұмсау туралы ақпараттың жеткілікті түрде айқын болмауы мемлекеттік қаржыны басқаруда сыбайлас жемқорлық тәуекелін арттыратын жүйелі факторларға жатады.

Теріс практиканың негізгі себебі жоспарлау жүйесі мен бюджет қаражатын игеру арасындағы өзара байланыстың жеткіліксіздігі болып табылады. Көп жағдайда бюджеттік өтінімдер жауапты адамдармен жиі үлестес болатын компа-

ниялардың негізсіз жоғары баға ұсыныстары негізінде қалыптастырылады.

Тиімсіз жоспарлау экономикалық ысырап және қолдан шығарылған пайда сияқты ауыр зардаптарға алып келеді, сондай-ақ бюджетті игеру кезінде жымқыруға қолайлы жағдай жасайды.

Республикалық және жергілікті бюджеттердің жұмсалуды туралы деректер қамтылатын бірыңғай ақпараттық жүйенің жоқтығы тиісті мәліметтердің жабық және бытыраңқы болуына ықпал етеді.

Жұртшылықты бюджеттің техникалық бөлшектерсіз және тиісінше, азаматтық бақылауды шектемей, тек негізгі мәліметтер көрсетілген «жеңілдетілген» нұсқасымен таныстыруға жағдай жасалмаған.

Бюджеттеу туралы шешімдер қабылдау рәсімдерінің транспарентті болмауы есеп беруді қамтамасыз ету мүмкіндіктерін азайтады және сыбайлас жемқорлыққа ықпал етеді.

Пандемия және ковидтен кейінгі кезең бөлінетін қаражат пен әлеуметтік-экономикалық нәтижелер арасында байланыстың болмау проблемасын ашып берді.

Кәсіпкерлік субъектілеріне арналған мемлекеттік қолдауды (субсидиялар, гранттар, кепілдік, жеңілдікті кредиттеу) бөлу тетіктері оның тиімсіз және мақсатсыз пайдаланылуына мүмкіндік береді.

Бұл уәкілетті органдардың бюджеттік қолдау нәтижелілігін бағалаудың түпкілікті көрсеткіштерін айқындамайтынына байланысты. Дұрыс емес, оның ішінде сыбайлас жемқорлық мінез-құлыққа ықпал ететін триггерлер бар.

Кәсіпкерлік субъектілерін субсидиялаудың орындылығы туралы шешім тиісті мамандандудың ғылыми қоғамдастығының қатысуынсыз қабылданады. Дискрециялық қаржыландырудың болуы ресурстарды бұруға және бюджеттік тәртіпті сақтау тетіктерін айналып өтуге мүмкіндік береді.

Мұндай жағдай бюджеттік қолдау алудың тең, бәсекелі және әділ жағдайларын жасау жөніндегі шаралардың тиімділігін төмендетеді.

Квазимемлекеттік сектордың заңды тұлғаларының жарғылық капиталын ұлғайту арқылы бюджет қаражатын мемлекеттік бақылау аясынан шығару үрдісі байқалады. Бюджеттік бағдарлама әкімшісі мен ведомстволық бағынысты ұйым арасында мемлекеттік сатып алу рәсімдерін және азаматтық-құқықтық мәмілелер жасасуды айналып өтіп, қаражатты саланың дамуына байланысты емес мақсаттарға аудару жүргізіледі. Соның салдарынан бұлыңғыр шарттық міндеттемелер, бюджетті ұтымсыз жұмсау, жымқыру орын алады.

Бір-біріне едәуір дәрежеде қайталайтын мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының төрт буында жүйесі бюджет процесінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды толық көлемде қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

Сатып алудың жеткіліксіз айқындығы

2020 жылғы бюджет шығыстарының жалпы сомасында мемлекеттік сатып алу үлесі 35%-ды құрады, бұл Қазақстанның ЖІӨ құрылымында 7%, мұның өзі нарыққа айтарлықтай елеулі экономикалық ықпал жасалатынын көрсетеді.

Бюджет қаражатының мұндай айналымы мемлекеттік сатып алу жүйесінің сыбайлас жемқорлықтық тартымдылығын күшейтеді. Әрбір бесінші сыбайлас жемқорлық қылмыс осы салада жасалған.

Қаражаттың алыну көзі біреу – мемлекет бюджеті екеніне қарамастан, бірыңғай іске асыру тәсілінің және осы саланы ортақ дамыту стратегиясының жоқтығы салдарынан сатып алудың құқықтық базасы, әртүрлі платформалары мен сайттары бытыраңқы болып табылады.

Мұндай жағдайларда сатып алу бағасын қолдан көтеру фактілері кең таралады.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде өнім берушінің қосалқы мердігерлермен шарттар жасасуының ашық болмауына байланысты, өнім берушінің әлеуетін бағалау әрдайым объективті бола бермейді.

Жалған актілерге қол қою кең тараған проблема болып қалып отыр. Уақытылы игермегені үшін тәртіптік жауапкершіліктің бұлтартпастығы заңды «мәжбүрлі» түрде бұзуға алып келеді. Нәтижесінде жұмыстың сапасы емес, бюджеттің формальді түрде атқарылуы басым болып шығады.

Бір көзден алу тәсілімен тікелей сатып алу үлесі әлі де болса жоғары (2018–2020 жылдары орташа алғанда 61%).

Сатып алуды қағаз форматта жүзеге асыруға болатыны тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді негізсіз сатып алуды, олардың құнын қолдан көтеруді және өзгеше бұзушылықтарды тежейтін қоғамдық мониторингті шектейді.

Халықаралық ұйымдардың (Азия даму банкі, Дүниежүзілік банк, Еуропалық қайта құру және даму банкі, Ислам даму банкі, ЭЫДҰ) сарапшылары атап өткендей, Қазақстанда бірыңғай заңнамалық және нормативтік құқықтық базаның болмауы сатып алудың ортақ және экономикалық тиімді практикасына кедергі жасайды.

Мемлекеттің экономикаға қатысуының жоғары деңгейі

Мемлекеттің экономикаға қатысуының елеулі үлесі экономикалық қызмет субъектілері арасындағы бәсекелестікті іркіп, мықты жекеменшік сектордың қалыптасуына кедергі келтіреді және елдің жаңа экономикалық өсу моделіне көшуін тежейді.

Мемлекеттік кәсіпорындардың ресурстарға, нарықтарға және қаржыға артықшылықпен қол жеткізуі жекеменшік компанияларды тиімсіз жағдайға қалдырады және экономикалық әртараптандыруды, тікелей шетелдік инвестицияларды және өнімділіктің өсуін ілгерілету жөніндегі күш-жігерге нұқсан келтіреді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайды.

Олардың ішкі нарықтағы үстемдігі отандық кәсіпорындардың жалпы бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді, бұл сыртқы нарыққа аударып қарағанда көрші мемлекеттерге қатысты экономикалық позициялардың жоғалуына алып келеді.

Мемлекеттік сатып алудың едәуір бөлігі мемлекет қатысатын компаниялар арасында баламасыз бөлінеді, бұл осы институтты шағын және орта бизнесті дамыту үшін пайдалану мүмкіндігін төмендетеді.

Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілері олардың қажеттілігі терең пысықталмай құрылды. Сыбайлас

жемқорлық тәуекелдеріне жасалған сыртқы талдау олардың бірқатары министрліктердің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін қайталайтынын анықтады. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасында атап өтілгендей, бүгінгі күні мемлекеттің квазимемлекеттік сектормен бірге экономикадағы үлес салмағы 60-80%-ға жетеді.

Сонымен қатар, активтерді жекешелендіру мен бәсекелес ортаға берудің қолданыстағы тетігі мүдделер қақтығысын жоймайды және объектілерді кепілдік жарнадан төмен бағаға сатып алуға жол береді.

Тиісті ұсыныстарды дайындау форматы, оған қоса шарттарды, әдістерді, акциялар пакеттерінің мөлшерін, объектілерді өткізу және сату алдында дайындау мерзімдерін анықтау осы процестің ашықтығын көздемейді.

Азаматтық қоғам институттарының мемлекетпен сындарлы өзара іс-қимылы тетіктерінің жетілмегендігі

Сыбайлас жемқорлық деңгейі төмен елдердің тәжірибесі оны барынша азайтудың басты шарты азаматтық қоғамның кеңінен тартылуы болып табылатынын айғақтайды.

Дегенмен, Қазақстанда қоғамдық бақылау институты құқықтық тұрғыдан жеткілікті түрде регламенттелмеген.

Деректердің жабықтығы азаматтардың шешім қабылдауға тікелей қатысу мүмкіндігін шектейді, ал қолжетімді ақпараттың мәні түсінуге қиын және формальды сипатта болады. Мұндай тәсіл пікірлердің плюрализмін тежейді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуеті толық көлемде пайдаланылмайды.

Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаудың бюрократияландырылған тәсілдері азаматтардың сыбайлас жемқорларды анықтау мен әшкерелеудегі белсенділігін төмендетеді.

Қолданыстағы заңнамада сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлайтын адамдарды қорғаудың халықаралық стандарттарға сәйкес келетін шаралар жүйесі көзделмеген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар тиімділігі мониторингінің жетілмеген жүйесі

Барлық субъектілер, салалар мен аумақтар бөлінісінде сыбайлас жемқорлық деңгейін бағалаудың бірыңғай ұлттық жария жүйесі жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар мониторингі әлеуметтанушылық өлшемдердің тұрақты және ашық әдіснамасына негізделмейді.

Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары үшін сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бөлігінде өлшенетін нысаналы көрсеткіштердің түпкілікті, негізделген, түсінікті және тұрақты тізбесі жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ағымдағы ахуалды талдау жалпы алғанда, қабылданып жатқан шараларға қарамастан, қоғамның әділдікті, баршаның заң алдындағы теңдігін және жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз етуге деген сұранысының сақталып отырғанын көрсетеді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІ ШОЛУ

Шетелдік озық практикалардың халықаралық тәжірибесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді іс-қимыл жасау үшін көптеген факторлар мен элементтерді кешенді түрде ұштастыруды көздейтін жүйелі тәсіл қажет екенін көрсетеді. Бұл ретте институционалдық тетіктер мен құқықтық құралдарды дамыту, қоғамдық хабардарлықты және азаматтық қоғамның тартылуын арттыру мәселелеріне ерекше көңіл бөлу қажет.

Кең қоғамдық қолдау болмаса, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі күш-жігер сәтсіздікке ұшырайды. Бұл тұрғыда тиісті мәдениетті қалыптастыру елеулі рөл атқарады. Сондықтан Доха декларациясында қылмыскерлік пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда, заңды құрметтеу мәдениетін құруда білім берудің рөлі басқа айтылған.

Неғұрлым дамыған елдердің практикасы ақпаратқа кеңінен қол жеткізудің, шешімдер қабылдау процестерінің айқындығы мен қоғамдық қатысу тетіктерін құрудың сыбайлас жемқорлықтың барынша азайтуға елеулі дәрежеде ықпал ететінін көрсетеді.

Мысалы, мемлекеттік шығыстар туралы ақпараттың қолжетімді болуы мемлекеттік органдардың қызметін бақылауды қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі болып табылады. Бразилия, АҚШ, Украина, Оңтүстік Корея порталдарында бюджеттер туралы барынша кең ақпарат қамтылған.

Тағы бір мысал – Грузияның электрондық сатып алу жүйесі, онда стандартты функционалмен қатар конкурстық бетте онлайн сұрақтар қою және жария түрде жауаптар ұсыну, тендерлік процестің кез келген кезеңінде талап қоюды беру, сондай-ақ Сатып алу және конкурстар жөніндегі мемлекеттік агенттіктің мониторингі шеңберінде цифрлық форматта тендер бойынша тәуекелдерді анықтау мүмкіндігі көзделген.

Ашық ақпараттың болуы журналистік тергеп-тексерулерді жүргізуге де жағдай жасайды. Мұндай практика Ұлыбританияда, Францияда, Швецияда және еуропаның басқа да елдерінде кең таралған.

Дүниежүзілік банкті тарту құралы қызығушылық тудырады. Электрондық «Интегрити Эпп» (Integrity App) қосымшасы азаматтардың алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа байланысты проблемалар туралы хабарлауына мүмкіндік береді. Оның пайдаланушылары, мысалы, құрылысы аяқталмаған мектептің фотосуреттерін, пара сұраудың аудио жазбасын не кез келген басқа файлды немесе құжатты жібере алады.

Цифрландыру әкімшілік кедергілерді азайтудың, дискрецияны қысқартудың және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттырудың маңызды факторы болып табылады.

Эстонияның мемлекеттік дерекқорында экономикалық статистика мен сот архивтерінен бастап азаматтардың медициналық карталары мен шағымдарына дейін барлығы бар. Осы орайда, кез келген әрекет жүйенің тарихында өз ізін қалдырады, бұл қысқа мерзімде бұзушыны табуға мүмкіндік беріп, деректердің қорғалуын қамтамасыз етеді және сыбайлас жемқорлықтың барынша азайтады.



(Басы 20-21-беттерде).

Оның үстіне шенеуніктер мен азаматтардың өзара іс-қимылы мүлдем жоқ немесе барынша төмен деңгейде.

Оңтүстік Кореяда ЮНИ-ПАСС (UNI-PASS) кедендік ресімдеудің электрондық жүйесі енгізілген, ол кеден қызметкерлері мен көрсетілетін қызметті алушылардың арасында жеке байланыстарды қысқарту есебінен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетті.

Австралияда, Мажарстанда, Молдовада, Румынияда және АҚШ-та сыбайлас жемқорлық фактілерін болғызбау және анықтау үшін парасаттылыққа тексеру табысты түрде пайдаланылуда. Ол тестіленетін адам білмейтін сыбайлас жемқорлық мінез-құлықты анықтау мақсатында модельденген жағдайды білдіреді.

Жеке мүдделерді декларациялау, ден қою және жауапкершілік шараларын қамтитын мүдделер қақтығысын реттеу маңызды алдын алу тетігі болып табылады.

Сонымен қатар, «айналмалы есік» практикасына қарсы іс-қимыл сыбайлас жемқорлыққа қарсы реттеудің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл термин жұмыскерлердің мемлекеттік сектордан жеке секторға ауысуы деп түсініледі.

Мәселен, Норвегияда мемлекеттік қызметшілердің – жеке ше кәсіпкерлік құрылымдарға және бизнесмендердің билік құрылымдарына ауысуы үшін жарты жылға дейінгі мерзімге «карантин» қағидалары қолданылады. Осындай шаралар Германияда, Испанияда, Латвияда, АҚШ-та, Франция мен басқа елдерде қолданылады.

Шектеу шараларын кеңейтумен қатар мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік кепілдіктері де белгіленеді. Әлемде әртүрлі тәсілдер: арнаулы зейнетақы жүйелері, тегін медициналық сақтандыру, көлік шығыстары, балаларға арналған жәрдемақы, тұрғын үй төлемдері және басқалар қолданылады.

Мысалы, Франция мен Жапонияда тұрғын үй және көлік өтемақылары көзделген. Ұлыбританияда мемлекеттік қызметшілердің зейнетақы аударымдары жеке сектордағыға қарағанда 15%-ға жоғары.

Сонымен, бір мезгілде шет елдерде мемлекеттік қызметшілердің қосымша табыс көздеріне қойылатын шектеулер аз.

Мәселен, Грекияда мемлекеттік қызметшілер өзге ақылы жұмысты рұқсатпен және ол қызметтік міндеттерін сапалы орындауға кедергі келтірмеген жағдайда орындай алады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы органдардың тиімділігі қажетті деректерге қол жеткізуге тікелей байланысты. Мысалы, Гонконгта, Сербияда, Сингапурда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ведомстволарға өз функцияларын орындау мақсатында электрондық дерекқорларға кеңінен қолжетімділік және банктер мен өзге де қаржы мекемелерінен лауазымды адамдардың келісімінсіз, олардың шоттары мен қаржы қаражатты туралы ақпарат сұрату құқығы берілген.

Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы (ФАТФ) құзыретті органдарды заңды тұлғалардың бенефициарлық меншігі туралы жеткілікті, дәл және уақтылы ақпаратты алу немесе оған дер кезінде қол жеткізу мүмкіндігімен қамтамасыз етудің маңызды екенін атап өтеді.

Осыны ескере отырып, 2016 жылдан бастап Ұлыбританияда компанияға «селеул бақылауы бар» тұлғалардың тізілімі (Register of people with Significant Control) енгізілді. Оған компания капиталының 25%-дан астамын иеленетін немесе оған бақылау жасау не оны басқаруға ықпал ету мүмкіндігі бар адамдар енгізілген.

Бизнестің парасатты мінез-құлқын көтермелеу сыбайлас жемқорлыққа қарсы өзекті тренд болып табылады. Шығыс Еуропа елдерінде өнімдерді, көрсетілетін қызметтер мен маркетингтік материалдарды ашық бизнес-таңбалаудың («Мөлдір толқын» («Clear Wave»)) бастамасы іске асырылды. Бұл белгі іскерлік әдептің, айқындықтың, жауапкершілік пен орнықтылықтың символы болып табылады.

Бизнестің мінез-құлық стандарттары белгіленетін парасаттылық туралы пәкітілер жасасу практикасы да қолданылады. Көп жағдайда олар ірі жобаларға арналған нақты ашық мемлекеттік конкурса немесе тендерге байланысты болады.

Халықаралық деңгейде өндіруші салалардың айқындығы (EITI) және құрылыс секторының айқындығы (CoST) бастамалары парасаттылық туралы белгілі пәкітілер болып табылады.

Жалпы алғанда, озық практикаларды талдау сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамытудың мынадай үрдістері мен перспективаларын айқындауға мүмкіндік береді:

- 1) қоғамда парасаттылық мәдениетін нығайтуға бағытталған ағарту іс-шараларын жүйелеу;
- 2) бизнестің парасаттылығын ынталандыру;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға азаматтық қоғамды тарту;
- 4) мемлекеттік аппараттың қызметі туралы ақпаратқа қолжетімділікті кеңейту және шешімдер қабылдаудың айқындығын қамтамасыз ету;
- 5) цифрландыру сыбайлас жемқорлықты барынша азайту құралы ретінде;
- 6) мемлекеттік қызметшілер үшін әлеуметтік кепілдіктерді кеңейту;
- 7) мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу;
- 8) азаматтық-құқықтық, тәртіптік, әкімшілік-құқықтық және қылмыстық-құқықтық аспектілерде құқықтық мәжбүрлеу шараларының тиімділігін арттыру.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТТЫ ДАМУҒА ПАЙЫМЫ

Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа қарсы бір сарынды іс-қимылдан қоғамдық сананы түбегейлі өзгертуге, халықтың сыбайлас жемқорлық пен непотизмнің кез келген нысандарын қабылдамауына, алдын алу шараларының басымдығына көшуді көздейді.

Қол жеткізілген нәтижелерді, халықаралық стандарттарды және алдағы кезенге арналған стратегиялық мақсаттарды ескеретін сыбайлас жемқорлыққа қарсы біртұтас саясатты дамыту жалғастырылатын болады.

Тиісті шаралар мен нысаналы көрсеткіштер елдің стратегиялық құжаттарында – «Қазақстан-2050»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясында, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі жалпыұлттық

басымдықтарында, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық қауіпсіздік стратегиясында, Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасында және басқаларда көзделген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы стратегиялық мақсат 2026 жылдың қорытындысы бойынша Transparency International Сыбайлас жемқорлықты түйсіну индексіне 47 баллға, 2030 жылға қарай 55 баллға қол жеткізу болып табылады.

Аталған көрсеткіш сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың ғана емес, саяси, әлеуметтік, экономикалық реформалардың да бағасын қамтитынын ескере отырып, оған қол жеткізу жөніндегі жұмысқа сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың барлық субъектілері тартылатын болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әзірленген шаралар сыбайлас жемқорлықтың, әсіресе, «тұрмыстық» сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын кешенді түрде жоюға, жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз етуге, азаматтық қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға кеңінен тартуға бағытталатын болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру, тәрбиелеу және білім беру шараларын жүйелеу, мемлекеттік аппарат пен бизнес-қоғамдастық өкілдерін парасатты мінез-құлыққа ынталандыру арқылы сыбайлас жемқорлықты мүлдем қабылдамауға қол жеткізілетін болады.

Мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, оның ішінде олардың нақты үлесін бағалаудың жария жүйесін енгізу арқылы барынша мүдделі және белсенді болады.

Жалпы алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат сыбайлас жемқорлықты экономикалық және бедел жағынан тиімсіз ететін жағдайлар жасауға бағытталған.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТТЫ ДАМУҒА ПАЙЫМЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат:

- 1) баршаның заң алдындағы теңдігі және әділдік;
- 2) жариялылық, айқындық және қоғамға есеп беру;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын кешенді пайдалану;
- 4) сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың басымдығы;
- 5) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы;
- 6) тиімділік пен нәтижелілік;
- 7) сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністерінде оны қабылдамау;
- 8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау;
- 9) сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершіліктің бұлтартпастығы;
- 10) сапалы цифрлық трансформация қағидаларына негізделеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамыту тәсілдері мынадай міндеттерді орындау арқылы іске асырылатын болады:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру;
- 2) сыбайлас жемқорлықтың мүмкіндіктерін жою;
- 3) жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жетілдіру;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда азаматтық қоғамның рөлін күшейту;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асырудың тиімді мониторингін қамтамасыз ету;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның қызметін одан әрі жетілдіру.

1-міндет

Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру

Құндылықтарды өзгерту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру

Адалдық, заңдылық пен прагматизм әркімнің ішкі құндылық нанымына айналуға тиіс.

Қоғам сыбайлас жемқорлықты проблемаларды оңай шешудің кепілі ретінде қабылдамауға, достық қарым-қатынас пен протекционизмді жұмыспен ұштастырмауға тиіс. Жемқорлар қоғамдық айыптауға ұшырауға тиіс.

Адамның сыбайлас жемқорлық іс-әрекет жасауды немесе жасамауды таңдауы жазаның ауырлығымен және қылмыс жасаудан күтілетін пайдамен салыстырылмауға тиіс.

Әртүрлі нысаналы топтар деңгейінде декомпозицияланған коммуникациялық шаралар кешенін қабылдау қоғамдық сананың сыбайлас жемқорлыққа қарсы эволюциясында негізгі рөл атқарады.

Құқықтық актілерді түсінікті тілде, қысқаша түрде түсіндіре отырып, сондай-ақ цифрлық шешімдерді, оның ішінде белгілі бір өмірлік жағдайлар мен заңдық фактілер бойынша автоматтандырылған хабарларды қолдана отырып, азаматтарға олардың құқықтары туралы нақты хабарлауды дамыту қажет.

Ауқымды түсіндіру жұмысы азаматтарды мәселелерді шешудің заңсыз тәсілдерін іздеу қажеттілігінен қорғауға мүмкіндік береді.

Парасаттылық жүйесін қалыптастыру кезінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермейтін жаңа көзқарастары мен өмірлік қағидалары бар жас ұрпақты тәрбиелеу аса маңызды рөл атқарады.

Тұлғаның қалыптасуының барлық кезеңінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтарды дарыту табыстың іргелі факторы болып табылады.

Осы орайда, Атсамы институты арқылы, оның ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының әлеуетін пайдалана отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты дамыту қажет.

Білім берудің рөлін арттыру жөніндегі халықаралық практикалар мен бастамаларды имплементтеу, сондай-ақ жастардың сыбайлас жемқорлықтың алдын алудағы құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетін нығайтуға ықпал ететін болады.

Парасаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәде-

ниет тақырыптары білім беру жүйесіне қосылатын болады. Баланы мектепке дейінгіден бастап, әртүрлі жас кезеңдерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы біліммен сүйемелдеп отыру қажет.

Бұл жұмыста әлемнің дамыған елдерінде кең таралған академиялық адалдық пәрменді құралға айналуға тиіс.

Сол арқылы сыбайлас жемқорлыққа әлеуметтік иммунитеті мықты азаматтардың жаңа ұрпағы қалыптасатын болады.

Мемлекеттік аппараттың парасаттылығын арттыру

ЭЫДҰ стандарттарына сәйкес мемлекеттік қызметтің негізгі қағидалары айқындық, әдептілік және сатылмаушылық болып табылады.

Азаматтардың билік органдарына деген сенімін арттыру үшін мемлекеттік қызметтің оң имиджін, оның ішінде адал, лайықты мемлекеттік қызметшілердің өнегелерін кеңінен жазып-көрсету арқылы нығайту мәселелері баса назар аударуды талап етеді.

Мемлекеттік қызметшілерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндетті оқытуды оның үздіксіздігін, дәйектілігі мен өзектілігін қамтамасыз ете отырып, дамыту қажет.

Мемлекеттік аппараттың «тазалығын» қамтамасыз ету үшін лауазымдық міндеттері сыбайлас жемқорлықтың жоғары тәуекелдерімен ұштасатын қызметшілермен жұмыс жөніндегі шаралар әзірленетін болады.

Сатылмаушылықтың тағы бір маңызды элементі – мүдделер қақтығысын реттеу. Бұл үшін мүдделер қақтығысын анықтау мен реттеуді жауапкершіліктің пәрменді шараларын, сондай-ақ жұмысқа орналасу алдында және мемлекеттік қызметтен босатылғаннан кейін «аптығын басу» қағидаларын қолдана отырып, егжей-тегжейлі түрде регламенттеу қажет.

Бұл ретте қызметшілердің өздерін ынталандыру қажет. Бұл тұрғыда әркімнің үлесін дербестендіру қағидаты бойынша еңбекке бәсекелі ақы төлеу мен әлеуметтік пакетті қамтамасыз етудің маңызы зор.

Мемлекеттік аппаратта сыбайлас жемқорлық материалдық жағынан тиімсіз болатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы мықты мәдениет қалыптасуға тиіс.

Бизнестің парасаттылығына жәрдемдесу

Кәсіпкерлік саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдау аясында адал бизнесті ынталандыру өзекті болып табылады.

Осы бағыттағы пәрменді шара сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты ерікті түрде имплементтеу болып табылады.

Оның құрамдас бөлігі ретінде компаниялар мен олардың персоналының қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу жөніндегі нақты шараларды қамтитын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ішкі бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру практикасын көздеу маңызды.

Тағы бір ұсыным контрагенттермен жасалатын шартқа тараптардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға жол беруге болмайтынын және олардың уақтылы алдын алуға әзір болуды өзара түсінуіне бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені енгізу мүмкіндігі болып табылады.

Аталған шаралар тиімді болуы үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің құзыретін кеңейту және жоғары оқу орындарында тиісті білім беру бағдарламаларын енгізе отырып, комплаенс-мамандар нарығын дамыту қажет.

Жұмыскерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық негіздеріне оқытудың үздіксіз процесін белгілеу керек.

Бизнес-ортадағы ашықтық пен жауапкершілікті арттыру, корпоративтік сыбайлас жемқорлықты азайту мақсатында бизнес субъектілері бойынша кәсіпкерлік субъектілері туралы жан-жақты мәліметтерді, оның ішінде олардың парасаттылығы мен сенімділігі тұрғысынан шоғырландыруға мүмкіндік беретін ашық интеграцияланған дерекқорды – бизнес-тізімді кеңінен енгізу қажет.

Кәсіпкерлердің осындай дерекқорды пайдалана отырып, әлеуетті контрагенттерді бағалауы, тиісті сақтық қағидаларын сақтау адал кәсіпкерлерді сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінен қорғайтын болады.

Сыбайлас жемқорлықтың жоғары тәуекелдеріне шалдыққан қаржылық процестер үшін сыбайлас жемқорлық индикаторларының жүйесі және оларды анықтау алгоритмдері қажет.

Ұсынылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы құралдарды қолдану нәтижелері ұсынымдық сипатта болуға және бизнесті жүргізудің белгіленген стандарттары мен қағидаларына қайшы келмеуге тиіс.

Кәсіпкерлік субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұсынымдарға сәйкестігі экономикалық және беделдік ынталандырулар арқылы оларды көтермелеу шараларын қолдануға негіз болады.

2-міндет

Сыбайлас жемқорлық мүмкіндіктерін болдырмау

Бюджет қаражатын тиімсіз жұмсау тәуекелдерін және сатып алуда сыбайлас жемқорлықты азайту

Ұтымсыз капитал салымдарын, әсіресе, мемлекеттік секторда жою мақсатында, бюджеттен қаржы құюды көздейтін жобалардың экономикалық негізділігін бағалау тетігі қайта қаралатын болады.

«Бір қол қою» қағидасын қоса алғанда, блоктық бюджетті енгізу жаңа бюджеттік қағидаларды, бюджеттік лимиттерді бөлудің объективті әдістемесін қабылдаумен сүйемелденетін болады.

Бұл шешімдердің жеделдігін, мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін және қаржыны басқарудың нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бюджет процесінде қаржылық мерзімдерден жобалық мерзімдерге көшу де қажет, бұл күнтізбелік жылдың соңында орындалған жұмыстардың актілеріне асығыс қол қоюды және осыған байланысты заң бұзуды болдырмайды.

Жалпы алғанда, мемлекеттік құжаттар мен жобаларды іске асыру кезінде жобалық менеджментті енгізу мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың тиімді құралына айналады.

Жобаларды қаржыландыру нысаналы көрсеткіштер мен



мемлекеттік инвестициялаудың өлшенетін нәтижелері болған кезде ғана жүзеге асырылатын болады, бұл индикаторлардың тұтас елдің немесе нақты өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін болжай отырып, оларды есептеу әдістемесін қалыптастыруды талап етеді.

Бағалау халықтың өмір сүру сапасын арттыру және сыбайлас жемқорлық факторларының болуы призмасы арқылы жүргізіледі. Бұл ретте әлеуметтік маңызы бар салаларды жан басына шаққанда қаржыландыруды көздейтін және шығындарды жабуға бюджет қаражатының бөлінуін болдырмайтын «ақша адамның соңынан ереді» қағидаты негізгі қағидат болуы тиіс.

Сонымен қатар, шынайы мақсаттар мен индикаторларды алға қою үшін, сондай-ақ тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуді мониторингтеу үшін анық статистикалық ақпараттың болуы қажет. Осыған байланысты көрсеткіштерді есептеудің қолданыстағы әдістемелері қайта қаралатын болады.

Мұндай шаралар мемлекеттік сектордың болжау қызметінің, «сценарийлік» жоспарлауды ұйымдастырудың және бюджет қаражатын нысаналы пайдаланудың деңгейін арттырады.

Бюджет саясатының ашықтығына қол жеткізу үшін мемлекеттік сатып алу, бюджетті жоспарлау және мемлекеттік қаржыны басқару процестерін бірыңғай платформаға біріктіру талап етіледі.

Бюджет қаражатының қанша бөлігі түпкілікті алушыларға жететіні туралы мәліметтердің ашықтығы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін айтарлықтай азайтады.

Бюджет қаражатын «ақшаны бояу» қағидаты бойынша (бөлінген сәттен бастап игерілгенге дейін) сүйемелдеуді енгізу олардың мақсатсыз пайдаланылуын болдырмайды.

Бір көзден сатып алу үлесін қысқартуға құқықтық негіздерді олардың орындылығы тұрғысынан, әсіресе, зияткерлік меншік объектілері, ерекше тәртіппен және мемлекеттік тапсырмалар шеңберінде өткізілетін сатып алу бойынша қайта қарау ықпал ететін болады.

Тауарлардың нарықтық құны бағдар болатын орташа сату бағасын анықтау сатып алу жүйесін тиімді ұйымдастыруға негіз болады.

Таза бәсекелестіктің өсуі кезінде биржалық сауданың шектерін біртекті және оңай ауыстырылатын тауарларға кеңейту ұйымдастырылған тауар нарығын дамытуға әсер етеді.

Мемлекеттік сатып алу мен квазимемлекеттік сектордың сатып алуы үшін бірыңғай талаптарды белгілеу осы саланы реттеуде біріздендірілген тәсілді қамтамасыз ете алады.

Бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқару мен пайдаланудың тиімділігін арттыру мақсатында функциялардың қайталануын жойып және олардың тәуелсіздігін күшейте отырып, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының жүйесі оңтайландырылады.

Бюджеттік қолдаудың экономикалық тиімділігін арттыру

Мемлекеттік қолдау саласындағы жоғары сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін (әкімшілердің көптігі, құқықтық актілердің бытыраңқылығы, қомақты бюджет қаражатының жұмсалудың жабықтығы мен бақылаусыз болуы) ескере отырып, осы бағыттағы мемлекеттік саясатты өзгерту талап етіледі.

Мемлекеттік қаржылық қолдауға тек сенімді кәсіпкерлік субъектілері ғана жататын болады.

Аталған салаға ревизия жасау осы орайда бағдарламалық және стратегиялық құжаттардың басымдықтарына үйлеспейтін, мақсаттары қайталанатын, сондай-ақ экономикалық және/немесе әлеуметтік әсерді қамтамасыз етпейтін бағыттарды жою отырып, мемлекеттік қолдау түрлерін оңтайландыруға да мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қолдау элементтерін бөлуді автоматтандыру нәтижесі мемлекет бақылайтын әмбебап порталға тиісті электрондық инфрақұрылымды біріктіретін бірыңғай IT-платформаны қалыптастыру болады.

Бюджеттік ассигнация бенефициарларының жария тізілімін енгізу жеке мемлекеттік қолдау алушыны қадағалауға мүмкіндік береді және мүдделер қақтығысын барынша азайта отырып, оның нысаналы пайдаланылуын едәуір арттырады.

Мемлекеттік қолдаудың барлық түрлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару әдіснамасын әзірлеу талап етіледі.

Әлеуетті адресаттар бюджеттік қолдау түрлері және оны алу мерзімдері туралы анық және уақтылы ақпарат алады. Растайтын мәліметтер сөзсіз объективті болған кезде оны бөлудің «проактивті» форматы енгізілетін болады.

Деректерді жинау, өңдеу және сақтау, сондай-ақ алушылардың қойылатын өлшемшарттарға сәйкестігін бағалау кезінде іске қосылған ақпараттық ресурстарды интеграциялау кезінде адамның қатысуы және тікелей байланыстар барынша азайтылатын болады.

Мемлекеттің экономикаға қатысуын төмендету

Мемлекеттік компаниялардың сатып алудағы үлесін қысқарту мемлекеттік саясаттың негіз қалаушы қағидаттарының біріне айналады.

Мемлекеттік кәсіпорындар (ұлттық холдингтер) үшін монополиялық жеңілдіктер мен ерекшеліктер тізбесін оңтайландыру сатып алу рәсімдері тиімділігінің және бағалардың бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне алып келеді.

Мемлекеттік сектор қызметіне кешенді функционалды талдау жасауды жалғастыру бәсекелес ортаға беруге жататын функцияларды анықтауға мүмкіндік береді.

Жария құқықтың заңды тұлғалар институтын енгізу тиімді тетіктердің бірі бола алады.

Бұл ретте сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою үшін жекешелендіру туралы шешімдер қабылдау кезінде тиісті талаптар мен бақылауды күшейткен маңызды. Жекеше секторға өкілеттіктерді беру нәтижеге бағдарланған есептілік жүйелерін енгізумен сүйемелденуге тиіс.

Рәсімдердің айқындығын және кепілдік жарнадан төмен емес әділ нарықтық құнды қамтамасыз ете отырып, объектілерді мемлекеттік емес секторға беру тізбесі мен тетіктерін қайта қарау талап етіледі.

Мемлекеттік мүлікті тиімді басқару бойынша заңнамалық

тұрғыда бекітілген тетіктер Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы шеңберінде іске асырылатын болады.

Сонымен қатар, бәсекелестік жеткіліксіз салаларды қоспағанда, мемлекеттің жүз пайыз қатысу үлесі бар ұйымдардың мемлекеттік қолдау (субсидия, гранттар) алуына тыйым салуды пысықтау қажет.

Салалық цифрландыру сыбайлас жемқорлықты төмендету факторы ретінде

Цифрландыру мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, азаматтың шенеунікпен тікелей байланысын және тиісінше, «тұрмыстық» сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын болдырмай, барлық рәсімдердің бюрократиядан арылтуға және ашықтығына кепілдік береді.

Мемлекеттік органдардың бизнес-процестерін цифрлық форматқа көшіру арқылы озық технологиялық шешімдерді одан әрі қолдану барлық салаларда сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталатын болады.

Деректердің бірыңғай ауқымына негізделген цифрлық Үкіметтің жаңа архитектурасын құру азаматтардың өмірін айтарлықтай жеңілдетеді. Талап етілетін құжаттар автоматты түрде берілетіндіктен мемлекеттік органдарға, халыққа қызмет көрсету орталықтарына жүгіну қажеттігі жойылады.

Мемлекеттік көрсетілетін жасырын қызметтерді алып тастау, сондай-ақ мемлекеттік емес платформалар арқылы электрондық форматты бір мезгілде кеңейте отырып, мемлекеттік қызметтер көрсетудің баламалы тәсілдерін қысқарту дәйекті қадам болады.

Мемлекеттік қызметтерді проактивті көрсетудің және мемлекеттік органдардың бизнес-процестерін реинжинирингтеудің жүйелі шаралары Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы шеңберінде іске асырылатын болады.

Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын цифрлық трансформация талаптарына сәйкестігі тұрғысынан сараптау, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді әзірлеу мен пайдалану кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және жою сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге ықпал ететін болады.

Қолма-қол ақшасыз төлемдер үлесін жедел төлемдер инфрақұрылымын кеңейту арқылы, оның ішінде азаматтың цифрлық «әлеуметтік әмиянын» пайдалана отырып ұлғайту маңызды шара болып табылады, бұл ақша ағындарын оңайлатады және олардың ашықтығын қамтамасыз етеді.

Сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын анықтау және жою құралдарын жетілдіру

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жариялылығы мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыбайлас жемқорлық алғышарттарын өз бетінше жою белсенділігін арттыруға ықпал ететін болады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау және ұсынымдарды іске асыру мониторингі процесіне қоғамдық кеңестерді тарту арқылы сапа мен объективтілік қамтамасыз етілетін болады.

Жобалық тәсіл шеңберінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау институтын дамыту оның тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, дербес жауапкершілікті, проблемаларды кешенді түрде шешуді және формализмнің алдын алуды қамтамасыз етеді.

Бұған ықтимал сыбайлас жемқорлыққа осал тұстар туралы белгі беретін индикаторлары бар салалық картограммаларды әзірлеу ықпал ететін болады. Тәуекелдердің мұндай бейіндері сыбайлас жемқорлықтың жалпы көрінісін нәтижесіз талқылаудан арыла отырып, азаматтар үшін аса сезімтал салаларда нақты алдын алу шараларына негіз болады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жасалған сыртқы және ішкі талдаулардың ұсынымдары құқықтық мониторинг жүргізу көздерінің тізбесіне енгізілетін болады, оның нәтижелері қоғамдық кеңес отырыстарында қарау нысанасына айналады.

Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама институтын, оның ішінде сарапшылық әлеуетті жетілдіру арқылы одан әрі дамыту қажет.

Ғылыми тәсіл және жасанды интеллект элементтерін енгізу ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ете отырып, осы жұмыстың сапасы мен қамту аясын арттыруға мүмкіндік береді.

Жалпы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда алдын алудың анағұрлым әсеріне қол жеткізу үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың ғылыми құрамдас бөлігін дамыту бойынша қосымша шаралар қабылданатын болады.

3-міндет Жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жетілдіру

Жауапкершіліктің бұлтартпастығы қағидаты жазалау практикасында ғана емес, елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде, келтірілген залалды өтеуде және әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруде де болуға тиіс.

Бұл жерде құқық үстемдігін қамтамасыз ету және сот тәртібінің мінсіз жүйесі шешуші болуға тиіс, мұнда атқаратын лауазымдары мен байланыстарына қарамастан, барлық құқық бұзушылар сыбайлас жемқорлық үшін жауапқа тартылатын болады.

Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде сот билігі мен судьялардың тәуелсіздігі күшейтіледі, олардың қызметінің ашықтығы мен олар қабылдайтын шешімдердің әділдігі қамтамасыз етіледі.

Қылмыстық сот ісін жүргізудің үш буынды моделін енгізу де елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде пәрменді шара болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте заңсыз жұмыс әдістері мен арандатушылық әрекеттерге жол берілмейді. Кінәсіздік презумпциясы конституциялық қағидатын қатаң басшылыққа алу қажет.

Ықтимал сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінен қоғамға келтірілетін залалды болғызбай, жосықсыз қызметшілерді

уақытылы анықтауға және жұмыстан босатуға мүмкіндік беретін парасаттылыққа тексеруді (integrity check) енгізудің тетіктерін әзірлеу қажет.

Бұл ретте тексерушілер тарапынан теріс пайдаланудан қорғау кепілдіктері көзделетін болады.

Игіліктерді заңсыз алу сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау үшін басты себеп болып табылады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықты «тиімсіз» ететін, яғни заңсыз жиналған қаражатты пайдалану мүмкіндігін жоятын тетіктерді енгізу талап етіледі.

Шығыстар кірістерден айтарлықтай асып кеткен кезде негізсіз баю үшін жауапкершілікті енгізу осындай құралдардың бірі болады.

Аталған институттың пәрменділігін қамтамасыз ету үшін кірістер мен шығыстарды жалпыға бірдей декларациялау шеңберінде декларацияларды, оның ішінде электрондық жүйелер арқылы тәуекелге бағдарланған тиімді тексеру қолданылатын болады.

Жария лауазымдардың тізілімін енгізу қаржылық мониторинг шеңберінде осы тізімге кіретін адамдардың ғана емес, олардың жақын туыстарының да ірі сатып алуы мен операцияларын қадағалауға мүмкіндік береді.

БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының негіз қалаушы қағидатын іске асыру – қылмыстық құқық бұзушылықтарды, әсіресе қылмыстық кіріс алу және оны заңдастыру тәуекелдерімен ұштасқан қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру кезінде қылмыстық активтерді іздегіру мен қайтаруды қамтамасыз ету келесі қадам болады.

Осы мақсатта «ақшаны қадағалау» («follow the money») қағидаты бойынша құқық қорғау органдары қызметкерлерінің тиісті мамандануын және олардың уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен белсенді ынтымақтасуын қамтамасыз ете отырып, міндетті қаржылық тергеп-тексеруді көздеу қажет.

Сыбайлас жемқорлықта жосықсыз шенеуніктермен қатар бизнес-орта да мүдделі тарап болып табылады. Сараптамалық бағалауларға сәйкес, заңды тұлғалардың парадан алатын пайдасы параның өзінен он есе көп.

Сондықтан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін заңды тұлғалардың жауапкершілігін күшейту сыбайлас жемқорлықты төмендету үшін міндетті шарттардың бірі болып табылады.

Үлкен айыппұл санкцияларын және басқа да шектеу шараларын қолдану компаниялар үшін лауазымды адамдарды параға сатып алуды экономикалық тұрғыдан тиімсіз етеді.

Сонымен бір мезгілде кәсіпкерлік субъектілерін лауазымды адамдардың құқыққа сыйымсыз әрекеттерінен, оның ішінде рейдерліктен қорғау жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

«Тұрмыстық» сыбайлас жемқорлықты жою жөніндегі жүйелі шаралар тұрғысынан мемлекеттік органдар мен ұйымдар, сондай-ақ мемлекеттік емес ұйымдар жұмыскерлерінің заңсыз материалдық сыйақыны қорқытып алу фактілерінің жолын кесу тәсілдері қайта қаралатын болады.

Неғұрлым тиімді алдын алу тетігі мақсатында пара ұсыну-ды/параны уәде етуді криминалдандыру қажет, бұл халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда елеулі прогреске қол жеткізу және жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз ету үшін, Қазақстанның жаңа халықаралық құқықтық құралдарға – Еуропа Кеңесінің Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауаптылық туралы конвенциясына және ЭЫДҰ-ның Халықаралық коммерциялық мәмілелерді жүзеге асыру кезінде шетелдік лауазымды адамдарды параға сатып алумен күрес жөніндегі конвенциясына қосылу керек.

4-міндет

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда азаматтық қоғамның рөлін күшейту

Қоғамдық бақылау институтын дамыту

Азаматтық қоғамның пікірі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруда мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалаудың «лақмус қағазы» болуға тиіс.

Қоғамдық бақылауды іске асыру тетіктері қоғамдық кеңестердің қызметімен шектелмейді.

Осы бағытта «Қоғамдық бақылау туралы» Заңның қабылдануы маңызды болып табылады, ол мемлекеттік бақылауға балама ретінде осы институтты қолдайды береді.

Азаматтық қоғам өкілдерінің бюджет процесіне, мемлекеттік сатып алу мониторингіне, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалауға, қандай да бір саладағы, өңірдегі неғұрлым проблемалы, өткір мәселелерді айқындауға қатысуы арқылы олардың мемлекетпен өзара іс-қимыл процестерін жетілдіру қажет.

Мемлекеттік бюджет және Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры есебінен іске асырылатын жобаларға тиімді қоғамдық мониторинг енгізіледі.

Мемлекеттік органдардың шешімдері туралы ақпараттың жариялылығы азаматтық қоғаммен сындарлы диалогқа жәрдемдесетін болады және халықтың шенеуніктермен артық байланыс жасау қажеттілігін жоюға мүмкіндік береді.

Бұл ретте мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ақпарат беруіндегі бытыраңқылық пен көп есептілікті жойған жөн.

Пәрменді кері байланыс тұрғысынан азаматтар үшін өзекті әрі түсінікті деректерді орналастыра отырып, мемлекеттік органдардың жария ақпараттық ресурстарын оңайлатуды қамтамасыз ету қажет.

Мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қоғамдық кеңестерінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алудағы рөлін күшейту бөлігінде олардың функцияларын объективті түрде қайта қарау талап етіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға журналистер мен өзге бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін кеңінен тарту қазақстандықтардың белсенді азаматтық ұстанымын нығайтуға ықпал ететін болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде журналистердің өкілеттіктері мен құқықтарының әлеуетін барынша толық пайдалануға ықпал ету қажет.



(Жалғасы. Басы 20-21-22-23-беттерде).

Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлау тетіктерін жақсарту

Азаматтардың сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтауға қатысуын ынталандыру үшін олар туралы хабарлаудың қолданыстағы тетіктері дамытылатын болады.

Қоғамдық санада дұрыс көзқарас қалыптастырған маңызды. Сыбайлас жемқорлықты қабылдамау мәдениеті сөз жеткізушілікпен астаспауға тиіс.

Азаматтарға сыбайлас жемқорлық фактілері туралы цифрлық коммуникацияның оңайлатылған тәсілдері арқылы хабарлау мүмкіндігі берілуге тиіс.

Бұл ретте бюджет қаражатын ұтымды пайдалану мәселелері бойынша қоғамдық резонанс тудыратын сигналдарға ерекше назар аудару қажет. Мұндай кеңінен үн қосу теріс пайдалану және тиімсіз жұмсау фактілерінің алдын алу жағдайында көтермелеуге негіз болуға тиіс.

ЭЫДҰ-ның және ГРЕКО-ның ұсынымдарына сәйкес сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған адамдарды қорғаудың кешенді жүйесін заңнамалық деңгейде енгізу талап етіледі.

Ақпарат берушілерді жұмыс орнында қудалау мен қысым жасаудан қорғай отырып, олардың еңбек ету құқықтарын қорғау жөніндегі шараларды бекіту қажет.

Арыз иесі туралы және оның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда көрсеткен жәрдем туралы ақпаратты жария еткені үшін қылмыстық жауаптылық енгізе отырып, оның құпиялылығына кепілдік берілуге тиіс.

5-міндет
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асырудың тиімді мониторингін қамтамасыз ету

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда үздік нәтижелерге қол жеткізу және қабылданатын шаралардың тиімділігін объективті бағалау мониторингтің тұтас жүйесі арқылы қамтамасыз етілетін болады.

Енгізілетін жобалық тәсілді ескере отырып, ол объективтілік және жариялылық қағидаттарына негізделетін болады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ахуалды нақты уақыт режимінде көрсететін индикатор болады.

Мұндай құрал азаматтардың сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға толыққанды қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының жұмысын рейтингтік бағалау көзі болып, оларды азаматтардың өмір сүру сапасын нақты жақсартуға ынталандырады.

Сыбайлас жемқорлық деңгейін әлеуметтанушылық өлшеулерді дамыту мәселесі жұртшылықтың мұндай зерттеулердің нәтижелеріне, оларды жүргізу тәсілдері мен әдістеріне кеңінен қолын жеткізе отырып, жеке қарауды талап етеді.

Сыбайлас жемқорлықты түйсінудің ұлттық индекcін қалыптастыру мәселесі өзекті болып отыр. Бұл сыбайлас жемқорлықпен күрес шараларының қаншалықты тиімді екенін түсінуге, өзгерістерді бағалауға және іске асырылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

6-міндет

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның қызметін одан әрі жетілдіру

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға баса мән беріліп жатқан кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің мемлекеттік органдар мен ұйымдардың дерекқорларына және ақпараттық жүйелеріне, қол жеткізудің нақты негіздерін, алынған ақпаратты теріс пайдалану мен жария ету және оларды қызметтен тыс мақсаттарда пайдалану мүмкіндіктерін болдырмайтын бақылау тетіктерін белгілей отырып, қол жеткізу мәселесін одан әрі пысықтай отырып, үлкен деректерді талдау негізінде интеграцияланған талдау құралдарын қолдану өзекті болып отыр.

Мұндай тетік жасырын заңдылықтар мен тәуекелдерінің арақатынасын, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың үрдістері мен басқа да инсайттарды анықтауға ықпал ететін болады.

Азаматтардың сыбайлас жемқорлық алғышарттарының бар екендігі туралы сигналдары кейіннен ден қою шараларын қабылдау үшін үлкен деректерді талдау шеңберінде пайдаланылуға тиіс.

«1424» call-орталығы кадрлық және техникалық тұрғыдан озық стандарттарға сәйкес келетін болады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтерінің жұмысы мәселелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның үйлестіруші рөлі күшейтіледі.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелерінде кешенділік пен толықтығын қамтамасыз ету үшін Әдеп жөніндегі уәкілдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен өзара іс-қимылын регламенттеу қажет.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелерінде кешенділік пен толықтықты қамтамасыз ету үшін әдеп жөніндегі уәкілдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен өзара іс-қимылын регламенттеу қажет.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудың жаңа тәсілдерінің пайда болуы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қызметкерлерінің біліктілігін үздіксіз сапалы арттыру процесін талап етеді.

Цифрлық қаржы активтерін, криптобиржаларды және басқа да цифрлық платформаларды пайдалана отырып жасалатын қылмыстарды анықтау және олардың жолын кесу жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде одан арғы байыпты халықаралық ынтымақтастық шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы озық стандарттарды имплементтеу жөніндегі жұмыс, оның ішінде ГРЕКО-ның және ЭЫДҰ-ның ұсынымдарын іске асыру арқылы жалғасатын болады.

НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАР ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

1. 2026 жылдың қорытындысы бойынша нысаналы индикаторлар:

1) Transparency International сыбайлас жемқорлықты түйсіну индексі – 47 баллдан төмен емес;

2) өткен 12 айда кемінде бір рет мемлекеттік лауазымды адаммен байланыс жасаған және мемлекеттік лауазымды адамға пара төлеген немесе осы мемлекеттік лауазымды адам пара талап еткен адамдардың үлесі (Орнықты даму мақсаттарының 2030 жылға дейінгі ұлттық индикаторлары тізбесіндегі жаһандық индикатор) – 25,3%-дан жоғары емес;

3) Дүниежүзілік банктің мемлекеттік басқару тиімділігі индексі (Government Effectiveness) – 74-75 процентильден төмен емес;

4) Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің «Институттар» индикаторы – 48-орыннан төмен емес;

5) Дүниежүзілік сот төрелігі жобасының Заң үстемдігі индексі (World Justice Project, Rule of Law Index) – 0,57 баллдан төмен емес;

6) Дүниежүзілік банктің халықтың пікірін есепке алу және мемлекеттік органдардың есептілігі индексі (Voice and Accountability) – 57,5 процентильден төмен емес;

7) Дүниежүзілік банктің сыбайлас жемқорлықты бақылау индексі (Control of Corruption) – 48-50 процентильден төмен емес;

8) елдің ЖІӨ құрылымындағы мемлекеттің экономикаға қатысу үлесінің қысқаруы – 13,9%-дан жоғары емес;

9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке халықтың сенім деңгейі (Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі өткізетін нәтижелілікті бағалау шеңберінде) – 66 %-дан төмен емес.

10)
2. 2026 жылдың қорытындысы бойынша күтілетін негізгі нәтижелер:

- 1) азаматтық қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға барынша тартылуы;
- 2) ашық және қоғамға есеп беретін мемлекеттік аппарат;
- 3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқарудың тиімді жүйесі;
- 4) транспарентті бюджеттік процестер және бәсекелес сатып алу;
- 5) сыбайлас жемқорлық үшін жауапқа тартудың әділ жүйесі.

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет).

ТҮЙІНСӨЗ

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022–2026 жылдарға арналған Тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы *(Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 88-тармағы)* бойынша әзірленді.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі ІС-ҚИМЫЛ ЖОСПАРЫ

№	Реформалардың/негізгі іс-шаралардың атауы	Аяқтау нысаны	Аяқталу мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5
Стратегиялық көрсеткіш: Transparency International сыбайлас жемқорлықты түйсіну индексі, балл: 2022 жылы – 42, 2023 жылы – 43, 2024 жылы – 44, 2025 жылы – 45, 2026 жылы – 47				
1-міндет. Сыбайлас жемқорлыққа төбеушілікті қалыптастыру				
Нысаналы индикаторлар:				
өткен 12 айда кемінде бір рет мемлекеттік лауазымды адаммен байланыс жасаған және мемлекеттік лауазымды адамға пара төлеген немесе осы мемлекеттік лауазымды адам пара талап еткен адамдардың үлесі (Орнықты даму мақсаттарының 2030 жылға дейінгі ұлттық индикаторлары тізбесіндегі жаһандық индикатор), пайыз: 2022 жылы – 31,2, 2023 жылы – 29,6, 2024 жылы – 28,3, 2025 жылы – 27, 2026 жылы – 25,3;				СЖКІА
Дүниежүзілік банктің мемлекеттік басқару тиімділігі индексі (Government Effectiveness), процентиль: 2022 жылы – 62-65, 2023 жылы – 65-68, 2024 жылы – 68-73, 2025 жылы – 74-75, 2026 жылы – 74-75				ҰЭМ, АҚДМ, ЦДИАӨМ, МКІА
1.1. Құндылықтарды өзгерту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру				
1	Өртүрлі нысаналы топтар деңгейінде декомпозицияланған ақпараттық жұмыс жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын қабылдау	Үкімет қаулысы	2022 жылғы IV тоқсан	АҚДМ, СЖКІА, МСМ, ЦДИАӨМ, БҒМ, мүдделі мемлекеттік органдар, ҚХА (келісім бойынша)
2	Адамдарды қосудың және одан шығарудың нақты тетіктерін айқындай отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүйесіне жемқорлардың жария тізілімін енгізу	Заң жобасы	2023 жылғы IV тоқсан	СЖКІА
3	Құқықтық насихатты азаматтар мен кәсіпкерлерге қолданыстағы құқықтық актілерді түсіндікті және қысқа тілде түсіндіре отырып, сондай-ақ белгілі бір өмірлік жағдайлар мен заңды фактілер бойынша цифрлық шешімдерді қолдана отырып, олардың құқықтары туралы нақты хабарлар етуді қамтамасыз ету жолымен жетілдіру	әдістемелік ұсынымдар	2022 жылғы III тоқсан	ӘдМ
4	БҰҰ ЕКБ-ның «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру және жастардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту үшін жаһандық ресурс» бастамасына қосылу мәселесін пысықтау	бұйрықтар	2023 жылғы III тоқсан	мүдделі мемлекеттік органдар
5	Білім беруін барлық деңгейлерінде білім беру бағдарламаларына парасаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тақырыптарын енгізу	ПӨ-ге ұсыныс	2023 жылғы I тоқсан	СЖКІА, БҒМ
6	Барлық ЖОО-ларда: 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы халықаралық/ұлттық стандартты; 2) академиялық адалдық құралдарын енгізу	білім беру бағдарламалары	2024 жылғы IV тоқсан	БҒМ, ЖАО
6	Барлық ЖОО-ларда: 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы халықаралық/ұлттық стандартты; 2) академиялық адалдық құралдарын енгізу	сәйкестік сертификаттары	2026 жылғы I тоқсан	БҒМ
6	Барлық ЖОО-ларда: 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы халықаралық/ұлттық стандартты; 2) академиялық адалдық құралдарын енгізу	ректорлардың бұйрықтары		
1.2. Мемлекеттік аппараттың парасаттылығын арттыру				
7	Мемлекеттік қызметшілермен профилактикалық жұмыс, оның ішінде: 1) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінешалдыққан лауазымдарды айқындау үшін өлшемшарттарды белгілеу; 2) әдеп жөніндегі уәкілдердің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды атқаратын мемлекеттік қызметшілермен жүйелі профилактикалық жұмысты ұйымдастыруы	әдістемелік ұсынымдар	2022 жылғы IV тоқсан	СЖКІА, МКІА, мүдделі мемлекеттік органдар
8	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқытудың үздіксіздігін, дәйектілігін мен өзектілігін қамтамасыз ете отырып, оны дамыту	ПӨ-ге ақпарат	2024 жылғы II тоқсан	
9	Мемлекеттік қызметте және квазимемлекеттік секторда мүдделер қақтығысын анықтауды және реттеуді регламенттеу	білім беру бағдарламалары	2023 жылғы IV тоқсан	МКІА, ЖС, БП, ИМ, Қорғаныс мин-і, МБА, Қаржы мин-і
9	Мемлекеттік қызметте және квазимемлекеттік секторда мүдделер қақтығысын анықтауды және реттеуді регламенттеу	Заң жобасы	2024 жылғы IV тоқсан	СЖКІА, МКІА
10	Мемлекеттік қызметтің тартымдылығын, оның ішінде: 1) әлеуметтік пакетті кеңейту; 2) мемлекеттік қызметшілердің еңбегін ұйымдастыру үшін жағдайлар жасау; 3) өзге де ақы төленетін қызметпен айналысу үшін мүмкіндіктерді кеңейту арқылы арттыру жөніндегі мәселені пысықтау	ПӨ-ге ұсыныс	2023 жылғы I тоқсан	МКІА, СЖКІА, ҰЭМ, Қаржы мин-і, БП

1.3. Бизнестің парасаттылығына жәрдемдесу				
11	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру шеңберінде комплаенс-мамандарды даярлау	білім беру бағдарламалары	2023 жылғы IV тоқсан	БҒМ, СЖКІА, ЕХӨҚМ
12	Квазимемлекеттік және жекеше секторлар субъектілерінің қызметіне ISO 37001 немесе КР СТ 3049 сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын ерікті түрде енгізу	сәйкестік сертификаты	2022-2026 жылдар	СЖКІА, ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар, МБА, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша)
13	Квазимемлекеттік және жекеше секторлар субъектілерінің қызметкерлерін өтеусіз негізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту	білім беру бағдарламалары	2022-2026 жылдар	СЖКІА, ОМО, ЖАО, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша)
14	«Бизнес-серіктестердің тізілімі» ақпараттық жүйесінің функционалын, оның ішінде: 1) «салық төлеушінің парасаттылық индексі», «қаржылық орнықтылық индексі» және «төлем тәртібінің индексі» индекстерін әзірлеу; 2) «тиісті сактық» қағидатын енгізу; 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы индикаторлармен толықтыру; 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты ерікті негізде енгізген компаниялардың өнімдерін «таза толқын» («clear wave») белгісімен танбалау мәселесін пысықтау; 5) бизнестің сыбайлас жемқорлыққа қарсы рейтингін енгізуді пысықтау; 6) тіркеуден кейінгі бірінші жылы ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерді сүйемелдеу бойынша функционалды енгізу мүмкіндігін қарастыру арқылы жетілдіру	пайдалануға беру актісі	2023 жылғы III тоқсан	«Атамекен» ҰКП (келісім бойынша), СЖКІА, Қаржы мин-і, мүдделі мемлекеттік органдар
15	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды енгізген және қолдайтын жеке кәсіпкерлік субъектілері үшін жеңілдіктер, преференциялар, мемлекеттік сатып алу кезінде шартты жеңілдіктер және басқа да қолдау шараларын енгізу мәселесін пысықтау	ПӨ-ге ұсыныс	2023 жылғы I тоқсан	СЖКІА, ҰЭМ, Қаржы мин-і, ИИДМ, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар
2-міндет. Сыбайлас жемқорлықтың мүмкіндіктерін болдырмау Нысаналы индикаторлар: мемлекеттің экономикаға қатысу үлесін қысқарту, ЖІӨ-ге %-бен: 2022 жылы – 14,7, 2023 жылы – 14,5, 2024 жылы – 14,2, 2025 жылы – 14,0, 2026 жылы – 13,9; Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің «Институттар» индикаторы, орын: 2022 жылы – 58, 2023 жылы – 56, 2024 жылы – 53, 2025 жылы – 50, 2026 жылы – 48				
2.1. Бюджет қаражатын тиімсіз жұмсау тәуекелдерін және сатып алуда сыбайлас жемқорлықты азайту				
16	Құрылыс-монтаждау жұмыстары саласында жалған актілерге мәжбүрлі түрде қол қою тәуекелін болдырмайтын жобалық қаржыландыруды енгізу мәселесін пысықтау	ПӨ-ге ұсыныс	2022 жылғы IV тоқсан	Қаржы мин-і, ҰЭМ
17	Ұлттық басымдықтарға сәйкес қаржыны мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру, оның ішінде: 1) блоктық бюджетті іске асыру шеңберінде «бір қол қою» қандаласын енгізу; 2) көрсеткіштерді есептеудің қолданыстағы әдістемелерін қайта қару; 3) инвестициялық жобаларды тиісінше мониторингтеу және басқару үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жауапкершілігін арттыру жөніндегі мәселені пысықтау; 4) сатып алуды өткізуді және бюджет қаражатын алушылар туралы деректерді қоса алғанда, бюджет қаражатын жоспарлау сәтіннен бастап игеру сәтіне дейінгі процесті ашық деректердің бірыңғай интернет-порталында жариялау, оның ішінде бюджет қаражатын алушылардың жария тізілімін қалыптастыру; 5) бюджет қаражатын игеру процестерінде «ақшаны бояу» тетігін енгізу	Заң жобасы	2024 жылғы IV тоқсан	ҰЭМ, Қаржы мин-і, СЖРА, ЦДИАӨМ, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар
		бұйрықтар	2023 жылғы IV тоқсан	СЖРА ҰСБ, ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар
		ПӨ-ге ұсыныс	2022 жылғы III тоқсан	ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар
		ашық деректердің бірыңғай интернет-порталындағы жария деректер	2023 жылғы I тоқсан	Қаржы мин-і, ЦДИАӨМ, АҚДМ, ҰЭМ
		пайдалануға беру актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Қаржы мин-і, СЖКІА, ЦДИАӨМ
18	Әлеуметтік маңызы бар салаларда жан басына шағып қаржыландыру жүйесінің тиімділігін арттыру («ақша адамның соңынан ереді»)	ПӨ-ге ақпарат	2023 жылғы I тоқсан	ҰЭМ, Қаржы мин-і, мүдделі мемлекеттік органдар



19	Сатып алуда бәсекелестік органы күшейту, оған қоса: 1) сатып алынатын тауарларға арналған техникалық ерекшеліктерді стандарттау және біріздендіру үшін тауарлардың бірыңғай каталогын жасау; 2) тауарлар бойынша орташа босату бағасын айқындау; 3) биржалық сауданы кеңейту	пайдалануға беру актісі	2024 жылғы I тоқсан	Қаржымині, «Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ (келісім бойынша), «Бәйтерек ҰБХ» АҚ (келісім бойынша), ұлттық компаниялар
20	Бір көзден сатып алудың және ерекше тәртіппен, сондай-ақ мемлекеттік тапсырмалар шеңберінде өткізілетін сатып алудың құқықтық негіздерін қысқарту (құқықтық тәртіп пен ұлттық қауіпсіздік қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін сатып алуды қоспағанда)	әдістемелік ұсынымдар	2022 жылғы IV тоқсан	Қаржы мин-і, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша)
21	Мемлекеттік сатып алу мен квазимемлекеттік сектордың сатып алуы үшін бірыңғай талаптарды белгілеу мәселесін пысықтау	Заң жобасы	2024 жылғы I тоқсан	СІМ
22	Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесін, оның ішінде онтайландыру, қайталануды болдырмау және тәуелсіздікті қамтамасыз ету жолымен жетілдіру	Заң жобасы	2025 жылғы III тоқсан	Қаржымині, ӘдМ, ҰЭМ, ҰҚК, Қорғаныс мин-і, ІІМ
23	Бюджеттік қолдаудың экономикалық тиімділігін арттыру	Заң жобасы	2025 жылғы I тоқсан	Қаржымині, «Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ (келісім бойынша)
24	Бәсекесі жеткіліксіз салаларды қоспағанда, мемлекеттің жүз пайыз қатысу үлесі бар ұйымдарға мемлекеттік қолдаудың барлық шараларына шектеулер енгізу жөніндегі мәселені пысықтау	Заң жобасы	2022 жылғы II тоқсан	Қаржы мин-і, СЖРА, БҚДА, СЖКІА, ЦДИАОМ, Қаржы мин-і, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар
25	Монополиясыздандыру және қолайлы бәсекелес орта құру арқылы мемлекеттің экономикаға қатысуын қысқарту (ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты саланы қоспағанда)	Заң жобасы	2024 жылғы III тоқсан	БҚДА, Қаржы мин-і, мүдделі мемлекеттік органдар, «Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ (келісім бойынша), «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша)
26	Мемлекеттік басқаруды «цифрлық қайта жүктеу»: 1) бизнес-процестерді талдау және онтайландыру; 2) мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің проактивті форматын дамыту; 3) мемлекеттік қызметтер көрсетудің баламалы нысандарын қысқарту; 4) мемлекеттік қызметтерді мемлекеттік емес платформалар арқылы көрсетудің электрондық форматын кеңейту	ПӘ-ге ақпарат, бұйрықтар	2025 жылғы IV тоқсан	ЦДИАОМ, МҚІА, мүдделі мемлекеттік органдар
27	Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын цифрлық трансформация талаптарына сәйкестігі тұрғысынан сараптау	Заң жобасы	2022 жылғы IV тоқсан	ЦДИАОМ
28	Деректердің бірыңғай ауқымына негізделген цифрлық үкіметтің жаңа архитектурасын құру	пайдалануға беру актісі	2025 жылғы IV тоқсан	ЦДИАОМ
29	Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және жою	бұйрықтар	2022-2026 жылдар	ЦДИАОМ, СЖКІА
30	Қолма-қол ақшасыз төлемдердің инфрақұрылымын кеңейту	ПӘ-ге ақпарат	2024 жылғы I тоқсан	ҰБ, СІМ, Қаржы мин і, ЦДИАОМ, ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар
31	ТМҚКК/МӨМС шеңберінде медициналық көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен ашықтығын, оның ішінде: 1) медициналық көрсетілетін қызметтерді алу кезінде, әсіресе амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуде алушыны QR-кодтау арқылы сәйкестендіру; 2) денсаулық сақтау субъектілерінен дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды мемлекеттік сатып алу веб-порталына ауыстыру арқылы қамтамасыз ете отырып, оларды цифрландыруды дамыту	ПӘ-ге ақпарат	2025 жылғы III тоқсан	ДСМ, мүдделі мемлекеттік органдар
32	Сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын анықтау және жою құралдарын жетілдіру	ПӘ-ге ұсыныс	2023 жылғы I тоқсан	СЖКІА
33	Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама, оның ішінде: 1) нормативтік құқықтық актілердің үлгілік және ұқсас жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірыңғай сараптама; 2) жасанды интеллект элементтерін енгізу арқылы дамыту	Үкімет қаулысы	2023 жылғы II тоқсан	СЖКІА
34	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі және сыртқы талдауларды, оның ішінде: 1) жобалық тәсілді енгізу; 2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу қағидаларын жетілдіру; 3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі және сыртқы талдау жасау, ұсынымдарды талқылау және олардың іске асырылу мониторингін процесіне қоғамдық кеңестерді міндетті түрде тарту; 4) құқықтық мониторинг жүргізу көздерін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жасалған сыртқы және ішкі талдаулардың ұсынымдарымен толықтыру; 5) құқықтық мониторинг нәтижелерін қоғамдық кеңестің отырыстарында қарау арқылы дамыту	Үкімет қаулысы, бұйрық	2022 жылғы IV тоқсан	СЖКІА, ӘдМ, ОМО, ЖАО
35	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт институтын, оның ішінде: 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға тиісті әдістемені бекіту жөнінде құзырет беру; 2) әдістемені бекіту; 3) экономика және мемлекеттік басқару салаларына қатысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің бейіндері бар сыбайлас жемқорлық картограммаларын жасау арқылы дамыту	Заң жобасы	2023 жылғы IV тоқсан	СЖКІА, мүдделі мемлекеттік органдар
36	«Smart-cop» жобасын: 1) «виртуалды сотта» қаралған істердің үлесін одан әрі ұлғайту; 2) сот ісін жүргізуде жасанды интеллектті енгізу (цифрлық талдама) бөлімінде дамыту	пайдалануға беру актісі	2023 жылғы III тоқсан	ӘдМ, АҚДМ, ЦДИАОМ, ІІМ, ЕХӨҚМ, ҰЭМ, СІМ, Қаржы мин-і, ЖС, БП, ҰҚК, ЕК, СЖКІА, МҚІА, ДСМ
37	Парасаттылыққа тексеруді (integrity check) енгізу тетігін пысықтау	ПӘ-ге ұсыныс	2023 жылғы I тоқсан	СЖКІА, ЖС, БП, ІІМ, ҰҚК, ҚМА, мүдделі мемлекеттік органдар
38	Негізсіз баю үшін жауапкершілікті енгізу	Заң жобасы	2023 жылғы IV тоқсан	СЖКІА, БП, ҚМА, ҰҚК, Қаржы мин-і, ӘдМ
39	Шығыстардың алынатын кірістерге сәйкестігі үшін декларацияларды тәуекелге бағдарланған бақылау жүйесін іске асыру	ПӘ-ге ақпарат	2026 жылғы III тоқсан	Қаржы мин-і, СЖКІА, ҚМА
40	«Қаржылық тергеу-тексеру институтын «ақшаны қадағалау» («follow the money») қағидаты бойынша енгізу	Заң жобасы	2023 жылғы IV тоқсан	СЖКІА, ҚМА, БП, ҰҚК, ІІМ, Қорғаныс мин-і
41	Параны уәде ету/ұсыну үшін қылмыстық жауапкершілікті енгізу	Заң жобасы	2023 жылғы IV тоқсан	СЖКІА, БП, ЖС, ҰҚК, ІІМ
42	Мемлекеттік орган, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйым қызметкерінің заңсыз сыйақыны бопсалауына байланысты қылмыстарды анықтау жөніндегі жұмысты жетілдіру	Заң жобасы	2023 жылғы IV тоқсан	СЖКІА, БП, ІІМ, ЖС
43	Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін заңды тұлғалардың жауапкершілігін күшейту	Заң жобасы	2023 жылғы IV тоқсан	СЖКІА, БП, ЖС, ҰҚК, ӘдМ, Қаржы мин-і, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша)
44	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдамағаны үшін жауапкершіліктің құқықтық тетіктерін жетілдіру	Заң жобасы	2023 жылғы IV тоқсан	СЖКІА
45	Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне Еуропа Кеңесінің Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауаптылық туралы конвенциясына қосылу мәселесі бойынша заң жобасын енгізу	Заң жобасы	2026 жылғы IV тоқсан	СЖКІА, БП, ҰҚК, ҚМА, ІІМ, СІМ

46	Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне ӘБДҰ-ның Халықаралық коммерциялық мәмілелерді жүзеге асыру кезінде шетелдік лауазымды адамдарды параға сатып алуға қарсы күрес жөніндегі конвенциясына қосылу мәселесі бойынша заң жобасын енгізу	Заң жобасы	2026 жылғы IV тоқсан	СЖКІА, БП, ҰҚК, ҚМА, ІІМ, СІМ
47	«Қоғамдық бақылаушы» жобалық рөлін ұсына отырып, ұлттық жобаларды, өңірлерді дамыту жоспарларын және Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің басқа да құжаттарын іске асырудың қоғамдық мониторингін	жобалық басқарудың ақпараттық жүйесіне қол жеткізуді ұсыну	2022-2026 жылдар	ҰЭМ, ЦДИАОМ, СЖРА, АҚДМ, Ұлттық жобаларды іске асырудың мониторингін жөніндегі кеңсе, мүдделі мемлекеттік органдар
48	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда қоғамдық кеңестердің рөлін күшейту	Қазақстан Республикасы-дағы қоғамдық кеңестердің қызметі туралы ұлттық баяндамадағы ұсынымдар	2022-2026 жылдар	АҚДМ
49	Жария ақпаратты оңайлату: 1) азаматтардың түсінуінің ыңғайлы және қарапайым болуын қамтамасыз ету үшін «Ашық деректер» және «Ашық бюджеттер» интернет-порталдарында орналастырылатын ақпараттың форматтары мен сипаттамаларын жетілдіру; 2) «Ашық үкімет» интернет-порталдарының интерфейсін жетілдіру және оларды автоматтандырылған толықтыру	бұйрықтар	2023 жылғы III тоқсан	АҚДМ, ЦДИАОМ, Қаржы мин-і, ҰЭМ, ҰБ
50	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде журналистердің әлеуетін кеңейту мәселесін пысықтау	пайдалануға беру актілері	2022-2026 жылдар	ЦДИАОМ, ОМО, ЖАО
51	Хабарлау арналарын дамыту: 1) «1424» call-орталығының қызметін жетілдіру; 2) сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабар берудің заманауи цифрлық арналарын енгізу	пайдалануға беру актісі	2024 жылғы III тоқсан	СЖКІА, ЦДИАОМ
52	Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсеткен адамдарды көтермелеу	Үкімет қаулысы	2023 жылғы IV тоқсан	СЖКІА, Қаржы мин-і
53	Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлайтын адамдарды мемлекеттік қорғауды, оның ішінде олардың еңбек ету құқықтарын қорғау, өтініш беруші туралы және ол көрсеткен жәрдем туралы ақпараттың құпиялылығына кепілдік беру арқылы күшейту	Заң жобасы	2022 жылғы IV тоқсан	СЖКІА, БП, МҚІА, ЕХӨҚМ
54	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділігін мониторингтеу және бағалау жүйесін енгізу және дамыту	Заң жобасы	2023 жылғы IV тоқсан	СЖКІА, ОМО, ЖАО
55	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жария портал құру	пайдалануға беру актісі	2024 жылғы III тоқсан	СЖКІА, ЦДИАОМ
56	Сыбайлас жемқорлықты түйсінудің ұлттық индексін қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу	ПӘ-ге ұсыныс	2022 жылғы III тоқсан	СЖКІА, СЖРА
57	Интеграцияланған талдаманы, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке мемлекеттік органдар мен ұйымдардың дерекқорларына және ақпараттық жүйелеріне қолжетімділік беру мәселесін, қол жеткізудің нақты негіздерін, алынған деректерді теріс пайдалану мен жария ету және оларды қызметтен тыс мақсаттарда пайдалану мүмкіндіктерін болдырмайтын бақылау тетіктерін белгілей отырып, пысықтау арқылы дамыту	ПӘ-ге ақпарат	2022 жылғы IV тоқсан	СЖКІА, ЦДИАОМ, мүдделі мемлекеттік органдар
58	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерін үйлестіруді күшейту: 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплекс-қызметтер жұмысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің үйлестіруші рөлін күшейту; 2) әдеп жөніндегі уәкілдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен өзара іс-қимылын регламенттеу	Заң жобасы	2022 жылғы IV тоқсан	СЖКІА, МҚІА
59	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың үздіксіз процесін енгізу	біліктілікті арттыру бағдарламалары	2022-2026 жылдар	СЖКІА, БП, МҚІА
60	Цифрлық қаржы активтерін, криптобиржаларды және басқа да цифрлық платформаларды пайдалана отырып жасалған сыбайлас жемқорлық қылмыстарға қарсы іс-қимыл	әдістемелік ұсынымдар	2025 жылғы IV тоқсан	СЖКІА, БП, ҚМА, ҰБ
61	Халықаралық ұйымдардың (ГРЕКО, ӘБДҰ және басқалар) ұсынымдары негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу	ұсынымдары бекіту	2022-2026 жылдар	СЖКІА, мүдделі мемлекеттік органдар

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АҚДМ	– Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
«Атамекен»	– «Атамекен»
ҰКП	– Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
ӘдМ	– Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
«Бәйтерек ҰБХ» АҚ	– «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
БҒМ	– Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
БҚДА	– Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі
БП	– Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы
ГРЕКО	– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобы
ДСМ	– Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
ЕК	– Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті
ЕХӨҚМ	– Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ЖАО	– жергілікті атқарушы органдар
ЖС	– Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты
ИНДИМ	– Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
Қаржымині	– Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
ҚМА	– Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі
Қорғанысмині	– Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі
ҚР СТ	– Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты
ҚХА	– Қазақстан халқы Ассамблеясы
МӨМС	– міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру
МБА	– Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы
МҚІА	– Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
МСМ	– Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі
ОМО	– орталық мемлекеттік органдар
ПӘ	– Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі
«Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ	– «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
СЖКІА	– Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)
СЖРА	– Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
СЖРА ҰСБ	– Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы
СІМ	– Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі
СІМ	– Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
ТМҚКК	– тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі
ҰБ	– Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ҰҚК	– Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті
ҰЭМ	– Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
ЦДИАОМ	– Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
ІІМ	– Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
ӘБДҰ	– Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
ISO	– International Organization for Standardization



2022 жыл қандай болмақ?

(12 шоқжұлдыз: жұлдыз-жорамал)

Жалпы, 2022 жыл тағдырдың күтпеген жаңалықтарына толы, тың, ерекше белсенді жыл болады. Кейбір деректерде Барыс жылы 1 қаңтарда емес, 1 ақпанда басталып, 2023 жылдың 21 қаңтарына дейін жалғасады деген жорамал бар. Жылдың екі символы болады: ағаш – тұрақты болуға көмектессе; су – сезімталдық, икемділік пен шығармашылық дамуға ықпал етеді.

Жыртқыш аң серпіні адамдар бойында оптимизм мен мақсатқа жетуге деген күш-жігерді оятып, армандарға тезірек жетуге көмектеседі. Алдыңғы Сиыр жылымен салыстырғанда анағұрлым белсенділікті байқайсыз. Барыс көптеген өзгерістер әкелмек. Көбісі қателіктерге бой алдырады. Барыс сіздердің жолдарыңызды әдейі уақытша бөгеп, мықты болуға итермелейтін жағдайлар туындатады. Қысқаша айтқанда, барыс сүйе алатындарды емес, мақсаттарына жетуге дайын адамдарды қолдап-қолпаштайды. Соған қарамастан, Барыс – сенімді әрі адал хайуан. Сондықтан 2022 жылдан үй ішінде жылылық, тұрақтылық, түсіністік пен махаббат күтуге болады.

● Басында **Токтыларға** 2021 жылғы келеңсіздіктерден арылу қиындау болуы мүмкін. Ары қарай жылжу үшін аталған мәселелерге қажетті уақыт бөлу маңызды. Пайда табу жағы басты назарда болмақ. Сондықтан жұмыс орныңызда тапжылмай еңбек ету керек немесе жаңа жұмыс іздеу қажет. Қалаған дүниенің барлығын сатып ала аласыз, алайда қаражаттың «құбылмалылығына» дайын болыңыз.

Токтылардың жеке өмірінде өзгерістер күтілуде. Сіз сәтті тұрмыс құра/үйлене аласыз немесе жаңа махаббат жырын бастайсыз. Егер сіз жалғыз болмасаңыз, екінші сыңарыңыз жаңа лауазымға тағайындалуы мүмкін. Оның отбасылық бюджетке оң әсері болады.

Табиғатынан қызба мінезді Токтыларға бәрін ақылмен шешуге үйрену керек. Ұрыс-керіске бой алдырмаңыз. Одан бөлек, биыл Токты жалқаулық немесе алға жылжу қарқынын бәсеңдетуді мүлдем ойламауы тиіс. Егер жоспарға сәйкес жүрсеңіз, бәрі ойдағыдай болады. 2022 жыл сіздің жақсы қырынан ашылуыңызға жол ашады.

Денсаулыққа келер болсақ, Токтыға әу бастан қамдана түскен дұрыс. Зиянды көзқарастардан арылуға, эмоцияларыңызды бақылауда ұстауға және жүйке жүйеңізді шаршатпауға тырысыңыз.

● **Торпақтар** үшін 2022 жыл тұрақтылығымен сипатталады. Бастапқы айлар детокс пен тазару уақыты болмақ. Сананы шырмалаған көптеген ойлар мен идеяларды қоя тұрып, өзіңізге көңіл бөліңіз. Күш-жігеріңізді жинақтаудың таптырмас жолы. Осыған дейін күтінбей, ушықтырып алған созылма ауруларға уақыт бөлетін кез келді. Шұғыл істермен жүгіремің деп, жауапкершілік жайлы ұмытпаңыз.

Ақша жағынан Барыс жылы кішкене қиындау болмақ. Жылдың бірінші жартысында жұмыста келеңсіздіктер мен қалтаңыз көтермейтін шығындар болуы мүмкін. Қызмет аясын өзгертуге дейін баруыңыз мүмкін. Бұл талпынысыңыз сіздің жұмыс қабілетіңіз бен ынтаңызға тікелей байланысты. Өзіңді дамытуға ұмтылыс пен білім алу – сіздің басты міндетіңіз болады.

Махаббат аясында кемеңіз кедергілерге тап болмайды. Бірінші жартыжылдық ғашығыңызды іздеп табуға таптырмайтын уақыт.

● Кез келген жағдайға икемделе алған **Егіздерге** биылғы жыл шуағын молынан шашпақ. Кейде маңызды шешімдер қабылдау барысында тез әрі жылдам, тіпті, тәуекелге салып әрекет ету керек болады. Барыс жылында жұмыстарыңызды кейінге қалдырмаңыз. Егіздер туындаған қиындықтарға неғұрлым тез көңіл бөлсе, соғұрлым тез олар шешімін табады.

Махаббат мәселесінде Егіздердің күтпеген оқиға желісі туындауы мүмкін. Сезім мен эмоцияға келгенде өзіңізге ерік беріңіз.

Денсаулыққа биыл мұқият қараған жөн. Егіздер жыл басында жарақат алуы мүмкін. Профилактикалық тексеруден өту артық етпейді, созылмалы ауруларға да назар аударыңыз.

Егіздерде қаржы саласында нағыз төңкеріс орын алады, сондықтан ұтылмас үшін өз мүмкіндіктеріңіздің шегінде, бар ынта-жігеріңізді салуға тура келеді.

● Жыл басында **Шаяндардың** үй ішіндегі жағдайға көңілі толмауы мүмкін. Соның салдарынан ұрыс-керіс орын алып, тіпті, жұптарыңыз жазылуы мүмкін. Алайда, эмоцияға берілмей, логиканы басшылыққа алу керек. Күзге қарай махаббат мәселелері оңала түсуі тиіс. Жалғызбасты Шаяндар өздеріне сай жанды кездестіре алады.

Денсаулық жайлы айтар болсақ, тұмауға оңай бой беретіндерге абай болу керек. Вирустар кезеңіне сакадай дайын болу үшін, күтінуді жылы кезден бастаңыз. Жыл соңында Шаян өзін физикалық тұрғыдан болсын, моральдық жағынан болсын жақсы сезінетін болады. Дегенмен, өзіңізге қамқор болуды ұмытпаңыз.

Қаражат жағына келгенде, Шаяндарға тиянақты болу керек. Барыс жылы сіз өзіңізді жұмыста барыстай сезінетін боласыз. Болашақта еңбегіңіздің ақшалай жемісін көру үшін жұмыс бабымен көп жүгіріп, біраз күш жұмсау керек. Еңбегіңіз еш кетпейді!



Оған қоса, Шаяндарға өзін-өзі бағалаудың жолын табу керек болады. Көңіл күйіңіз бен іс-әрекеттеріңізді бақылауда ұстау – басты қолғанатыңыз. Жаныңыздағылардың ашық арандатушылық әрекеттеріне бой бермеңіз. Өмірді күрт өзгерту, ұзаққа жол тарту, қажетті дайындықсыз мамандық ауыстыру барыстың ашуына тиюі мүмкін. Бірқалыпты өмір сүрсеңіз, биылғы жыл оңынан болмақ.

● 2022 жыл **Арыстандар** үшін бар жағынан белсенді болмақ. Таныстар аясы кеңейіп, жеке өміріңізде жағымды жаңалықтар орын алуы мүмкін. Өзіңізге тән қасиеттерден – белсенділік, жан-жақтылық, сүйіспеншіліктен арылмаңыз. Өзіңіздің эгоңызға сәтті мәміле мен жақсы қарым-қатынастарды құртуға жол бермеңіз.

Отбасылы Арыстандардан өмірлік серіктері көңіл бөлулерін күтеді. Оған біраз күш керек, сол себепті үй ішінде ұрыс-керіс болуы мүмкін. Алайда, тәкаппарлыққа салынбай, керісінше серігіңіздің өміріңізде алар орнын түсіндіруден жалықпаңыз.

Барыс жылы Арыстандардың қаржылай жағдайын алаңдатуы мүмкін. Жұлдыздар импульсивті және ірі сатып алулардан сақ болуға кеңес береді. Мақсаты анық жандарға жұмыста мансабы немесе жалақысы өсуі күтілуде. Алайда, өзге қызметке ауысқанда әліңізді ескеріңіз.

Уақытылы демалуды да ұмытпаңыз. Арыстан өзін-өзі күтпесе, денсаулығы сыр беруі әбден мүмкін. Моральдық күйреуге жол бермеңіз, әйтпесе тез шаршап, Арыстан тізгінін жіберіп алғандай сезімде қалады.

● **Бикештердің** 2022 жылы айы оңынан туып, сәтті кезеңді бастан кешеді. Жалқаулықты ұмытып, өзіңді де, өзгені де алдамау керек. Барыс жылы Бикештерді махаббат өз қарамағына алмақ. Бәлкім, сізге батылырақ болып, бұған дейін бармаған әрекетке жол беру керек шығар. Жалғызсыраған Бикештердің жеке өмірі жақсы жаққа бет алуға тиіс. Отбасылы Бикештерді жанжалға әкелетін оқиғалар легі күтуде. Сізге де, сыңарыңызға да қарым-қатынастағы рөлдеріңізді анықтап алған жөн.

Бикештердің денсаулығы биыл сыр бермеуі керек. Алайда, уақытылы демалысты естен шығармаған жөн. Барыс жеке өмірде, ошақ қасындағы көмек үшін сыбағасын күтеді. Сондықтан энергияңызды үнемдеп, өзіңізді тонуста ұстағаныңыз дұрыс. Сүйікті ісіңізге де уақыт бөлуді естен шығармаңыз.

Ақша, қаржы жағын айтар болсақ, күтпеген ұсыныстар да, тәуекелге толы әрекеттер де жеткілікті болады. Мұндайда салқынқандылық танытып, оңай ақша табуға сенім артпай, тәуекелге барғанда да мүмкін болар шығынның мөлшері аз болуға тиіс.

● 2022 жыл **Таразыларға** өмірін жақсы жаққа өзгертуге қолұшын созады. Оң өзгерістер тезірек келсін десеңіз, йогамең айналысып, позитивті ойлаңыз. Сізді тек жоғарыға жетелейтін жандарды табуға тырысыңыз.

Жалғызбасты Таразылардың көптен күткен қосақтарын табуда жолы болуы мүмкін. Алайда, сіз өзіңіз бастамашылық етуіңіз тиіс.

Таразыларға денсаулығын бірқалыпта ұстау қиын соқпайды, алайда жан-дүниенің жағдайына көңіл аударған жөн. Тұмаудан бас көтермесеңіз, жазғы демалысты теңіз жағасында өткізуді жоспарлаған дұрыс. Жүрек қан-тамыр ауруларымен ауыратындарға уайымға салынбай, төзімділікті қорғауы керек. Керек десеңіз, жұмыстан, қосымша қаржыдан бас тартуға тура келуі мүмкін.

Бұған дейін «қаржы» қазығын қағып үлгергендердің жағдайы жақсы болмақ. Биылғы жыл өзінің шешімдеріне сенімді, қарсыластарынан қорықпайтын өжеттер үшін жеңіске толы жыл болмақ.

● **Сарышаяндарға** жыл басында серпіліс жасау үшін үй ішіндегі жылылық отын тұтату керек. Жұлдыздың белсенді өмірлік ұстанымы болашақ серіктердің назарынан тыс қалмайды, алайда қарым-қатынас орнағанымен, ұзаққа бармай-

ды. Бала-шағасы бар Сарышаяндарға барыс сынақ дайындады. Жеке қарым-қатынас тығырыққа тірелгендей көрініп, жанжал да болуы мүмкін. Дегенмен, Барыс сізге, жақындарыңызға өз сезімін қабылдауға көмегін тигізеді. Қиындықтарға қарамастан, ең бастысы, бірге болу, қолдау көрсету. Барыс сатқындар мен зинақорларды жақтырмайды, ашуына қалуыңыз ықтимал.

Деніңіздің саулығына баса назар аударыңыз. Жыл шиеленіске толы болғандықтан, демалыс жетіспей қалуы мүмкін. Ағзаңызға жаңа дем беруді ұмытпаңыз, әйтпесе белсенділік физикалық, моральдық тұрғыдан шаршатып жібереді.

Сарышаяндар биыл қаржы саласында биік шыңдарды бағындырады. Ең бастысы, сараңдық танытпаңыз. Алдымен тәуекелді бағалап алып, шешім қабылдаған дұрыс. Белсенді Сарышаяндарды мансап сатысында жоғарылау күтеді. Байыптылықпен қараңыз! Қалтаңызға қарай өмір сүріңіз, ақшаңыз жетпейтін дүниені алуда сақ болыңыз. Аса белсенділік керісінше нәтиже беруі мүмкін. Оны да ескергеніңіз жөн.

● Жалғызбасты **Мергендер** қызықты жандарды кездестіруі мүмкін. Алайда, сіздің мақсатыңыз отбасы құру болса, маңызды қадам алдында серігіңізді мұқият тандаған дұрыс.

Деніңіздің саулығына мұқият болыңыз, әсіресе, демалысыз жұмыс істесеңіз. Созылмалы аурулары бар Мергендерге емделуді кейінге қалдырмауға кеңес береміз. Шаршағанды басу үшін тыныс алу гимнастикасымен айналысу артық етпейді.

2022 жылы маңсап пен қаржы саласы қалай болары анық емес. Егер Мергендер кез келген жағдайды дұрыс бағалап, өзі үшін қорытынды шығара алса жеңіске оңай жетеді. Жұлдыз-жорамал «он рет өлшеп, бір рет кесуге» кеңес береді. Артта қалып қалмау үшін бәсекелестеріңізден көз жазбаңыз, бірақ асығыстыққа салынбаңыз. Ымыраға келсеңіз, алысқа барасыз. Сәттілік те серігіңізге айналады. Ең бастысы, бәріне дайын болыңыз!

● **Тауешкілер** үшін жыл басы жағымды болады. Барыс болашақтың пердесін ашып, сізге көптен бері алаңдатып жүрген сұрақтардың жауабын хабарлайды. Тауешкілер тосын дүниеден алшақ болғанымен, биыл өткенді артта қалдырып, өміріңізді өзгертуден қорықпаңыз.

Махаббат әлеміндегі өзгерістерді анық болжауға келмейді. Егер серігіңізбен қарым-қатынасыңыз қиындап кетсе, айырылысып кетулеріңіз әбден мүмкін, бұл шешім жаныңызға қатты батары сөзсіз. Бірақ кейін Тауешкі өзін алға жетелейтін бостандық сезіміне ие болады.

Денсаулыққа келер болсақ, кейбір жандарға тыныс алу органдарына назар аударған дұрыс. 2022 жыл жұмыстағы қарбаласпен сипатталғанымен, жан мен тәніңіздің саулығы үшін спорт немесе сауықтыру амалдарына уақыт бөлуге тура келеді.

Қаржы саласында Тауешкілерге біраз тер төгу керек. Ақша аспаннан түседі дегенге сенудің қажеті жоқ, тек адал еңбек қана қаржылай жетістіктер мен мансаптағы оң өзгерістерге жеткізеді.

● **Сукұйғыштар** үшін биылғы жыл қай жағынан болмасын жақсы жаңалықтарға толы болмақ. Қалағаныңызға тезірек қол жеткізу үшін армандарыңызды тізіп жазып, бойға ерік берген жөн. Жаңа сынақтардан қорықпаңыз, сіздің уақытыңыз келгенін ұмытпаңыз.

2022 жылы Сукұйғыштар жаңа әсер іздеп, қарым-қатынасқа түсуге ынталы болады. Алайда, серіктерді ауыстырамын деп жақын адамыңыздың сенімінен айырылып қалуыңыз мүмкін. Отбасылы Сукұйғыштар үй ішінде түсінісбеушіліктерге тап болуы ықтимал. Өмірлік серігіңізге кінә артудың орнына өз жолыңызды қайта қарап, бірге ары қарай өмір жолын жалғастыруға боларын/болмасын анықтаған жөн.

Сукұйғыштардың жағдайы өмірдің тыныш ырғағына сай жақсы болмақ. Дегенмен, көп күш жұмсаудың қажеті жоқ, одан да болашаққа қамданған дұрыс. Спортпен айналысып, жаныңызға тыныштық сыйлайтын медитацияға ден қойған, тамақтану салтын жақсартып, зиянды әдеттерден айрылған абзал. Маңсабыңыздың дәрежесін көтеремін деп жүгіргенше өзіңізді жетілдіріп, жаңа қызметке дайындығыңызды шыңдауға кеңес беріледі.

Қаржы әлемінде тұрақтылықты күтудің қажеті жоқ. Бұған дейін инвестиция салып үлгергендер енді ғана жемісін көреді. Қызметіңізді жоғарылатуды сұрағанда абай болыңыз, жалақыңызды көтеру туралы өтінішіңіз нәтижелі болады. Жалпы, Сукұйғыштарға қаржылық тұрақтылыққа ден қою керек.

● **Балықтар** үшін 2022 жыл өзгерістермен, қоныс аударумен ерекшеленетін болады. Жаңа жұмыс немесе пәтер – сізді биікке бастайтын алғашқы қадам. Пайда әкелетін, жүрегіңізге жақын істі іздеп көріңіз. Жаз уақытында артық уайым-қайғыдан аулақ болыңыз. Бәрін жеңіп шығатыныңызға күмәнданбаңыз. Балықтар жыл бойы оқиғаның дәл ошағында жүреді.

Жалғыз жүрген Балықтар жаңа танысулар арқасында өмірлік серігін таба алады. Бәлкім, қасыңызда ұзақ уақыт жүрген танысыңыз да сізге лайықты болуы мүмкін. Ал отбасы бар Балықтарға биылғы жыл қиындық әкелуі ықтимал. Көшбасшылық пен соңғы сөздің салмағына бола кикілжіңдер туындайды. Жұлдыздар мәмілеге келуге кеңес береді.

Егер күтінуді ұмытпаса, Балықтардың денсаулығы 2022 жылы қанағаттанарлық болады. Күшіңізді сарып етпес үшін, өзіңізді қорғаған дұрыс: үнемі демалу, алдын ала дәрігерлер тексеруінен өту.

Қаржылай жетістікке жету үшін жыл басынан Балықтарға жұмысқа ден қойған дұрыс. Кездейсоқ оқылықтарды да ескерген жөн. Бюджетіңізге сай емес болса, ірі сауда жасаудың қажеті жоқ. Жігерлі жандарға қызметте көтерілу жайында ойлаған жөн. Олардың көптен күткен қызметке тағайындалуы әбден мүмкін.

Әзірлеген Динара МҰРАТ.



«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге // 6 айға – 3294,60 теңге, 11 айға – 6605,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1 369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге // 6 айға – 8214,60 теңге, 11 айға – 17825,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге // 6 айға – 2814,60 теңге, 11 айға – 4845,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА! ●



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта»
АҚ Алматы почтамтына:
259-06-00 (ішкі 0318, 0319)
телефондары арқылы
хабарласыңыз



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын білдір-
мейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

● ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

2022 ЖЫЛҒЫ 26 ҚАҢТАРДАҒЫ
МӘЛІМЕТ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАНДА PFIZER
ВАКЦИНАСЫН АЛҒАН АДАМДАР САНЫ

Барлығы:
I компонент: 572 242
II компонент: 308 605

Жасөспірімдер	Жүкті әйелдер	Бала емізетін аналар
I компонент: 461 377 II компонент: 251 244	I компонент: 24 263 II компонент: 15 018	I компонент: 74 260 II компонент: 42 336

● ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Мемлекеттік қызметтер уақытша қолжетімсіз



Әсел
ДАҒЖАН

Алматы қаласында қалыптасқан жағдайға байланысты Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті бүгінгі күні жергілікті атқарушы органдардың 51 мемлекеттік қызметі «электрондық үкімет» порталында уақытша қолжетімсіз екендігін хабарлайды.

Мәселен, Кәсіпкерлік басқармасының барлық 28 мемлекеттік қызметі мен Жасыл экономика басқармасының 11 қызметі қолжетімсіз. Сондай-ақ, келесі мемлекеттік органдардың қызметтері қолжетімсіз:

Білім басқармасында – 3 қызмет («Білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау», «Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» және №80, 118, 172, 29, 98, 20, 59, 61 мектептерінде «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау»);

Спорт басқармасында – 2 қызмет («Жергілікті спорт федерацияларын аккредиттеу» «Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне кандидат, 1-разрядты спортшы спорттық разрядтарын беру»);

Әлеуметтік әл-ауқат басқармасында – 2 қызмет («Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау» және «Тұрғын үй көмегін тағайындау»);

Тұрғын үй саясаты басқармасында – 1 қызмет («Тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаждарды кезекке қою»). Мәдениет басқармасында – 1 қызмет («Мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік беру»);

Мәдениет басқармасы мен «Алматы қаласының мемлекеттік мұрағаты» КММ-нің 3 мемлекеттік қызмет көрсету қызметті берушінің кеңсесі арқылы уақытша қағаз түрінде жүзеге асырылады «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» (Алматы қ., Шуланова көшесі, 159), «Көркемөнерпаздар ұжымдарына «Халықтық» немесе «Үлгілі» атағын беруге өтінімдерді қабылдау» «Мемориалдық тақталарды орнатуға рұқсат беру» (Алматы қ., Достық даңғылы, 56).

Аудан әкімдіктерінің мемлекеттік қызметтері бойынша бүгінгі күні спорттық разрядтар беру, азаматтарды әскерге шақыруды кейінге қалдыру және әскерге шақырудан босату бойынша 3 қызмет қолжетімсіз. Дегенмен, АХАТ мемлекеттік қызметтерін қала азаматтары ХҚКО-ның аудандық бөлімдерінен ала алады. Негізінде қаланың жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызметтердің 167 түрін көрсетеді.

Алматы қаласы цифрландыру басқармасының айтуынша, жоғарыда аталған мемлекеттік қызметтерді «электрондық үкімет» порталы арқылы көрсету жақын арада қалпына келтіріледі.

«Dandy company»: ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 58-бабына сәйкес 2022 жылдың ақпанның 4 жұлдызынан бастап жұмыс жобасының «Бизнес орталығы мына мекенжай бойынша, Медеу ауданы, Радлов көшесі, 71/1» жобасы бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында сайтында танысуға болады. Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында қабылданады.

Алматы қаласы Медеу аудандық Ардагерлер кеңесі Кеңестік, Қазақ Мемлекеттік және Партия жетекшісі, Қазақстан Компартиясының Алматы облыстық комитетінің бірінші хатшысы, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты
Кенес Мұстаханұлы АУХАДИЕВТІҢ
қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарына орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

ЖОТАДА ЖЫЛАН ЖОРТЫП ЖҮР

«Сары аяз» амалы бітуге жақын. Бірақ алда «Білмесең білдірем, білсең бұлдірем» деген айбынды ақпан айы келе жатыр



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТУЛЫ

Қаңтар айының 3-і. Шатқалда жылан жортып жүр...

Жыланның қыстыгүні қар бетінде жорғалағаны қыс жылы болады дегенді білдіреді екен. Қарда жылан жорғаласа, Мәшһүр Жүсіп бабамыз айтқандай, «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заман» басталып, қазағым мамыражай тыныштыққа, Жаратқанның жылуына бөленіп, бақытты шаққа енетін көрінеді...

Қыстың 40 күндік шілдесі 5 ақпан күні шығады. Бірақ қытымыр күндер әлі жалғаса бермек. Алдымызда ақпан айы келе жатыр. Бұл айдың «білмесең білдірем, білсең бұлдірем» деген ұраны бар. Десе дегендей, бабалар жаңсақ айтпайды. Ұрпағын аман сақтаймын, көбейтемін деп талай қиын кезеңді басынан өткеріп жүріп жинақтаған тәжірибенің түйіні ғой бұл тәмсілдер.

Аптығып жеткен ақпанның ашу мінезін, асау қылығын көрсетуі ғажап емес. Алдағы айда атақты «ақпан» амалы бар. Ол айдың 10–15 аралығында жүреді. «Жылқышы», «Ақ құрық» деген жанама аттары бар. Оның аржағында атақты «Бөрісырғақ» тұр.

Қазақта «Үш бунақ» деген табиғат есебі бар. Жылды жылы, ыстық, суық деп үш мезгілге бөліп қарастырады. Бас бунақ – шамамен ақпанның 9-ынан маусымның 9-ына дейін (қара қатқақ ащы өзек), орта бунақ – маусымның 9-ы мен қазанның 9-ы аралығы (тұяқ терлеп, қой күрлеп), аяқ бунақ қазанның 9-ы мен ақпанның 9-ы аралығы (тоқты тоймас, шөміш кеппес деп аталған). Енді екі аптадан кейін бас бунақ басталады. Қар еріп, лайсаң, қатқақ кез көрініс береді. Қанша дегенмен, табиғат жылылыққа бейімделеді. Бұл күн жылынып кетеді дегеніміз емес. Жоғарыда айтқан амалдар кезек-кезегімен көрініс беретіні күмәнсіз.

Табиғат құбылыстары мен ауа райын бақылауда халықтың өзіндік тәжірибелері мен болжамдары барын білеміз. Сонымен қатар, терминдері, қағидалары да бар. Айталық, жазда: жаймашуақ, ыстық, қапырық, қайнап тұр, күйіп тұр, аспан айналп жерге түскендей, ми қайнататын ыстық десе, көктемде: шуақ, май тоңғысыз, шыбынсыз жаз, қыста үскірік, бет қаратпас аяз, «тіпу» десе түкірік жерге түспес суық, ақ түтек, ат құлағы көрінбейтін боран, сырғыма, жаяу борасын, күзде: «қара суық», қарашаның ызғары, жазғытұрым: «самал жел», көктемде: «алтын күрек», сіркіреген жауынды «соқыр жаңбыр», жаумайтын бұлтты «қысыр бұлт», наурыз айындағы ұзарған күнді «ұзынсары», т.б. деп айтатын халықтың әдемі теңеулері жетерлік.



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Ақпан айы туралы айтқандарынан:

- * «Қаңтар аяз айы, ақпан боран айы»;
- * «Ақпан алдамшы. Бір бүйіріңді қыздырса, екінші бүйіріңді мұздатады»;
- * «Бір қолымен маңайдан сипап, екінші қолымен маңайдан шертеді»;
- * «Жақсылығына барса – құт, жамандығына барса – жұт» деп айтқан;
- * «Ақпанда күн ат адым ұзарады».

Осы маржан сөздерді неге қолданбасақ! Орыстар сияқты етті де, бетті де «свежий» дегенше, «күн «жаймашуақ» екен, бүгін «Алтын күрек» басталды, «ұзынсары» келетін уақыт та жақын қалды» деп неге барымызды базар етпейміз. Қазақтың тілі әлемдегі ең бай тілдің бірі (Бірақ сөйлейтіндер аз!). Бір ғана адамның беті туралы 24 сөз бар. Оларды біз қолданбасақ, кім қолданады?!

Ақпан – «ақ ықпа» сөзінен шыққан. Ақпандағы ауа райы аумалы-төкпелі, құбылмалы. Ақ ықпа сол мағынаны білдіреді. Біздің данагөй бабаларымыз қаңтар мен ақпанға мынандай сипат берген:

Қаңтар бөгет салады, оны ақпан бұзады. Ақпан – қайталаманың ақ бораны.

Ақпан тұрақсыз: кейде аяздың беті қайтып, сынады, кейде аспан түнеріп, жапалақтап қар жауады. Оның бұрқасынды да, шуақты күндері алма кезек. Ақпанда қыс пен көктем белдеседі. Қаңтарда бұрқасын, боран тәулік бойы соқса, ақпанда түнде, таң алдында соғады.

Ақпан борандайды, келер наурыз – жылауық. Ақпан аяғында аяз айылын жиып, қыс қаһарынан айырылады. Ақпандағы ауа райы: Ақпан – жылдың қысқа айы. Кейде 28, кейде 29 күннен бітеді. Кешкісін аспанда жұлдыз быжынап көрінсе, қыстың ұзаққа созылуы мүмкін. Қырау түспей, күн желді болса, боран соғады. Жұлдыз жымыңдаса, боран соғады, жарқыраса аяз тұрады, күнгірттенсе күн жылырақ болады. Қарағаш бұтағына жабысып түспесе, күн жылынады. Салқын және ылғалды болса, келер тамыз – ыстық болады. Бабалар тәжірибесінен жинақталған пайым осылай дейді.

Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, қаңтардың 27-сі, ай есебіне жүгінсек, айдың 24-і, ал қазақша айдың 10-ы. Апта айдың соңы мен басына дөп келіп тұр. Тәжірибеге сүйенсек, айдың соңы мен басында тұрақсыз ауа райын көріп жүрміз. Қаңтардың 27-сі мен ақпанның 3-і аралығында күн салқындап, қар жаууы ғажап емес...

ЖҮЛДЫЗ-ЖОРАМАЛ

(27 қаңтар – 3 ақпан)

Токты
(21.03–20.04)

Ақшаңызға абай болыңыз. Осы аптада сіз әдеттегіден гөрі жеңілтек болуға бейімсіз және маңызды соманы ұсақ-түйекке жұмсай саласыз. Қомақты зат сатып алар алдында сенімді адамдармен кеңесіңіз. Жұмыста сәттілік күтеді. Қызықты іскерлік ұсыныстар болуы ықтимал.

Торпақ
(21.04–21.05)

Аптаның бірінші жартысы өте жемісті болмақ. Сіз уақытты босқа өткізбейсіз және көптеген қиын, соның ішінде басқалардың қолынан келмейтін тапсырмалармен тамаша жұмыс істейсіз. Ұйымдастырушылыққа қатысты кейбір мәселелерді шешуге болады.

Егіздер
(22.05–21.06)

Бұл күндері өз қалауыңызды шектеудің қажеті жоқ. Жакындарыңыз сізді толығымен қолдайды. Сізді ескі достарыңызбен кездесулер күтіп тұр. Кәсіби салада ешқандай елеулі өзгерістер болмайды.

Шаян
(22.06–23.07)

Сүйікті адаммен қарым-қатынаста жаңа нәрсе ашуға мүмкіндік бар. Ол үшін өз қалауыңызды жасырмаңыз. Достар қызғанышқа себепкер болуы мүмкін, сондықтан тіпті жеңіл флиртке жол бермеңіз. Жалпы, апта сәтті болатынына сенімді болыңыз.

Арыстан
(24.07–23.08)

Жақын адамдарға немқұрайды қарамаңыз. Өз мінез-құлқыңызбен немесе сөзіңізбен оларды ренжітіп алуыңыз мүмкін. Қызметте жақсы мүмкіндіктер тууы ықтимал. Бірақ бір уақытта бірнеше кемеңгі құйрығын ұстамаңыз.

Бикеш
(24.08–23.09)

Осы апта іскерлік кездесулер, келіссөздер, қағаздарға қол қою үшін қолайлы болмақ. Жұмыста оқиғаны жылдамдатуың қажеті жоқ. Басталған істерді жалғастыру керек. Мүмкіндік болса, демалыс уақытын пайдаланыңыз. Шығындарды мұқият бақылау артық етпейді.

Таразы
(24.09–23.10)

Кәсіби деңгейде сәтсіздікке ұрынуды қаламаңыз, ойланбай қадам жасамаңыз. Күн белсенді іс-әрекетке немесе жаңа істерді бастауға ыңғайсыз, орасан зор жоспарлар құрмаңыз. Жеке қарым-қатынаста жағдай әлдеқайда жақсы.

Сарышаян
(24.10–22.11)

Бастаманы неғұрлым аз көтерсеңіз, соғұрлым жақсы. Адамдармен қарым-қатынаста немесе іскерлік келіссөздерде объективті көзқарасты жоғалтып алу қаупі бар. Ниетіңіз жақсы болса да, қорытынды жақсы болмауы мүмкін. Алдымен жақсылап ойланыңыз, содан кейін әрекет етіңіз.

Мерген
(23.11–21.12)

Арманыңызға қол жеткізу үшін сізге жанталасуға тура келеді. Нәтижесінде жұмсалған күш толығымен өзін ақтайды. Махаббат майданында өзімшілдік танытпасаңыз, бәрі тамаша болады.

Тәуешкі
(22.12–20.01)

Сіздің иығыңызға көп проблема артылады және сіз оны жақын арада шеше алмайсыз. Әріптестеріңізбен қарым-қатынасты анықтаудан аулақ болыңыз. Үндемеген үйдей пәледен құтылатынын есте ұстағаныңыз абзал.

Суқұйғыш
(21.01–19.02)

Қазіргі таңда сіз үшін кез келген салада атаққа ие бола алатын уақыт. Ең маңызды істерді, келіссөздер мен кездесулерді белгілеңіз. Махаббат тұрғысында ешқандай келеңсіздік болмайды. Жағымды тосын сыймен қуануыңыз мүмкін.

Балықтар
(20.02–20.03)

Басқалардың мүдделерін өзіңіздікінен жоғары қоюға тура келуі мүмкін. Бұл көңіл күйіңізді көтеруі екіталай, бірақ болашаққа сеніммен қарау керек. Жақын арада жағдай өзгереді және сізге бұл құрбандығыңыз еселеп қайтады. Бұл махаббатқа да қатысты. Серігіңізге қамқорлық танытып, назар аударыңыз.

Әзірлеген Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

САУАЛНАМА



Алматы оқушылары қай салаға бейім?

Кеңес заманының бұлдіршіндері мұғалім не дәрігер болуға, әскери форма киіп офицер атануға қызығатын. Бұл мамандықтарға деген сұраныс та өте жоғары еді. Алайда, бүгінгі күні осыдан 10 жыл бұрын болмаған кәсіптер олардың орнын басуда. Заман келбетіне қарай оқушылардың да қызығушылығы жаңа салаларға қарай ойысуда.



Динара ОРЫНБАЕВА,
Абай атындағы РММИ мұғалімі:

– Президентіміз Қ.Тоқаев өз сөзінде техникалық мамандықтарды дамыту керектігін айтты. Мен Президентіміздің Үндеуіне толық қосыламын. Қазіргі оқушыларды жаратылыстану саласына бейімдей тәрбиелеуіміз керек. Себебі, заман талабы солай. Зерттеулерге сүйенсек, болашақта психологияға қатысты мамандықтар да сұранысқа ие болады. Сондықтан бұл саланы да ұмытпаған жөн. Биылғы мен жетекшілік ететін 11-сынып оқушыларының 40%-ы филология бағытын (бұл, әрине, мектептің бағытына байланысты), 40%-ы техникалық мамандықты, 20%-ы ағылшын тіліне қатысты мамандықты таңдап отыр.



Ұлдана ДОСЫМБЕТ,
№199 гимназия мұғалімі:

– Қазіргі кезде адамдардың барлығы біле бермейтін түрлі жаңа мамандықтар мен салалар бар. Алматы оқушылары көбінесе шет тілдері саласына бейім. Себебі, олар ағылшын тілінің ХХІ ғасырда үлкен сұранысқа ие екендігін біледі. Ата-аналар да өз балаларының шет тілін жетік меңгергенін қалайды және осы мақсатта уақыт пен қаражаттарын аямайды. Мысалы, қазіргі оқушылар тек ағылшын тілімен шектелмей, оған қоса итальян, испан, түрік, неміс, корей сияқты тілдерді меңгеру үшін қосымша сабақтарға, үйірмелерге барады.

Дайындаған Досбол АТАЖАН.